

Г. Көкебаева Р. Мырзабекова Е. Қартабаева



ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

(Орта ғасырлар)

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы "Мектеп" 2017

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72
К67

Көкебаева Г., т.б.

К67 Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Г. Көкебаева, Р. Мырзабекова, Е. Қартабаева. — Алматы: Мектеп, 2017. — 176 б.

ISBN 978—601—07—0871—6

К $\frac{4306020600—115}{404(05)—17}$ 22(1)—17

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72

© Көкебаева Г., Мырзабекова Р.,
Қартабаева Е., 2017

© “Мектеп” баспасы, көркем
бейнеленген, 2017

Барлық құқықтары қорғалған
Басатынынның мүлкілік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—0871—6

I бөлім
ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР



II бөлім
ДАМЫҒАН ОРТА
ҒАСЫРЛАР

III бөлім
КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР



МАЗМҰНЫ



АЛҒЫ СӨЗ 6

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР

Рим империясының құлауы

- § 1. Тарихтағы орта ғасырлар түсінігі 8
- § 2. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының құлауы ... 13
- § 3. V—X ғасырлардағы Византия империясы ... 21
- § 4. Киев Русінің құрылуы 27

Феодалдық құрылыстың ерекшеліктері

- § 5. Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері 32
- § 6. Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы 35
- § 7. Ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері 38

Ислам тарихы

- § 8. Ислам дінінің пайда болуы 42
- § 9. Араб халифаты. Мұсылман әлемі мәдениетінің дамуы 47

ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР

Крест жорықтары

- § 10. Крест жорықтарының себептері, барысы мен салдарлары 54
- § 11. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі ... 61

Монғолдар

- § 12. Шыңғыс хан 64
- § 13. Монғол империясының құрылуы 68
- § 14. Монғолдардың әскери өнері 72
- § 15. Еуразияның саяси картасының өзгеруіне монғол жаулаушылықтарының әсері 76

XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам

- § 16. Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі 84
- § 17. Феодалдық соғыстар 88

§ 18. Жанна д'Арк	92
§ 19. Еуропадағы орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы	94
КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР	
Батыс пен Шығыстағы абсолютизм	
§ 20. Феодалдық мемлекеттің даму кезеңдері ...	98
§ 21. Англия, Франция және Ресейдегі абсолютизм ерекшеліктері	102
§ 22. Қытай мен Жапонияның саяси жүйесіндегі ерекшеліктер	107
§ 23. Осман империясының орталықтандырылған басқару жүйесі	115
Сауда, колөнер және әлемді игеру	
§ 24. Ұлы Жібек жолы. Халықаралық сауда мен саяхаттар	120
§ 25. XV ғасырдың соңы — XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашылулар мен олардың салдарлары	128
§ 26. XV ғасырдағы Америка халықтары. Алғашқы отарлық империялар (Португалия, Испания)	133
Қайта өрлеу дәуірі	
§ 27. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті	138
§ 28. Гуманистер идеялары	143
§ 29. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті	147
§ 30. Реформацияның себептері және оның Еуропа елдеріне таратуы	151
§ 31. Мартин Лютер наразылығының тарихи маңызы	154
§ 32. Еуропадағы реформациямен күрес және реформация қорытындылары	156
Ғылыми төңкеріс	
§ 33. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және олардың ізбасарлары	160
§ 34. Ғылыми білімдердің дамуы	163
Орта ғасырлар тарихы бойынша тест сұрақтары	168



АЛҒЫ СӨЗ


Қымбатты оқушылар!

Сендер өткен оқу жылында Ежелгі дүние тарихын оқыдыңдар. Ал ұсынылып отырған оқулықта орта ғасырлардағы мемлекеттердің және халықтардың тарихымен танысасындар. Сондай-ақ мұнда Вальтер Скоттың, Александр Дюманың кітаптарында суреттелген серілердің іс-әрекетін сипаттаған қызықты мағлұматтар берілген. Ежелгі дүниеде болған мемлекеттердің басым бөлігінің аты тек кітаптарда сақталып қалса, орта ғасырлардағы мемлекеттердің көпшілігі күні бүгінге дейін өмір сүріп жатқанын білесіңдер.

Сендер бпшлғы оқу жылында сонау V ғасырдың аяғынан XVII ғасырдың ортасына дейін созылған тарихи кезендерге шолу жасайсындар. Осы оқулықтан алған білімдерің келешекте қоғам дамуын зерделеуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Білім жолындағы қадамдарыңа сәттілік тілейміз, жас достар!

I бөлім
**ЕРТЕ
ОРТА
ҒАСЫРЛАР**



РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

§1. ТАРИХТАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТҮСІНІГІ

Бұл сабақта:

- орта ғасырлар түсінігінің мәнін анықтаймыз;
- орта ғасырлар тарихының хронологиялық шеңберін анықтаймыз және оны уақыт сызығына саламыз;
- “ерте, дамыған және кейінгі орта ғасырлар” түсініктерімен танысамыз.

Тірек сөздер

Орта ғасырлар
“Қара түнек” кезең
Гуманистер
Қайта өрлеу
Жаңа дәуір
Ерте орта ғасырлар
Дамыған орта ғасырлар
Кейінгі орта ғасырлар

Ежелгі Рим тәртіптің, мәдениетті өмірдің бейнесі сияқты болды. Римнің күйреуі антикалық мәдениеттің де күйреуіне әкелді. Еуропада антикалық өнер, философия, ғылым ұмытылды, ежелгі сәулет өнерінің ескерткіштері қирап жатты. Сондықтан бұл кезеңді адамдардың көпшілігі “қара түнек” кезең, яғни каталдық пен надандық кезеңі деп ұқты.

Римдік тәртіп пен мәдениет Еуропаның солтүстігінен келген римдіктер *варварлар* деп атаған герман тайпаларының шабуылынан күйреді. Варвар деген атау Ежелгі Грекиядан шықты. Гректер өз мемлекетін, тілін, өнерін, жалпы өздері жасағанның барлығын ең жақсы үлгі деп санады. Сондықтан олар грек тілінде сөйлемейтін бөтен халықтарды варварлар деп атады. Римдіктер де гректер сияқты, шегарадан арғы жерлердегі бейтаныс халықтарды осылай атады. Бұлар Рим мемлекетінен тыс жерлерде өмір сүрген герман тайпалары, кельттер (бриттер, скоттар, пиктар), славяндар еді. Гректер мен римдіктер бұл халықтарды варварлар деп атаса да, бұл халықтардың өз тарихы, ой-армандары, өз Отандары болды. Олар Римге бағынбайтын жерлерде тұрып,

мал бағумен, егін егумен айналысты, өзіндік өнері мен салт-дәстүрлерін дамытты. Рим құлаған соң Еуропада бұрынғы антикалық және варварлық дәстүрлердің араласуынан туған жаңа қоғам пайда болды, ол қоғамды ғалымдар *феодализм* деп атады.



Орта ғасырлардағы Рим

Феодализм — шартты жер иелену шілікке негізделген қоғамдық қатынастардың түрі.

Ойлан!

Орта ғасырлар түсінігі қалай пайда болды?

Осы қоғамның дамуы барысында қайтадан антикалық өнер мен ғылымға қызығушылық туды, ежелгі дүниенің ғылымы, сурет және сәулет өнері қалпына келтіріле бастады. Әдебиетте, өнер шығармаларында ежелгі заман суретшілері мен мүсіншілерінің адамды, өмірдің қуанышты сәттерін бейнелеген тақырыптары жаңғыртылды. Антикалық философтардың еңбектері қайтадан еске түсірілді. Орта ғасырлардың осы кезеңін **Қайта өрлеу дәуірі (Ренессанс)** деп атайды.

Антикалық мәдениет пен ғылымды қайта жаңғыртуға мұрындық болған, жеке адамның мүддесін қорғаған қоғам қайраткерлері мен жазушылар “гуманистер” деп аталды (лат. “гуманус” — *адамгершілікті* деген сөзден шыққан). Гуманистердің ойынша, Батыс Рим



Флавियो Бьондо

империясының құлауы антикалық мәдениет пен ғылымның күйреуімен ұласты, сол кезден бастап Қайта өрлеу дәуіріне дейін Еуропада “қара түнек” кезең болды. Гуманистердің өздері өмір сүрген кезең — Қайта өрлеу дәуірін адамзат тарихындағы “жана дәуір” деп санады. Сол антикалық дәуір мен жана дәуірдің арасын гуманистер *орта ғасырлар* деп атады. Орта ғасырлар түсінігін алғаш рет ғылымға итальяндық гуманист, тарихшы Флавио Бондо (1392—1463) енгізді.

Демек, Батыс Рим империясының құлауы, күшленушілік қоғамның ыдырауы адамзат тарихындағы орта ғасырлар деп аталған кезеңнің бастамасы болды.

Ойлан!

Орта ғасырлар тарихының мерзімдік шегі қандай?

Орта ғасырлар біздің заманымыздың V ғасырының соңынан XVII ғасырдың ортасына дейін созылған тарихи кезеңді қамтиды: V ғасырдың аяғы — Батыс Рим империясының күйреуі, XVII ғасырдың ортасы — жаңа қоғамға жол ашқан ағылшын революциясы. Орта ғасырларда күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан бірқатар мемлекеттер пайда болды.

Уақыт сызығы

Ежелгі дүние				Орта ғасырлар														Жана дәуір		Қазіргі заман			
3	2	1	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21
Б.з.б.			Біздің заманымыз																				

Орта ғасырлар тарихын үш сатыға бөледі:

1. Ерте орта ғасырлар (V ғ. — XI ғ. ортасы) герман тайпаларының Батыс Рим империясын басып алып, оның қол астындағы жерлерге жаппай қоныс аударуымен сипатталды. Бұл кезеңде Еуропада жаңа мемлекеттер пайда болып, феодалдық қоғам қалыптасты. Жаңа мемлекеттердің саяси өмірінде, мәдениеті мен рухани өмірінде римдік дәстүрлер мен германдық дәстүрлер араласты. Әлеуметтік жікке бөлінген монархиялар қалыптасты. Рухани өмірде христиан шіркеуінің ықпалы күшейе бастады. XI ғасырдың басында



ХІІ ғасырдағы Кентерберн соборының ішкі көрінісі

христиан шіркеуі баптыстық (католик) және шығыстық (православие) болып екіге бөлініп кетті. Саяси бытыранқылық басталды.

2. Дамыған орта ғасырлар (ХІ ғ. ортасы — ХV ғ.) қалалардың гүлденуімен және саяси-экономикалық, рухани өмірдегі жаңа өзгерістермен сипатталады. Адамның рухани өмірі, мәдениет, ғылым мен білім католик шіркеуінің қатаң бақылауында болды. Орталықтанған мемлекеттер құрылып, абсолюттік монархиялар қалыптасты.

3. Кейінгі орта ғасырлар (ХV ғ. екінші жартысы — ХVІІ ғ. ортасы) — феодализмнің ыдырауына және жаңа капиталистік қоғамның қалыптасуына әкелген түбірлі саяси-экономикалық және рухани өзгерістердің басталу кезеңі. Бұл кезде дін саласында реформация басталды. Гуманистік идеология қалыптасты. Ұлы географиялық ашылулар іске асып, еуропалықтар “Жаңа дүние” деп аталған Америка құрлығымен танысты. Еуропа елдері жаңадан ашылған жерлерді басып алып, отарларға айналдырды. Абсолютизм дағдарысқа ұшырады. Адамның жеке мүдделерін, табиғи құқықтарын қорғау жолындағы алғашқы революциялар басталды.



Анықта

Неліктен гуманистер орта ғасырларды “қара түнек” кезең деп атады?

Орта ғасырлар тарихы		
Ерте орта ғасырлар V ғ. — XI ғ. ортасы	Дамыған орта ғасырлар XI ғ. ортасы — XV ғ.	Кейінгі орта ғасырлар XV ғ. екінші жартысы — XVII ғ. ортасы
<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа мемлекеттер пайда болды. • Сословиелерге бөлінген монархиялар қалыптасты. • Христиан шіркеуі екіге бөлініп кетті. • Саяси бытыранқылық басталды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қалалар гүлденді. • Абсолюттік монархиялар қалыптасты. • Адамның бүкіл өмірі католик шіркеуінің қатаң бақылауында болды. • Орталықтанған мемлекеттер құрылды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Дін саласында реформация басталды. • Гуманистік идеология қалыптасты. • Ұлы географиялық ашылулар іске асты. • Абсолютизм дағдарысқа ұшырады.



Анықта:

Ғылымда және көркем әдебиетте орта ғасырларды қалай сипаттады?

Қара түнек орта ғасырлар	Жарқын орта ғасырлар
<p>Антикалық мәдениет, ғылым және білім ұмытылды.</p> <p>Адамның рухани өмірі толықтай шіркеуге бағындырылды.</p> <p>Ой-өрісі католик дінінің идеяларына сәйкес келмегендер отқа өртелді.</p> <p>Қарапайым халық сауатсыз, қараңғы болды.</p>	<p>Ортағасырлық серілер ерліктің, тектіліктің, өрліктің үлгісі саналды.</p> <p>Қиын-қыстау кезеңде елін жаудан аман алып қалған дана билеушілер болды.</p> <p>Өмір мен табиғаттың құпиясын түсінген ғалым монахтар деп танылды.</p> <p>Халық еңбекқор және мейірімді болды.</p>

Ойлан!

Орта ғасырларды “қара түнек” деуге де, “жарқын кезең” деуге де болады. Сен үшін қайсысы дұрыс?

Біліміңді тексер:

1. Орта ғасырлар түсінігі қалай пайда болды?
2. Гуманистер деген кімдер?
3. Уақыт сызығын пайдаланып, ежелгі дүние және орта ғасырлар кезеңдерінің мерзімдік шегін анықта.
4. Орта ғасырлар тарихы қандай сатыларға бөлінеді?

§2. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ҚОНЫС АУДАРУЫ ЖӘНЕ БАТЫС РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Рим империясындағы дағдарыс. Біздің заманымыздың III ғасырының соңында Рим қоғамында дағдарыс басталды. Қалалар тоқырап, қолөнер мен сауда құлдырады. Мемлекеттің қаржылық жағдайы төмендеді, асыл металды тенгелер азайды, алым-салық жинау күшейді. Мемлекеттік билік өзінің тұрақтылығын жоғалтты. Рим империясының экономикалық құлдырауы және саяси тұрақсыздығы адамдардың санасына әсер етті. Адамдар енді Рим құдайларына сенбейтін болды. Олар жаңа дін — христиандыққа бет бұра бастады.

Ішкі қарама-қайшылықтан әлсіреген империя сыртқы күштерге қарсы тұра алмады. III—IV ғасырларда римдіктер варварлар деп атаған герман тайпаларының жаулап алушылығы Римнің тағдырын шешті.

Герман тайпалары аңшылық пен мал-шаруашылығын меңгерді. Олардың өмірінде байлықтың рөлі үлкен болған жоқ. Барлығы бір-бірімен тең болды. Көсемдері, рубасылары, абыздары ғана аздаған артықшылықтарды пайдаланды. Герман тайпалары мемлекеттің не екендігін білген жоқ, дегенмен өркениеттің әсерінен тыс қала алмады. Себебі оларға саудагерлер мен дін уағыздаушылары келіп тұрды. Герман тайпаларына өркениеттің ықпалы күшті болды.

Ойлан!

Герман тайпаларында өркениеттің дамуына не себеп болды?

Бұл сабақта:

- Батыс Рим империясының құлау себептерін анықтаймыз;
- Герман тайпалары негізін қалаған “варварлық мемлекеттер” тарихымен танысамыз.

Тірек сөздер

Варварлар
Рим империясы
Лимес
Герман тайпалары
Тинг
Халықтардың Ұлы қоныс аударуы

Христиан дінінің қалыптасуы. Рим империясы 313 жылы император Константиннің бұйрығымен Милан эдиктісі (заңнамасы) бойынша христиан дінін уағыздауға ресми түрде рұқсат берді. Себебі император Диоклетян (284—305) негізін қалаған доминат жүйесіне идеологиялық тірек қажет болды. Сонымен қатар мемлекеттік билік



Рим империясының дағдарысы кезіндегі Колизей

жаңа діннен өзіне одақтас іздеді. Христиан дінінің қалыптасуы IV ғасыр бойы жалғасын тауып, Феодосия билігі кезінде аяқталды. Шіркеу Константин мен Феодосия императорларға *Ұлы* деген қосымша атақ берді.

Христиан діні ресми дінге айналған соң шіркеу салықтан босатылды, сот билігін берді. Әр аймақтан түсетін салықтың бір бөлігі шіркеуге беріліп отырды. Бұл шіркеудің экономикалық қуатын арттырды. Христиан дінін күшейте отырып, император Константин қоғамды біріктіру, доминат жүйесін нығайту, мемлекеттік билікті жетілдіру сияқты саяси мақсаттарды көздеді.

Христиан дінін заңдастыруға қарсы империяда наразылықтар орын алды. Сондықтан бұл қауіптің алдын алу үшін 325 жылы Никея қаласында империяның барлық шіркеу басшылары шақырылды. Бұл Бірінші Әлемдік Собор деген атаумен тарихта қалды. Бұл жиынның жұмысына императордың өзі қатысты. Ұзақ пікірталасан кейін собор ересьтің барлық түріне тыйым салды. Батыста христиан дінінің католиктік бағытын қолдамайтындарды “ересь — күпірлер”, яғни *құдайсыздар* деп есептеді. Соборда христиан дінінің негізі болған “сенім белгісі” қабылданды, діни мейрамдардың түрі мен өткізілу реті белгіленіп, христиан дінін ұстанушылардың 20 ережесі қабылданды. Собор аяқталғаннан кейін император Константин арнайы ережелер қабылдап, собор шешіміне мемлекеттік сипат берді.

Сонымен Константин дәуірінде христиан дінінің дамуы үшін негізгі бағыттар анықталды:

— жана дінге артықшылықтар берілді;

— шіркеу мен мемлекет арасында өзара ықпалдастық қалыптасып, одактасқа айналды.

IV ғасырдың соңына қарай Рим империясы христиандық империяға айналды. Христиан діні империяның барлық саласына енді, тұрғындардың ақыл-ойы мен жүрегін жаулап алды. Пұтка табынушылар тарихи аренадағы өз орнын жоғалтты, саяси күш ретінде жойылды. Шіркеу тәуелсіз институтқа айналды. Шіркеу саясаты мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болды.



Г. Лейтеманн. Вандал тайпаларының Римші басып алуы

V ғасырдың соңында варварлық патшалықтардың корольдары да христиан дінін қабылдай бастады. Мысалы, франк королі — Хлодвиг 496 жылы шоқынды. Варвар корольдарының ішінде Хлодвиг алғашқылардың бірі болып шоқындып, христиан дінін қабылдап, жергілікті тұрғындар мен шіркеудің қолдауына ие болды. Христиан дінін қабылдауын құп көрген Византия императоры Хлодвигке король билігінің белгілерін жіберді.

Ежелгі германдықтардағы рулық-тайпалық қатынастардың ыдырауы. Германдықтарда сақталып келген теңдік мәңгі жалғаса беруі мүмкін емес еді. Германдықтар қоғамында ақсүйектер пайда болды. Тайпа ішінде рубасыларға қарағанда ерліктерімен даңқы шыққан әскери көсемдердің ықпалы жоғары болды. Жорық сәтті аяқталса, көсем қолға түскен байлықтан үлесті көп алды.

Біздің дәуіріміздің басында германдықтар Рейн, Одер, Дунай өзендерінің аралығындағы кеңістікті қоныстап үлгерді. Олардың ішінде ең алысқа кеткен гот тайпасы болды. Олар Балтық жағалауынан Азов және Қара теңіз төңірегіндегі далаларға келіп тоқтады. Мұнда олар көне замандағы скифтердің ұрпақтарын бағындырды. Готтарға шығыс славяндардың ата-бабалары да тізе бүкті.

Бір-біріне жақын бірнеше отбасынан ру құралды. Бірнеше ру тайпаға бірікті. Ортақ жаумен соғысар алдында бірнеше тайпалар



Ромул Августул

үлкен одақ құрды. Тайпадағы барлық ересек ер адамдар бір-бірімен тең құқылы, басы азат деп есептелді. Маңызды мәселелердің барлығы тайпа жиналысы — *тингте* шешілді. Германдықтар барлық пұтқа табынушылар сияқты құдайлар көп дегенге сенді, бірақ шіркеулер салған жоқ. Сонымен герман тайпаларының қоғамдық құрылымы рулық-қауымдық сатыда болды.

Батыс Рим империясының құлауы және варварлық мемлекеттердің пайда болуы. Герман тайпаларының Рим империясының аумағына басып кіруі IV ғасырдың соңында жаппай сипат алғандықтан, IV—VII ғасырлардың аралығын “Халықтардың Ұлы қоныс аудару” уақыты деп атайды. Осы уақыт аралығында герман тайпалары жүздеген жылдар бойы жайлаған өлкелерін тастап, жаңа жерлер жаулап алуға аттанды.

Бұл кезде соғыс герман тайпалары үшін тұрақты кәсіпке айналды. Герман тайпаларын Рим империясының ұлан-байтақ жерлері және бай қалалары қызықтырды. Германдықтардың шапқыншылығынан қорғану үшін римдіктер империя мен герман тайпаларының арасындағы шегараны нығайтты. Шегараға топырақ үйіп, ор қазып, тас қабырғалармен қоршалған әскери лагерьлер орнатты. Шегара бойындағы мұндай бекіністерін римдіктер *лимес* деп атаған.

IV ғасырдың соңы мен V ғасырдың басында империя мен герман тайпалары күшінің арасалмағы тез өзгере бастады да, шегара жойылып, лимес құлады. Еуропаның картасы танымастай өзгерді. Шапқыншылықтың толқыны Батыс Рим империясын жойып жіберіп, орнына германдықтардың корольдықтары пайда болды. Ұлы Рим империясы құлап, Еуропа орта ғасырларға аяқ басты.

395 жылы Рим империясы батыс және шығыс болып бөлінгенде, батыс бөлігінің императоры Гонорий әлі жас болғандықтан, басқарудың ауыртпалығы оның қамқоршысы, қолбасшы Стилихонға түсті. Стилихонның өзі германдықтардың вандал тайпасынан шыққан еді. Стилихонға варвар ретінде сенбеген император Гонорий оны өлтіруге бұйрық берді. 408 жылы Римнің атакты қолбасшысы Стилихон өлтірілген соң, вестготтар шабуылы күшейді. Стилихон өлгеннен кейін варварлардың басып енуінен Рим қорғанысын басқаратын ешкім болмады. Гонорий өзінің бекінісі күшті астанасы — Равеннадан вестготтардың көсемі Аларихтің басқаруымен Римнің қорғанына қалай жақындап келгенін шарасыз күйде бақылап отырды. Римнің қуатты қорғанын бұзуға Аларихтің күші жетпе гендіктен, ол қаланы ұзақ уақыт қоршауда ұстап тұруға

бекінді. “Мәңгілік қаланың” қақпасын варварларға кім ашқаны белгісіз. Вестготтар қаланы үш күн бойы тонады.

475 жылы Римде император болып Ромул Августул жарияланды. 476 жылы қолбасшылардың бірі варвар Одоакр бүлік жасап, императорды тақтан түсіріп, Неапольға жер аударды. Ол соңғы император еді. Сонымен Батыс Рим империясы 476 жылы жойылды, Византия деп аталған Шығыс Рим империясы 1453 жылға дейін өмір сүрді.

Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі ғұндар. Жазба және археологиялық деректер бойынша түркі тайпасы — ғұндар Еуропаға Орталық Азиядан келген. Ғұндар — түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының арғы ата-бабалары. Бұл — ғылымда дәлелденген пікір. Мысалы, ғұндарды түркілердің ата-бабалары екенін атақты ғалым Бернштам өз еңбегінде жазған.

IV ғасырдың 70-жылдары ғұндар Солтүстік Қара теңіз өңірінде пайда бола бастады. Олар алғаш рет Азов теңізі өңірін мекендеген аландарды бағындырды. Сонымен батыс ғұндарға Еділ мен Дунайға дейінгі жерлер бағынды.

Осы уақытта ғұндар мен Шығыс Рим империясы арасында қақтығыстар орын алды. Батыс Рим империясымен олардың байланыстары бейбіт негізде құрыла бастады, себебі ғұндардың жалдамалы жауынгерлері, әсіресе V ғасырдың 20-жылдары Рим әскерлерінің белгілі бір бөлігін құрады. V ғасырда ғұндар Паннонияға (кейінгі Венгрия, Австрия, Югославияның кейбір аймақтарына) орналасты да, бұл аймақ Батыстағы Ғұн империясының орталығына айналды. Ғұн билеушісі Аттила (шамамен 395 жылы туылып, 453 жылы қайтыс болған) Батыс Рим империясына байланысты тәуелсіз саясат жүргізе бастады. Аттила билік құрған 434—453 жылдар аралығында ғұн державасының аумағы барынша кеңейіп, өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Грек және Рим деректері Аттиланың бірнеше ұрпақ бойы ғұндарды билеген патша руынан шыққанын көрсетеді.

434 жылы Руа қаған қайтыс болғаннан кейін ғұндарға ағасы Мундуктың балалары Аттила мен Бледа басшылық етті. 444 жылы Бледаның өлімінен кейін, Аттила бірден-бір билеушіге айналды. 435—436 жылдары Аттила басқарған ғұндар Римге бағынышты болған Майн мен Рейн өзендері аралығындағы бургундтар патшалығын қосып алды.

Византияның V ғасырдағы тарихшысы грек Приск Панийский “Византия тарихы” атты еңбегінде Аттиланы ірі мемлекет тұлғасы, дана билеуші ретінде сипаттайды. Приск Панийский Аттила мемлекетін Римнің қауіпті бақталасы ретінде сипаттаған.

Ғұндар көшпелі мал өсірушілер болды. Рулық-тайпалық құрылыс жағдайында өмір сүрді. Жер бүкіл тайпа иелігінде болды. Ғұндар бір мәселені шешу үшін көпшілік кеңесіне жиналып отырған, соғыс жағдайында әскери көсемдерді сайлаған. Аммиан Марцеллин ғұндардың жауынгерлік қасиетін: “Өздеріне қауіп төнсе, соғысуға шақырады. Соғысқан кезде жауын шеңберлей құрсауға алып, қатты ашулы дауыстар шығарады. Оңай және айлакерлікпен қасақана бытырап кетіп, майдан шебін бұзбаған күйі жауларын оң-оңай жеңеді. Олардың жау бекінісін қалай алғанын бақылау мүмкін емес, олар қас-қағым сәтте-ақ дүнненің астан-кестенің шығарады”, — деп баяндайды.

Ғұндар әскери өнері жағынан нағыз жауынгер халық болған. Соғысты алыстан ататын ұшы өткір жебе мен мықты садақ арқылы жүргізген. Қоян-қолтық шайқаста ешкім олардай қылышпен шебер соғыса алмайды. Жауының қашып құтылуына мүмкіндік бермес үшін арқан мен тұзақ алып жүреді.

Ғұндар туралы мәліметтерді гот тарихшысы Иорданнан да кездестіруге болады: “Олар аласа бойлы, кең нықты, бірақ шапшаң қимылдайды. Ат үстінде өздерін өте мықты ұстайды. Садақ атуға шебер, тәкаппарлана тік жүреді”.

Ғұндардың соғысқа жарамсыздары үй шаруасымен айналысады. Ал жастар айбынды жауынгерлерге айналады. Олардың құлдар туралы, тіпті де ұғымы жоқ, себебі — олар бәрі бір тектен шыққан ақсүйектер.

Батыста Аттила өлімінен соң патшалық оның ұлдары арасында бөліске түсті. Ғұндар төменгі Дунайда тұрақтап қалды. Каспий, Қара теңіз, Орал, Арал теңізіне дейінгі аймақ ғұндардың шығыс бөлігі ретінде өмір сүрді. Жалпы ғұн державасы Батыс Еуропа тарихында үлкен із қалдырды.

Ғұндар тек жаулаушылар емес, Шығыс мәдениетінің белгілерін Батысқа әкелушілер болды. Мысалы, ғұн қару-жарақтарының үлгілері — бір жүзді қылыштар мен қанжарлар, үшкір басты жебелер және атәбзелін ғұндарға дейін Еуропа білмеген болатын. Ғұндар қару-жарағында ерекше орын алған садақ пен жебені жетілдіруде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Өте қатты әрі созылмалы ағаштан жасалған ерекше үлгідегі садақтар 150 м-ден артық қашықтықтағы нысанаға дейін жететін. Ғұндар ат үстінде шауып бара жатып, тік бағытта да, бұрылып та, бір сәтте бірнеше жебе ата алатын. Бұл тәсіл кейінірек түркі халықтарының атты әскеріне де тән болды. Бұл тәсілді XVII ғасырда Осман империясының әскері де қолданды.

Франктер. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Батыс Еуропадағы варварлық мемлекеттердің ең қуаттысы франктер болды. Франктер 486 жылы Солтүстік Галлияға келді. Франктер герман тайпаларының үлкен тобына жатады. Франктердің басында франк патшалығының негізін қалаған, Мервей руынан шыққан — 19 жасар Хлодвиг тұрды. (Хлод-Виг — “соғыста даңқы шыққан” дегенді білдіреді). Мервей руының ұрпағы басқарғандықтан V ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасыр аралығын *Меровингтер патшалығы* деп атады. Бұл әулеттің патшалары салт-дәстүр бойынша ұзын шаш өсірді. Ол наным-сенімге байланысты болды. Хлодвиг — франк патшаларының арасында бірінші болып шоқынған адам.

Ойлан!

Франктер мемлекеті қай жерде құрылды?

Хлодвигтің тұсындағы негізгі әскер — жаяу әскер болды. Жыл сайын наурыз айында бүкіл франк халқы король алдында қаруларын тексеру үшін жиналуға міндетті болды. Бұл көктемдік жиын “наурыз алаңы” деп атала бастады. Франк тайпалары Галлияны жаулап алғаннан кейін мемлекеттің даму жолын реттеу қажеттілігі туды. Осы мақсатта “Салий заңы” жазылды. VII ғасырдағы франктердің негізгі кәсібі егіншілік болды.

Хлодвигтің ұрпақтары билігінің соңында “жалқау корольдар” деген атақ алды. Себебі олар билікке араласпады. Билік “майордомдар” деп аталатын үй басқарушыларының қолына өтті.

Ойлан!

Майордомдар деген кімдер?

Пипиндер әулетінен шыққан майордом Франк мемлекетінің билеушісі болғаннан кейін, франк корольдарының — жаңа әулеттің негізі қаланды. Бұл әулет өз өкілдерінің ең танымалы Ұлы Карлдың есімімен “Каролингтер әулеті” деген атқа ие болды. VII ғасырдың аяғынан IX ғасырдың ортасына дейін Каролингтер әулетінің өкілдері Франк мемлекетін майордом ретінде, кейін корольдар ретінде басқарды.

Каролинг империясы IX ғасырға қарай сыртқы жаулардың соққысынан және ішкі ыдырау себептерінен тез құлдырай бастады. 843 жылы Ұлы Карлдың балалары Верден қаласында жиналып, империяны қайтадан бөлісу жөнінде шарт жасасты. Бұл бөліс сол кездегі Каролингтік империяның шеңберінде қалыптаса бастаған француз, герман және итальян халықтарының орналасу

шегараларына сәйкес келгендіктен, Верден келісімі іс жүзінде қазіргі Еуропаның үш мемлекеті — Франция, Германия, Италияның қалыптасуының негізін қалады.

Картамен жұмыс:

1. Картадан кельттер мен германдықтар орналасқан аймақтарды көрсет.
2. Герман тайп аларының негізгі одақтары кімдер, картада олар қайда орналасқан?
3. Картадан Хлодвиг мұрагерлері кезінде Франк корольдығының қалай ұлғайғандығын көрсет.

Білімді тексер:

1. Рим империясындағы дағдарыстың басты себебі не?
2. Римдіктерге қарсы соғысқан герман көсемдерінің есімін еске түсір.
3. Франктер неліктен христиан дінін қабылдады?



526 жылғы варварлық корольдықтар

§3. V—X ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ

Рим империясының екіге бөлінуі. 330 жылы император I Константин Рим империясының астанасын Босфордағы көне Мегар аймағына көшірді. Жаңа астананы император Константиннің құрметіне *Константинополь* деп атады. Рим империясының астанасын *Босфор* (түрік.— Қара теңіз бұғазы, грек. — *Bosporus*) бұғазына көшірудің саяси-экономикалық, мәдени маңызы зор болды. Себебі ол Еуропа мен Азияның арасындағы, Қара теңіз бен Эгей теңізі арасындағы сауда жолдарының қиылысында орналасқан. Жаңа астана Шығыс пен Батыс арасындағы “Алтын көпір” деп аталды. Константинополь барлық қауіптен қоршалған әскери-стратегиялық орталық болды.

Шығыстағы Византия империясының құрылуы 395 жыл болып саналады. Осы жылы Рим империясының императоры I Феодосий қайтыс болып, империяның батысын — Гонорий, шығысын Аркадий деген балаларына мұра етіп қалдырды. Осыдан кейін империяның екі бөлігі қосылмай, әрқайсысы өзіне тән қоғамдық даму жолдарынан өтті. Шығыс Рим империясының астанасы Константинопольдің бұрынғы атауы Византий болғандықтан Шығыс Рим империясы *Византия империясы* деп атала бастады.

Бұл сабақта:

- Византия мемлекетінің орналасқан жерімен танысамыз;
- Рим империясының шығыс бөлігінің Византияға көшу себебін анықтаймыз;
- мемлекеттік билігімен танысамыз.

Тірек сөздер

Константинополь
Босфор
Номисма
Курия
Синклит
Василевс

Византия империясының күшею себептері

Империяның дауірлеу кезеңі (527—565)			
Варварлар тарихынан шапқыншылықтарға ұшырамады.	Жері құнарлы, табиғат жағдайы қолайлы болды.	Ауылшаруашылығы жақсы дамыды.	Ерікті шаруалар қауымы мен жер пеленушілер көп болды.

395 жылы Шығыс Рим империясының құрамына он төрт аймақтың жетеуі — *Египет, Азия, Понт, Фракия, Македония, Дакия, Шығыс* кірді. Халқының құрамы ала-құла болды: *гректер, копттар, еврейлер, арабтар, иллирикттер, армяндар, грузиндер*. VII ғасырға дейін Шығыс Рим империясының мемлекеттік тілі латын тілі болды. Кейін оны грек тілі ығыстырды.



Византия императоры Юстиниан



Византия империясының елтаңбасы

Ойлан!

Ежелгі Рим империясын қалпына келтіруге византиялықтарға не кедергі келтірді?



Император Юстиниан
нөкерімен

Византия қоғамы. Византия империясының табиғи жағдайы қолайлы, климаты қоңыржай болды. Егіншаруашылығы дамыды. Құлдар батысқа қарағанда шығыста аз болды. Византияның алтын ақшасы *номисма* орта ғасырлардағы халықаралық ақша ретінде қолданылды.

Византияда VI ғасырдың ортасынан бастап қолөнершілер мен шеберханалар қалыптаса бастады. Византиядағы салықтың негізгі түрі — жер салығы болды. Салық мөлшеріне жердің көлемі мен сапасы әсер етті. Салықтың натуралды түрі — бидай, шарап, зәйтүн майы алынды. Салық төлеушілердің қатары 15 жыл сайын тексеріліп, реттеліп отырды. Мемлекеттік қазынаға жатпымалылар да, құлдар да салық төлеген.

Таным

Таңбалардың мағынасын зерттейтін тарихтың бір саласы *геральдика* деп аталады.

Византия империясының бір ерекшелігі халықтардың бәріне ортақ міндетті заңдар мен құқықтар нормаларының аясында өмір сүруінде еді. Юстинианның билігі кезінде жазылған “*Азаматтық құқықтар жинағы*” византиялықтардың негізгі заңы болды. Ол заң *василевстің* шексіз билігін, меншік құқығын қорғады.

Ізден!

Неліктен Византияда көптеген мектептер жеке адамдардікі, ал Батыс Еуропада шіркеулер мен монастырьлардікі болды?

Мемлекет билігі. Византия орталықтанған әскери-бюрократиялық монархия болды. Заң шығарушы, атқарушы және соттық билік *василевске* (*императорға*) бағынышты болатын. Василевс жоғары сот қызметін атқарды, сыртқы саясатты басқарды, заңдар шығарды, әскердің бас қолбасшысы еді. Оның билігі құдайдан дарыған деп саналды. Византия империясында мемлекеттік қызметтің үш түрі қалыптасты: *әскери*, *азаматтық* және *сарайлық*. Мемлекеттің тағдырын әскери емес, азаматтық билік шешіп отырды.

Императордың кеңесші органы *сенат* немесе *синклит* деп аталды. Ол әскерлермен және халық өкілдерімен бірлесе отырып император сайлайтын, ал патриарх таққа отырған императорға тәж кигізетін. Мемлекет император кеңсесінен басқарылды. Мемлекет *Шығыс* және *Иллирик* болып екі префектураға бөлінді. *Префектуралар* өз кезегінде *аймақтарға*, ал *аймақтар* — *провинцияларға* бөлінді. Аймақтар мен провинциялардың басшылары — *викарийлерді префекттер* тағайындап отырды. Азаматтық билік әскери биліктен бөлінді.

IV—V ғасырларда мемлекеттік билік пен христиан шіркеулері арасында одақ құрылды — император шіркеудің қауіпсіздігін қамтамасыз етті, ал шіркеу болса, император билігін дәріптеді. Император христиан әлемінің заңды билеушісі деп саналды, бірақ



Византия ақшасы

оның билігі мұраға қалдырылмады. Императорлық биліктің жана билеушіге көшуі сенатқа байланысты болды.

Византия қоғамында *димдер* деп аталатын саяси партиялардың ықпалы зор еді. Партиялардың ішінде ең ықпалдылары ірі жер иеленуші аристократтарға қолдау көрсететін *прасиндер* (көктер) және ірі шеберханалар мен Таяу Шығыс саудагерлерінің қолдауын пайдаланатын *венеттер* (жасыл) болды. Димдер қала басшысы *эпирхқа* қала тәртібін сақтауға, көшелерді таза ұстауға, жиындар мен түрлі шараларды ұйымдастыруға көмек көрсетіп отырды. Олар дәстүр бойынша ипподромда император мен оның қол астындағыларға өз наразылығы мен ұсыныстарын білдіре алатын.

532 жылы Константинополь қаласында осы партиялар ұйымдастырған *Ника* (“жеңу” деген мағына береді) көтерілісі болды.



Анықта:

Ника көтерілісінің шығуына не себеп болды?

Әскери билікті (әскердің құрылуы, оның жабдыкталуы мен оқуы, шегараны күзету, әскери істі басқару) император тағайындаған әскербасылар жүргізді. V ғасырда Византия әскерінде жарты миллион сарбаз болды. Ол шегаралық әскер, орын ауыстырып отыратын әскер және Константинопольді қорғайтын әскер болып бөлінді. *Әскерді*



Константинопольдегі Әулие София храмы

бес магистр басқарды. Әскер алғашында византиялық шаруалардан жасақталса, кейін жалдамалылардан қалыптастырылды.

Империядағы христиан діні. IV ғасырдың ортасынан христиан діні бүкіл Византия империясына ресми дін болып танылды. Христиан дініне мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, Александрия, Антиохия шіркеулері үлкен ықпалға ие болды. Олардың басымдылығы ресми түрде *Никеялік Әлемдік Соборда* жарияланды. Византия шіркеуінің басшысы *Патриарх* деп аталды. Империя ынтымағын нығайтқан дін бірлігінің нышаны ретінде *Юстиниан 532—537 жылдары Константинополь қаласында Әулие София храмын салғызды*. IV ғасырдың соңына қарай шығыс пен батыс шіркеулерін басқарумен дін салт-дәстүрі арасында айырмашылықтар байқала бастады.

Империяның сыртқы саясаты. V ғасырдың басында империяның сыртқы жағдайы тұрақты болды. Бұл тыныштық 415 жылы бұзыла бастады. Византияның Батыс Рим империясымен қатынасы бірде шиеленісіп, бірде бәсеңдеп отырды. 407 жылы Батыс және Шығыс Рим империялары арасында соғыс өрті тұтанып кете жаздады.

Қара теңіз жағалауында ғұндар билігі күшейіп, 40-жылдары ғұндар Константинопольді басып алу қаупін туғызды. Византия билігі дипломатиялық айла-тәсілдермен бұл қауіптен құтылуға тырысты. Мұндай саясат өте қымбатқа түсіп отырды. Бейбіт бітім-шарттарға қарамастан, Аттиланың әскері жиі-жиі келісімді бұзып отыратын.

Империяның шығысындағы жағдай да қиын болды. Византияның Ирандағы христиандарды қолдауы салдарынан, екі елдің арасында соғыс басталды. Соғыс Византия үшін сәтсіз аяқталды. Шығыстағы көшпелілердің шабуылы ғана парсы үкіметін 442 жылы Византиямен бітімшартын жасауға мәжбүрледі.

V ғасырдың екінші жартысында Византияны готтар мәселесі көп мазалады. 467 жылы Византия дипломатиясы Батыс Рим империясының тағына өз ықпалындағы императорды отырғызып, готтарға қарсы бірлесе күресу мүмкіндігіне қол жеткізді.

VII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Византияға арабтар қауіп төндірді. Арабтар Византиядан Сирияны, Палестинаны, Месопотамияны, Египетті тартып алды. VII ғасырдың соңында арабтар Византияның Солтүстік Африкадағы жерлерін де басып алды. Тек VIII ғасырдың ортасында ғана Византия арабтарға қарсы күресте сәттілікті пеленіп, Сирияны қайтарды.

I Юстинианның билік ету кезеңі. Византия империясының күшейген кезі I Юстиниан билік құрған кез (527—565). Юстиниан Македонияда қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Оның ағасы Юстин әскерге аттанып, өзінің әскери мансабын дамытады. Әскерімен билікке келген ол інісін билікке тартып, өзінің мұрагері ретінде қолдады. I Юстиниан Рим империясын қайта қалпына келтіру үшін, яғни герман тайпалары жаулап алған Батыс Рим империясын қосып алу үшін күресті. Бірнеше соғыстар нәтижесінде Юстиниан Италияны, Солтүстік Африканы, Испанияның оңтүстік-батысын өз империясына қосып алды. Соның нәтижесінде Византия империясының аумағы кеңейді. Юстиниан табыстарының бірінші себебі оның жүргізген реформаларында болды. Юстинианның аграрлық реформасы егіншаруашылығының дамуына ықпал етті. Император мемлекет қазынасындағы жер көлемін, мемлекеттік шеберханаларды ұлғайтуға тырысты. Ол Шығысқа қарай Иранды айналып өтетін жаңа сауда жолдарының ашылуына көп көңіл бөлді. Жібектің шығарылу құпиясын білгеннен кейін, жібек өндіру жолға қойылды. Юстинианның Сирия мен Финикияда жібек өндіру орталығы болды. Жібек өндіру мемлекет қазынасына айтарлықтай кіріс келтірді.

Ойлан!

Юстиниан қандай реформалар жүргізді?

Юстиниан таққа отырған екінші жылы “Азаматтық құқықтар жинағын” жазуға кіріседі. 529 жылы арнаулы топ құрып, оған қолда бар заң туралы материалдарды жинақтап, оны заман талабына сай өңдеуге, қайшылықты тұстарын алып тастауға жарлық береді. Нәтижесінде Рим құқықтары нормаларының ерекше жинағы “Юстинианның азаматтық құқықтар жинағы” деген атпен тарихқа енді.



Анықта:

Юстиниан қайтыс болғаннан кейін Византия жаулап алған Африкадағы, Италиядағы, Испаниядағы иеліктерінің көп бөлігінен айырылып қалды. Себебі неде?

Біліміңді тексер:

1. Шығыс Рим империясы тарихта қалай аталды?
2. Юстиниан қандай басшы болды? Оның заңдары қаншалықты маңызды болды?

§4. КИЕВ РУСИҢ ҚҰРЫЛУЫ

Батыс және оңтүстік славяндар. Славяндар шығыс, оңтүстік және батыс славяндар болып бөлінеді. Батыс славяндарға чех, словак, поляк халықтары, ал оңтүстік славяндарға болгар, серб, хорват, словен, черногор халықтары жатады. Шығыс славяндарды орыс, украин, белорус халықтары құрайды.

Византия тарихшыларының жазбаларына қарағанда VI ғасырда славяндар рулық-тайпалық құрылыста өмір сүрген. Алғашқы тайпа көсемдерін *князь* деп атады. Біртіндеп князьдардың жанына жасақтар жиналды. Жасақшылар князьбен бір аулада тұрды, жорық кезінде қолға түскен табысты бөлісті. Князь өз жасағының басшыларымен барлық мәселелер бойынша ақылдасып отырды. VII ғасырдың ортасында Болгар патшалығы қалыптасты. Аспарух ханның жетекшілігімен болгарлардың бір бөлігі Дунайға қоныс аударып, жергілікті славян тайпаларын бағындырды.

Бұл сабақта:

- Киев Русі мемлекетімен;
- славян тайпаларымен және Киев Русінің билеушілермен танысамыз.

Тірек сөздер

Славяндар
Князь
Ярослав Мудрый
Мономах
Челядь
Холоп
Бояр Думасы

Ойлан!

Славянтайпалары қанша топқа бөлінді?

Славяндардың наным-сенімдері. Ежелгі славяндар пұтқа табынды, табиғаттың күшіне сенді. Славяндардың басты құдайы Ярило (Күн құдайы), Перун (найзағай құдайы). Перун сонымен қатар соғыс және қару-жарақ құдайы болды. Славяндар өз құдайларына құрбандық шалды. Салт-дәстүрлерін өткізетін арнайы орындары болды. Салт-дәстүрді өткізетін ерекше абыздары — *волхва* немесе *кудесник* деп аталды. Пұтқатабынушылықтың қалдықтары ұзақ сақталды. X ғасырдың ортасына дейін славяндардағы үстемдік етуші дін — пұтқатабынушылық болды. 988 жылы христиан діні негізгі мемлекеттік дінге айналды.

Славяндардың шаруашылығы. Славян тайпаларының негізгі шаруашылығы — егіншілік болды. Егістік алаңы үшін орманды жерлерді ағаштан тазартып, тынайтып отырды. Ірі қара мал ұстады. Аншылық, балық аулау ісі де жақсы дамыды.

Киев Русінің құрылуы. Шығыс славяндарда мемлекет IX ғасырда пайда болды. Шығыс славян тайпаларының жерінде құрылған мемлекет *Русь* деп аталды. 862 жылы шығыс славян тайпалары өздерін басқару үшін Солтүстік Еуропадан Рюриктер тегінен шыққан князьдарды шақырды. IX ғасырдың соңында Рюриктің туысы Олег полян тайпасының астанасы Киевті жаулап алды. Князь Олег Киевті 33 жыл басқарды. Олегтен кейін князь Игорь (912—945) Киев Русін басқарды. Игордің баласы Святославтың тұсында (945—972) Киев Русінің қуаты артады. Святославтың кіші баласы Владимир (980—1015) Киев Русін құрып, күшейтті. Владимир тұсында Киев Русі мен Византия арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар дамыды.

Киев Русінде христиан дінінің қабылдануы. 988 жылы Киев Русі Византиядан христиан дінін қабылдайды. Бұл Киев Русінің халықаралық беделін өсірді. Владимир Святославович (980—1015) христиан дінін Византиядан қабылдауды шешеді. 988 жылы діни реформа жасап, христиан дінін қабылдайды. Князь Византиядан білімді священниктерді шақырып, шіркеу мектептерін ашады. Барлық пұткатабынушылық дәстүрлеріне тыйым салады. Христиан діні князь билігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Христиан діні пұтка табынушы халықтар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Киев пен Новгородка карағанда Русьтің шеткері аймақтарында христиан діні кейінірек орнады.

Орыс шіркеуінің басына Константинополь тағайындаған Киев митрополиті тұрды. Ірі қалалардағы шіркеу істерін епископтар



Мономахтың Киевке келуі.
XVI ғ. миниатюрасы

басқарды. Князь шіркеу қазынасына табысының оннан бір бөлігін беріп отырды. Шіркеудің өз соты, заңы болды. Тұрғындардың өмірлерінің барлық салаларына араласып отырды.

Христиан діні ежелгі Русьтегі феодалдық шаруашылықтың дамуына ықпал етті. Себебі шіркеу князьдармен қатар ірі жер иеленушілерге айналды. Христиан діні ортақ ой-сана қалыптастырып князьдардың билігін күшейтті. Славяндардың бірлігін қалыптастырды. Христиан дінінің мәдени өмірге де қолайлы ықпалы болды. Мысалы, 1037 жылы Ярослав Киевте София Соборын салдырды.

Славян әліпбиінің қалыптасуына да Византия мемлекетінің ықпалы болды.

Ойлан!

Киев Русінің пайда болуына қандай жағдайлар әсер етті?

Ярослав Мудрыйдың билігі. 1019—1054 жылдары Ярослав Мудрый билік құрып, Киев Русінің нығаюына ықпал етті, мәдениетінің дамуына жағдай жасады. Монастырьлар жанынан мектептер ашты, сәулет өнерін дамытты. Ярослав Мудрый тұсында Батыс Еуропа елдерінің билеушілерімен әулеттік некенің негізі қаланды. Ярослав өзі швед королінің қызына үйленсе, қызын француз короліне берді, баласын Византия императорының қызына үйлендірді.

Мемлекеттің негізгі тұрғындары ерікті қауым мүшелері болды. Орыс қауымы *вервь*, қауым мүшелері *люд* деп аталды. Князьдың жартылай ерікті немесе еріксіз бағыныштылары *смерд* деп аталды. Сонымен қатар құл деңгейіне жақын *челядь*, *холоп* деп аталатын адамдар болды.

Ежелгі Киев Русінде мұрагерлік жолымен билейтін князь тұрды. Киев князіне өзге князьдық басшылары бағынды. Князь қолында заңдық, соттық және жоғарғы әскери билік болды. Князь билігі *вече* деп аталатын халық жиналысымен шектеліп отырды. Жасақ басшыларының ішіндегі беделділері *дума* деп аталатын тұрақты кеңестің мүшесі болды. Кейін олар *бояр* деп атала бастады.

Ізден!

Ярослав Мудрый Киев Русінің нығаюына қандай жағдай жасады?

Киев Русі — Рюриковичтер әулетінен шыққан князьдардың Новгород пен Киевті біріктіруінен пайда болды. Новгород пен Киев “варягтардан гректерге баратын жол” деп аталатын сауда жолының бойында орналасқан. Русьтегі билік Киев князінің қолында болды. Князьдың жасақтары болды.

Мемлекетті князь *вече* көмегімен басқарды. Князьдың табыс көзі әртүрлі болды. X—XI ғасырларда князь қазынасы салық арқылы толықтырылып отырды, XI—XII ғасырларда ірі жер иелігінің пайда болуымен рентаның түрі көбейді. Князьдың қолында әкімшілік және әскери билік болды. Князьдың өзі ірі жер иеленуші еді. Князь ауласы мемлекетті басқару



Мономах

салалары шоғырланған орталыққа айналды. Қаланы XI ғасырда ірі жер иеленушіден қалыптасқан қала патрициаты басқарды. Қалада көпестердің рөлі де айрықша еді. Колөнершілер де қала тұрғындары болды, олар *басыбайлылар* және *еріктілер* болып бөлінді.

Киев Русінің басында Константинополь патриархы тағайындаған митрополит тұрды. Митрополитке епископтар бағынды. Селода шаруа-қауымдастар тұратын еді.

XI—XII ғасырларда Киевте Святополк Изяславич, Черниговта Олег Святославич, Переяславльде Владимир Мономах князьдық құрды. Үш танапты жер өңдеу жүйесі болды: бидай, сұлы, тары, қарабидай, арпа өсірді. Өңделетін жер жаздық егіс және күздік егіс болып бөлінді. Киев Русінің тұрғындары сонымен қатар малшаруашылығымен, аңшылықпен, балық аулаумен айналысты. Киев Русіндегі селолық тұрақтар — *слобода*, *деревня*, *погост* деп әртүрлі аталды.

Киев Русі IX—XI ғасырларда араб көпестерімен, хазарлармен сауда жасады. Өздері құндыз, балауыз, кендір сияқты заттарды сыртқа шығарса, арабтар мен византиялықтардан кымбат мата түрлерін, шығыс жібегін, қалайы, қорғасын, дәмдеуіштер, шіркеу заттарын сатып алды.

Деректер мен әдеби ескерткіштер. Киев Русі мемлекетінің тарихына қатысты деректер *жылнама* деп аталады. Киев Русінің әдеби мұрасы 1185 жылы жазылған — “Игорь жорығы туралы жыр”.

“Русская Правда”. Қоғамдық қарым-қатынастар “Русская Правда” деп аталатын заңмен және өзге құқықтық актілермен реттелді. Бұл заң жинағында Ежелгі Русьтегі құқықтық, мұралық, сауда құқықтарының баптары орын алған. Заң жинағының ежелгі түпнұсқасы сақталмаған, тек кейінгі нұсқасы ғана жеткен. “Русская Правда” ежелгі германдықтардың заңдарына ұқсас. “Русская Правда” заңдық жинағын Ярослав Мудрыйдың есімімен байланыстырады.

Заң жинағының қысқаша нұсқасы 43 баптан тұрады. Бұл жерде кек алу дәстүрлері, әлеуметтік сатылар бойынша айыппұл төлеу туралы баптар болатын. Екінші бөлігінде қоғамның жоғарғы тобына қатысты құқықтық баптар көрініс берді. “Русская Правданың” кеңейтілген нұсқасы Ярослав Владимирович және Владимир Мономах жарғыларынан тұрады. Бұл нұсқа XII ғасырда жазылған.



Анықта:

“Русская Правда” дерегінен тағы қандай мәліметтерді білуге болады?

Владимир Мономах саясаткерлік қасиетті иеленген талантты адам еді. 1113 жылы Святополк қайтыс болғаннан кейін Киевге көтеріліс болды. Киев княздығына шақырылған Мономах қарызын өтеушілердің жағдайын жеңілдету үшін заң шығарды. Біртіндеп өзінің Русьтің жоғарғы билеушісі ретіндегі ұстанымын күшейтті. Новгородтықтардың қарсылығын басқаннан кейін, Переяславл, Смоленск, Новгород билігін өз ұлдарына берді. Ол Русь мемлекетінің барлық әскери күшін өз қолына шоғырландырды, керек кезінде әскерді өзіне қарсылық көрсеткен князьдықтарға бағыттап отырды. Мономах Киев Русінің бытыраңқылығын тоқтата алған жоқ.

Ойлан!

Владимир Мономахтың билігі туралы не айтасың?

Бағзы замандар жылнамасы (“Бастапқы жылнама”, “Нестор жылнамасы”) — XII ғасырдың басында жазылған, біздің заманымызға дейін жеткен ежелгі орыс заңдарының бірі. Көшіріп жазғанда енгізген мәтіндік өзгешеліктері бар бірнеше редакциясы сақталған. Жылнама Киев княздығында жазылған. Жылнамада жазылған тарих Библия пайда болған уақыттан басталып, 1117 жылмен аяқталады және 852 жылдан бергі Киев Русінің тарихы көрініс алған. Жылнаманың авторы Киев-Печёр монастырінің монахи Нестор деп есептеледі. Ежелгі заңдар жинағы 1037 жылы халық ауыз әдебиеті мен ескі заманнан қалған аңыз-әңгімелер негізінде жазылған. 1073 жылы ескі заңдар жинағын Киев-Печёр монастрінің монахи Никон толықтырған. 1093 жылы Киев-Печёр монастырінің игумені Иоанн — Новгород жазбалары мен грек деректерінің негізінде “Бастапқы заңдар жинағын” қалыптастырды. Нестор “Бастапқы заңдар жинағын” өңдеп, тарихнамалық негізін кеңейтіп, орыс тарихын дәстүрлі христиан тарихнамасының шеңберіне сыйғызды. Нестор жылнаманы Русь пен Византия арасындағы мәтіндермен толықтырды.



Анықта:

“Бағзы замандар жылнамасы” діни мәселелерді көтерді ме?

Біліміңді тексер:

1. Славян тайпалары қанша топқа бөлінген?
2. Киев Русі үшін әулеттік некенің қандай пайдасы болды?
3. “Бағзы замандар жылнамасы” дерегін кім жазған?

ФЕОДАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

§5. ФЕОДАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл сабақта:

- Батыс Еуропа елдерінде жерге байланысты қарым-қатынастардың қалай пайда болғанын;
- ортағасырлық замандардың не екендігін және феодализм тұсындағы жер иеліктері туралы білеміз.

Тірек сөздер

Феод
Оброк
Барщина
Замок
Вилла
Король

Феодалдық құрылыстың сипаты. Феодализм — лат. *феод* ірі жер иелігі деген сөзінен шыққан. Ірі жер иелігінің иесін *феодал* деп атады. *Жердің негізгі байлық көзіне айналуы* — феодализмнің ең басты белгісі болды. Батыс Еуропаның көптеген елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасу үдерісі IX—XI ғасырларда аяқталды. Италияда, Францияда феодалдық құрылым, негізінен, X ғасырда аяқталса, Англия мен Византияда бұл үдеріс XI ғасырдың аяғында, ал Германияда XII ғасырдың басында орнықты. Скандинавия елдерінде феодадану үдерісі мүлде баяу жүрді.

Шаруалар жер иеленушіге бағынышты болды. Себебі жер шаруаға белгілі бір шарттың негізінде берілді. Шаруаны феодалдық рента арқылы қанады. Феодализмнің алғашқы кезеңінде рентаның 2 түрі — *оброк* (азық-түлік рентасы), *барщина* (еңбекпен өтеу рентасы) болды. Кейінгі феодализм кезеңінде акшалай рента қосылды. Феодализмнің алғашқы сатысында *натуралды шаруашылық* үстемдік етті. Натуралды шаруашылық өз қажеттілігін — азық-түліктер мен бұйымдарды өздері өндірумен сипатта лады.

Ойлан!

Феодалдық құрылыстың ең басты белгісі неде болды?

Иерархия — бағыныштылық сатысы. Батыс Еуропа елдеріндегі феодастар арасындағы қатынас феодалдық *иерархия* бойынша қалыптасты.

Иерархияның басында *король* тұрды. Ол феодалдардың сеньоры, феодалдық бағыныштылық сатысының басшысы еді. Сатының корольдан кейінгі баспалдағын ірі ақсүйек және дін феодалдар иеленді де жерді көп жағдайда корольдан алып отырды. Бұлар атағы бар, титулданған ақсүйектер: герцогтер, графтар, архиепископтар, епископтар және ірі монастырьлардың аббаттары болды. Сөз жүзінде корольға бағынышты болғанымен бұл вассалдар іс жүзінде тәуелсіз еді. Себебі соғыс жүргізді, ақша шығарды, кейбір жағдайларда өз иеліктерінде жоғарғы соттық билікті де атқарды. Олардың вассалдары-бағыныштылары — ірі жер иеленуші барондар бір саты төмен тұрғанымен, өз иеліктерінде саяси билікті қолына жинақтады. Барондардан төменгі сатыда ұсақ феодалдар — рыцарьлар тұрды. Рыцарьлар үстемдік етуші топтың ең төменгі сатысын иеленді. Вассалдар тікелей өз сеньорына ғана бағынды.

Англиядан басқа Батыс Еуропа елдерінде “*Менің вассалымның вассалы менің вассалым емес*” деген қағида іске асты. Шіркеу феодалдарының арасында өзіндік иерархия болды.

Вассалдық қатынастардың негізін феодалдық жер иелену — *феод*, шартты жер иелігі немісше *лен* құрады. Вассалға феодты-жер иелігін беру, иелікке ену *инвеститура* деп аталды. Инвеститура қабылдау сәтінде салтанатты шеру жасалды. Вассалдық бағыныштылыққа түскен адам *оммаж* — адалдық анттын берді. Француздарда бұл үдеріс *фюа* деп аталды.

Ортағасырлық замоктар. X—XI ғасырларда Еуропада *замоктар* көптеп пайда болды. Ол феодалдың *саяси, соттық, әкімшілік, әскери* билігінің орталығы болды. *Замок-бекініс* — феодалдың тұрағы, бір жағынан сыртқы жаулардан, көрші феодалдардан, көтеріліске шыққан шаруалардан қорғанатын қорғаны болды. Замок феодалға жақын маңдағы аумақтарға үстемдік жүргізіп, тұрғындарын бағыныштылықта ұстауға мүмкіндік берді. Көптеген замоктар арабтардың, нормандардың, венгрлердің шапқыншылықтарынан қорғану үшін салынды. Замоктар, әдетте, орманды төбелерге,



Феодалдық саты

төңіректі бақылауға мүмкіндік беретін жән е дұшпаннан қорғануға ыңғайлы, өзендердің биік жағалауына тұрғызылды.

X ғасырларда замоктар екі қабатты ағаш мұнаралар еді. Мұнаның жоғарғы қабатын феодал иеленсе, төменгі қабатын жасақ пен қызметшілер иеленді. XI ғасырдың басында замоктар тастан қаланып салына бастады. Орталығындағы көп қабатты мұнара *донжон* деп аталды. Мұнаралардың ең төменгі қабаты түрменің рөлін атқарды. Замоқты айнала дуалдар соғылып, су толтырылған орлар қазылды. Ор үстіне көтерме көпір салынды. Замок ортасында феодал мен оның отбасы қауіптен қорғанатын орын болды. Соғыс техникасының сол кездегі дәрежесінде мұндай тас замоктарды шабуылмен алу өте қиын еді. Әдетте, замок көп күндік қоршаудан кейін ғана жауға берілетін.

Ойлан!

Феодалдық замок қандай қызмет атқарды?

Феодализм кезеңіндегі жер иеліктері. *Вотчина* — феодализм тұсындағы қожалық, әлеуметтік және саяси ұйымдардың билік еткен тобы. Вотчина — иелеріне табыс алып келетін, қосымша табыс алуды (феодалдық рентаны) іске асыратын ұйым ретінде қарастырылды. Феодалдық вотчинадағы жер, әдетте, екі бөлікке бөлінді. Біріншісі — қожаның жері немесе *домен* (лат. *dominus* — жожа), екіншісі тәуелді шаруалардың пайдалануындағы міндеттемелер өтелетін бөліктерден құралған жер болып саналды.

Вилла — антикадан келген жер қожалығы, феодализм тұсында “вилла” әкімшілік бірлікті құрады. Оның негізгі бөлігі — *манс* (шаруа үлесі) болды. Бұл үлес франк мемлекетінде *суфа* деп аталынды.

Бенефиция — IX—X ғасырларда *феод (лен)* сипатын ала бастады. Бенефиция, әдетте, әскер қатарында қызмет еткені үшін берілді. Феодты — архиепископтар, епископтар, аббаттар, герцогтер, маркграфтар, графтар бере алды. Феодты алушылар кіші вассалдар деп аталынды. Берген феодты қай уақытта алса да өзі білді. Кейін феод бір жылға ұйғарылды, уақыт өте келе вассалдың өмірлік үлесіне айналды.



Анықта:

Феодалдық құрылыс өзіне дейінгі құрылысқа қарағанда не себепті озық болды?

Біліміңді тексер:

1. Феод сөзінің мағынасын түсіндіре аласың ба?
2. Рента дегеніміз не? Рентаның қандай түрлері бар?
3. Замок Батыс Еуропада қашан пайда болған?

§6. ФЕОДАЛДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Ортағасырлық қоғам сипаты. Ортағасырлық Еуропада антикалық қоғамға қарағанда ерекше қоғамдық қатынастар қалыптасты. *Ортағасырлық қоғам феодалдық қоғам деп аталды.* Қоғамның жоғарғы тобы феодалдар еді, олардың қолында жер иелігі болды. Феодалдар шыққан тегі мен байлығы жағынан тең болған жоқ, деңгейлік сатыларға бөлінді. Ең жоғарғы сатыда — бүкіл мемлекеттік жердің иесі король тұрды. Ол өзіне жақын адамдарға жер үлестіріп, олардың *сеньорына*, ал корольдан жер үлесін алғандар *вассалға (бағынышты)* айналды. Мұндай қоғамдық қатынастар *вассалитет*, *бағыныштылық* сатысы деп аталды.

Бұл сабақта:

- ортағасырлық қоғамның әлеуметтік құрылымымен танысамыз.

Тірек сөздер

Сеньор
Вассал
Дін иелері
Рыцарлар
Шаруалар

Ойлан!

Сеньормен вассалдың арасында қандай міндеттемелер болды?

Вассалитет сатылары, ең алдымен, франктерде қалыптасты. Оған үлес қосқан — *Карл Мартел*. IX ғасырдың ортасында франктер королі “*әрбір ерікті адамның сеньоры болсын*” деген заң шығарды. Уақыт өте келе вассалитет Батыс Еуропаға тарады.

Орта ғасырлар кезеңінде шаруалар феодалдарға бағыныштылыққа түсті. Шаруалардың жерге құқығы болған жоқ. Шаруалардың қолында жер үлесі болғанмен, жерді иелену құқығы болған жоқ. Олар жер иесі феодалға бағынып, феодал мүддесіне жұмыс істеді.

Ортағасырлық сословиелер. Ортағасырлық қоғам үш сословиенен — *дін иелері, рыцарьлар және шаруалардан* тұрды.

Ортағасырлық қоғамның ең жоғарғы тобын *дін иелері* қалыптастырды. Дін иелері орта ғасырлар кезеңінің басында Еуропа христианданған кезде пайда болды. Дін иелерінің негізгі міндеті құдайға сыйыну және діни жоралғыларды жасау болды. Дін иелерінің құрамы да біртекті болған жоқ. Олар да сатыларға бөлінді. Ең жоғарғы сатыда *прелат*, ең төменгі сатыда *қаратайым дін* иелері тұрды. Дін иелері қатарына әртүрлі қоғамдық топтың өкілдері өте

алды. Дін несі қатарына *епископ* қабылдап, *діни лауазым* берді. Діни лауазымды жергілікті феодал бергендіктен, XI ғасырдың ортасына дейін діни билік зайырлы билікке мүдделі болды. Ортағасырлық Еуропадағы лауазымды адамдар, негізінен, ірі жер иелері еді.

Дін иелерінің қат арында *монахтар-сопылар* болды.



Анықта:

Монахтарға қандай талаптар қойылды?

Ортағасырлық Еуропаның келесі үстемдік етуші тобы — *феодалдар*. Барлық феодалдар *рыцарьлар* — *салт атты жауынгер* деп есептелді. Рыцарьлар үнемі соғысып жүрді. Соғыс жоқ кезде аңға шықты, жарыстарға қатысып күшін көрсетті. Рыцарьлық жарыстарға жан-жақтан келетін. Себебі рыцарьлар үшін жарыстар бір жағынан баю көзі болатын. Жарыстарда жеңілген рыцарьдың атын жеңіске жетуші иеленіп алатын, оған жеңілген рыцарь ақы төлейтін.

Рыцарьдың ұзын қылышы, найзасы болды. Үстіне болаттан тоқылған сауыт, басына үшкір дулыға киді, қолына өз әулетінің елтаңбасы бар қалқан ұстады. Ұрыс кезінде рыцарь қарсыласын аттан аударып тастауға ұмтылды.

Рыцарьдың ерекше өмір сүру ережелері болды. Рыцарьлық ереже бойынша ол тек өзінің теңмен ғана жекпе-жекке шықты. Сонымен қатар рыцарь сөзінде тұруға, әйелдерді сыйлауға тиісті еді.



Анықта:

Рыцарьлардың басты міндеті қандай болды?



XIV—XV ғасырлардағы рыцарьлар

Орта ғасырлардың кейінгі кезінде, кәсіпқой әскердің пайда болуымен рыцарьлардың қоғамдағы орны жоғалды.

Ортағасырлық шаруалар өзінде, феодалға да жұмыс істеді. Кейде шаруалар өзі жұмыс істейтін жерге бекітілді. Олардың жерді тастап кетуге құқығы болған жоқ.

Ортағасырлық Еуропадағы шаруалар қауым болып өмір сүрді. Шаруа мен феодал бір-біріне тығыз байланысты болды. Феодал шаруаның қорғаны ретінде болса, шаруа феодалға қажетті өнімді өндірді.

Ортағасырлық қалалар пайда болған уақыттан бастап, қолөнершілер мен көпестер пайда болды. Қала сословиелері уақыт өткен сайын қоғамдық өмірде зор орын ала бастады.

XIV—XV ғасырларда рыцарьлар дворяндарға айналды. Дворяндар сословиесіне жоғарғы король билігі, вассал-жауынгерлер, яғни мұрагерлік артықшылықтары бар феодалдар жатты. Дворяндардың өзі жоғарғы және төменгі болып бөлінді. Олардың дворяндық лауазымдары болды. Мысалы, Англияда лорд лауазымы — герцогке, маркизге, графқа, виконтқа, баронға берілді.



Ортағасырдағы қала.
Ортағасыр миниатюрасы

Ойлан!

Рыцарьлықереже дегенді қалай түсінесің?

Біліміңді тексер:

1. *Сословие, феодал, сеньор, вассал* сөздерінің мағынасын қалай түсіндіре аласың?
2. Шаруалар қандай міндеттер атқарды?

§7. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН ӨНЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл сабақта:

- ортағасырлық қалалардың қалай пайда болғандығын;
- сауда кәсібінің қалай дамып, жүргізілгенін білеміз.

Тірек сөздер

Ратуша
Цех
Коммуналдық
қозғалыс
Шедевр

Қаладағы қолөнер. Тез өсіп келе жатқан халық санына жер үлесі жетпеді. Енді адамдарда соқа мен орақтың көмегінсіз кәсіп көзін табуға құлшыныс пайда болды. Бұл қолөнер кәсібі еді. Қолөнер бұйымдары сапалы болу үшін оны маман жасауы керек. X—XI ғасырларда қажетті мөлшерде жерге иелігі болмағандықтан, қолөнермен айналысуға бет бұрған адамдар жиналған тұтас елді мекендер пайда болды. Олар төңірегін сапалы бұйымдармен қамтамасыз етіп отырды. Осындай қоныстардан кейін қалалар өсті.

Қалалар сауда мен қолөнер орталығы ретінде қалыптасып, гүлдене бастады. X—XI ғасырларда бүкіл Батыс Еуропада қалалар тез өсе бастады. Қалаларда адамдардың жаңа мінез-құлқы қалыптасты: іскер,

үнемшіл, ұқыпты, өз қадір-қасиетін жоғары бағалайтын адамдар ортағасырлық әлем бейнесін түбегейлі өзгертті.

Ортағасырлық қалалар сауда жолдарының қиылысында, өзен өткелдері маңында, адамдар шоғырланатын жерлерде пайда болды. Көбіне шағын қалашықтар қорғаныс мақсатында ірі замонтардың қалқасында орналасты. Қаладан пайда түсіп отырғандықтан, феодалдар оларға қорған болды. Қолөнершілермен қатар қалаларға саудагерлер кенінен қоныстанды.

Базар ортағасырлық қаладағы ең басты орын болды. Оған таяу салпанаты Ратуша ғимараты тұрды, онда магистрант орналасты. Қалаға қатысты маңызды мәселелер осы жерде шешілді. Қаладағы басты шіркеу де осы маңда орналасты. Қалалықтар шіркеуге тек қана сыйынуға емес, маңызды оқиғаны немесе мейрамды атап өтуге, әкімшілік жарлығын тыңдауға, қызмет адамдарын сайлауға да жиналды. Қаладағы бай, құрметті адамдардың үйлері осы алаңға жақын салынды. Әр қаланың өз соты, әкімшілігі болды. Қала құқықтары хатқа түсіріліп, бұл жазбалар мұқият сақталды. Қала халқы айтарлықтай тез өсті.

Батыс Еуропада ортағасырлық қалалар қолөнер мен сауда орталығы ретінде Италияда, Францияның оңтүстігінде пайда болды. X—XI ғасырларда қалалар солтүстік Францияда, Нидерландыда,

Англияда, оңтүстік-батыс Германияда, Рейн мен Дунай өзендері бойында пайда болды. XI ғасырда Фландрия графтығында қалалар көбейді. Фландриялық қалалар — Брюгге, Ипр, Гент, Лилль, Дуэ, Аррас шұға өндірумен данкышықты және олар Еуропаның көптеген елдерін шұғамен жабдықтады. Ортағасырлық қалалар өзінің сырт көрінісі жөнінен қазіргі қаладан мүлде өзгеше болды. Қалалардың көлемі тым шағын болатын. Әдетте, олардағы тұрғындардың саны 3—5 мың адамнан аспайтын. 80—100 мыңнан астам адамдары бар Париж, Милан, Венеция, Флоренция, Кордова, Севилья сияқты қалалар өте аз болды.



Ортағасырлық еуропалық замок

? Анықта:

Қалалардың феодалдар жерінде орналасуы қаланың дамуына қандай кедергілер келтірді?

Сауда. IX—XI ғасырларда қалалардың тұрғындары ауылшаруашылығынан түпкілікті ажырап кеткен жоқ. Қолөнершілер бастапқы кезде саудамен де айналысты. Кейінірек қалаларда қызметі зат өндіру емес, тауар айырбасы ғана болған жаңа қоғамдық топ — *көпестер* пайда болды. XI—XII ғасырларда көпестер көбіне ішкі саудамен айналысты.

Батыс Еуропадағы ішкі және сыртқы саудада жәрменкелер үлкен рөл атқарды. Жәрменкелерде астық тәрізді өтімді заттар көтерме сауда жолымен сатылатын. Аса ірі жәрменкелер сыртқы сауданы өркендету ісінде үлкен рөл атқарды. XIII—XV ғасырларда еуропалық сауда, негізінен, екі ауданда тоғысты. Соның бірі — Батысеуроп алық елдерді шығыс



Орта ғасырлардағы құрылыс

елдерімен байланыстыратын Жерорта теңізі еді. Бұл саудада араб және византиялық көпестер басты рөл атқарды, ал XII—XIII ғасырларда жетекшілік рөл Генуя, Венеция, Марсель, Барселон көпестерінің қолына көшті.

Еуропалық сауданың екінші ауданы Балтық және Солтүстік теңіздері болды. Мұнда балық, тұз, былғары, зығыр, кендір жіп, балауыз, карамай, кеме жасайтын ағаш, ал XV ғасырдан бастап астық саудасы жүрді.

Сауда байланыстарының кең өріс алуына феодалдық бытыраңқылық аса көп кедергі келтірді. Әрбір сеньордың қол астындағы жері, сансыз кедендік бекеттермен қоршалып тасталатын, оларда көпестерден белгілі бір мөлшерде сауда алымдары алынатын. Көпестер түрлі алымдар мен төлемдерді көпірден өткені үшін, өзенді жалдап өткені үшін т.б. төлеулері керек болатын.

Ойлан!

Қала дамуындағы сауданың орны қаншалықты маңызды болды?

Әдеттегі баж салығына олардың өздері де ойдан шығарған түрлі алым-салықтар тағы қосылатын, олар тіпті күштеп алуға дейін баратын. Феодалдар көпестерге қаракшылық жасаудан да тайынбайтын және көпестер керуенін тонап кететін. Үлкен жолдардағы осындай талау, тонауларға атакты рыцарьлар, тіпті корольдар да қатысатын. Феодалдық тәртіптер, басыбайлық құқық, феодалдық сеньорлардың шексіз өкімшілігі, натуралды шаруашылықтың үстемдігі, феодалдық қоғамда сауда ісін өркендету жолына қойылатын неше түрлі кедергілер мен қысымшылықтар сауда көлемінің өте аз болуына әкеп соқтырды. Соған қарамастан тауар-ақша қатынасы мен айырбастың бірте-бірте өсе түсуі жекелеген адамдардың, ең алдымен, көпестер мен өсімкорлардың қолында ақшалай қордың жинақталуына қолайлы жағдай туғызды.

Ортағасырлық қаладағы ұстаханалар. Батыс Еуропадағы ортағасырлық қолөнерге тән бір ерекшелік ұстаханалық ұйымдар болды. *Цехтар* (ұстаханалар) — нақты бір қаладағы мамандық пелерінің айрықша одақтарға бірігуі. Ұстаханаға біріккен қолөнершілер тікелей өндірушілерге және өндіріс құралдарының меншік пелеріне айналды. Олардың әрқайсысы жекеменшік шеберханаларында өз аспаптарымен, өз шикізатымен жұмыс істеді. Ұстаханада шебер, көмекші шебер және шәкірттер әртүрлі сатыларда тұратын. Ұста-

хана мүшесі болғысы келгендер оның төменгі екі сатысынан өтуге міндетті болды. Шәкірттің көмекші шеберге, одан шебер дәрежесіне көтерілуі үшін бірнеше жылдар қажет болды. Шебер атану үшін қиын сынақтан өту керек еді. Ұстахананың бас шеберлігінен үміткер шебер өз кәсібінің қыр-сырын жетік меңгергендігіне дәлел бола алатындай бұйым жасап ұсынды. Бұл үлгілі бұйым *шедевр* — “қайталанбас туынды” деп аталды. Көптеген қалаларда ұстаханаға бірігу қолөнермен айналысқысы келгендер үшін міндетті шарт болатын, яғни қолөнердің нақты түріне ұстаханалық монополия орнаған еді. Ұстахана мүшелері өндірген бұйымның кедергісіз өтуін және сапасын қадағалады. Осы мақсатпен ұстаханалық жарғылар қабылданды.

Ойлан!

Ортағасырлық қалалардың бой көтеруіне не қажет болды?

XIV—XV ғасырларда ұстаханалар Батыс Еуропада прогрессивті рөл атқарды. Ұстаханалар өндірістік тәртіпті нығайтты және қолөнершілік еңбекке жүйелілік пен тұрақтылық сипатын берді.

X—XIII ғасырларда Батыс Еуропаның қалалары өз еркіндігі үшін күресті. Бұл *коммуналдық қозғалыс* деп аталды. Алғашында қалалықтар феодалдық қанаудың ауыр түрінен құтылу үшін күресті. Кейін қаланың өзін-өзі басқаруы сияқты саяси міндеттер де пайда болды. Қалалардың күресі жалпы феодалдық жүйеге қарсы болған жоқ, жеке сеньорларға қарсы бағытталды. Коммуналдық қозғалыс елдің әр аумағында тарихи ерекшелігіне байланысты әрқалай жүрді және нәтижелері де әртүрлі еді.

Білімді тексер:

1. Ортағасырлық қалалардың пайда болуының себептері.
2. Қолөнершілер цехтарға қандай мақсатпен бірікті?
3. Шедевр бұйымын кім жасады?
4. Коммуналдық қозғалыс дегеніміз не?

ИСЛАМ ТАРИХЫ

§8. ИСЛАМ ДІНІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Бұл сабақта:

- Ислам дінінің пайда болу алғышарттарын;
- Мұхаммед пайғамбардың діни қызметінің ерекшеліктерін;
- Ислам дінінің арабтар арасында жеңіске жетуін және оның себептерін білеміз.

Тірек сөздер

Ислам
Пайғамбар
Мекке
Медине
Хижра

Тайпаларды *сейидтер* немесе *шейхтар* (көсемдер) басқарды. Бәдеуи тайпалары арасында өзара қырқыстар жиі орын алып отырды. Үздіксіз жүріп отырған қанды кек соғыстары арабтардың көптеп қырылуына алып келді.

Ойлан!

Ру-тайпалық қатынастар үстем болған кезде неге өзара қырқыс соғыстар жиі жүрді?

Исламға дейінгі дәуірде арабтар *нұтқа табынушы* халық болды. Олар Күн, Ай, жұлдыздар және басқа да табиғат күштеріне табынды. Бұған қоса әрбір тайпа мен рудың өз қорғаушы-құдайлары да болды. Әр тайпа өз құдайын артық санап, осы негізде бір-бірімен



Меккедегі Қағба

жауласып отырды. Арабтардың соғыс жүргізуге тыйым салынған киелі орындары да болды. Осындай киелі орындардың бірі *Қағба* ғибадатханасы еді.

Ежелден арабтар Қағбаны қасиетті санап, оған *қажылық (тәу ету)* рәсімін жасап отырған. Қағба орналасқан *Мекке* қаласы арабтар үшін маңызды болды. Қажылық уақытында Меккеге ондаған мың арабтар Арабияның түкпір-түкпірінен ағылып келіп отырған. Мұның өзі ірі сауда жәрменкелерін өткізуге ықпал етті. VI ғасырдың ортасына қарай сауданың ерекше гүлденуі Мекке көпестерінің жоғарғы бөлігінің айрықша баюына алып келді. Ал қарапайым халықтың жағдайы одан сайын нашарлай түсті. Мекке қоғамында байлар мен кедейлер арасындағы қайшылық күшейіп кетті. Бұл дағдарыстан шығудың жолдарын адамдар дін саласынан іздестірді, өйткені ерте кезеңдерде кез келген халықтың санасында дін толықтай үстемдік еткен болатын.

Ойлан!

Неліктен ерте кезеңдерде халықтың санасында дін үстемдік етті?

Таным

Қағба — төрт бұрышты, бұрышына қасиетті қара тас қойылған ғибадатхана. Аңыз бойынша Қағба ғибадатханасын арабтардың арғы бабасы — Ибраһим пайғамбар, ұлы Исмайыл пайғамбармен бірге Алланың әмірімен тұрғызған. Қағбаның бұрышына қойылған қасиетті қара тасты Алла Тағала өзінің бар екендігінің белгісі ретінде адамдарға көктен түсірген деген сенім болған.

Мұхаммед пайғамбардың діни қызметі. *Ислам* дінінің негізін салушы *Мұхаммед пайғамбар* 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келді.

Мұхаммед көп уақытын ертеден аңсаған арманы — рухани ізденістермен, діни ой-толғаулармен өткізген. Ол жыл сайын Мекке маңындағы Хира тауының үңгірінде бір айын тақуалықпен өткізетін болған. Осындай оңашалану кезінде, 610 жылы оған Құранның алғашқы аяттары түседі.

Ізден!

Қосымша дереккөздерден Мұхаммед пайғамбардың балалық шағы, өмір жолымен таныс.

Мұхаммед барлық меккеліктердің басын қосқан бір жиында, оларға Алладан түскен алғашқы аяттардың мазмұнын жеткізді. Онда жаратушы Алланың біреу ғана екендігі, өзінің сол Алланың елшісі екендігі туралы айтылды. Алайда меккеліктердің көпшілігі Мұхаммедке сенгісі келмеді. Меккеліктердің жаңа діннен бас тартуының бірқатар себептері бар еді. Біріншіден, олар өздерінің ата-бабаларынан бері қарай ұстанып келе жатқан дінінен бас тартқысы келмеді. Оны өздерінің дәстүрінен бас тарту деп санады. Екіншіден, Меккенің бай-көпестері, егер жаңа дінді қабылдасақ бұрынғы үстем жағдайымыздан айырылып қаламыз деп қорықты. Өйткені Мұхаммед өзінің алғашқы уағыздарында-ақ байларды қатты сынға алған болатын. Ол әсіресе Мекке көпестерінің арасында кең өрістеген өсімкорлықты ерекше айыптады.

Ойлан!

Не себептен ислам дінін Меккенің бай-көпестері қабылдағысы келмеді, ал қарапайым халық, кедей-кепшіктер жақсы қабылдады?

Ислам діні кедейлерге, жетім-жесірлерге қамқорлық жасауға, мейірімді, рақымды болуға шақырды. Құлдарды еркіндікке жіберуді Аллаға жағымды іс деп жариялады. Сондықтан да Меккенің қарапайым халқы, кедей-кепшіктері ислам дінін қуанышпен қабылдап, олардың арасынан жаңа дінге өтушілер күн санап көбейе берді.

Таным

Ислам — арабтың сәлем сөзімен түбірлес, бүкіл әлемге бейбітшілік тілеу деген мағына береді.

Ислам дінін ұстанушыларды мұсылмандар деп атайды.

Исламның Арабияда жеңіске жетуі. Мұхаммед пайғамбардың уағыздарында меккелік бай-көпестердің ашкөздігі мен тоғышарлығы сынға алынғандықтан, олар жана дінді тұншықтыру мақсатымен алғашқы мұсылмандарға қарсы белсенді түрде күрес жүргізе бастады. Меккелік пұтқа табынушылар тарапынан қанша қуғын-сүргін көрсе де, Мұхаммед пайғамбар және алғашқы мұсылмандар өз сенімінен бас тартпады. Пұтқа табынушылардың қысымы ерекше күшейіп кеткен тұста Мұхаммед пайғамбар бастаған алғашқы мұсылмандар Меккеден кетуге мәжбүр болды. Жаңа дінді енді *Ясриб* қаласында уағыздау туралы шешім қабылданды. Ясрибтің әртүрлі қауымдары (арабтардың әртүрлі рулары, нудейлер) арасында бірлік болмай, үнемі бір-бірімен жауласып келген болатын. Ясриб тұрғындары өз қаласындағы осы қайшылықтарды тек Мұхаммед пайғамбар ғана шеше алады деп сеніп, оны қалаға шақырды. Мекке мұсылмандары Ясриб қаласына 622 жылы қоныс аударды. Мұхаммед пайғамбар қалаға келгеннен кейін, ислам діні арқылы Ясриб қаласы тұрғындарының ауызбіршілігіне қол жеткізді. Ислам діні ең алғаш рет осы қалада үстемдікке жетті. Сондықтан да қаланың атауы кейінірек *Медине* (қаланың араб тіліндегі толық атауы — Мадинат ан-Наби, яғни Пайғамбар қаласы) деп ауыстырылды. Мұсылмандардың Меккеден Мединеге қоныс аударуы *Хижра* деп аталып кетті.

Таным

Хижра — араб тілінен аударғанда “қоныс аудару” деген мағына береді. Қазір Хижра — мұсылман халықтары арасында жыл санаудың басы болып саналады. Өйткені дәл осы жылдан бастап ислам діні үстем дінге айнала бастаған болатын.

Медине қаласында алғашқы мұсылмандық қауым — *умма* пайда болды. Араб мемлекеті умма негізінде қалыптасты. Медине қаласы Араб мемлекетінің алғашқы астанасы болды.

630 жылдың 12 қаңтарында мұсылмандар Меккеге еш кедергісіз, салтанатты түрде кіреді. Бірде-бір оқ атылмады. Бұл уақытта мұсылмандардың күшінің өздерінен әлдеқайда басым екеніне меккеліктердің көзі жеткен болатын. Мекке мұсылман қаласына айналғаннан кейін, барлық араб тайпалары бірінен кейін бірі ислам дінін қабылдап жатты. Сөйтіп, бұрын тайпа-тайпа болып бір-бірімен жауласып келген арабтар бір дінге бірікті.



Анықта:

Ислам дінінің арабтар арасында толық жеңіске жетуінің басты себептері қандай?



688—691 жылдары Иерусалимде тұрғызылған
Омар мешіті

632 жылдың қаңтарында Мұхаммед пайғамбар Меккеге соңғы рет қажылық жасайды. Осы кезде исламдағы қажылық рәсімінің барлық салт-дәстүрлері қалыптасады. Қажылықтың осы дәстүрін мұсылмандар әлі күнге дейін бұлжытпай орындайды. Қажылықтан кейін Мединеге оралған пайғамбар, көп ұзамай науқастанып, сол жылы, яғни 632 жылдың маусымында дүниеден өтеді. Ислам тарихын зерттеуші ғалымдар Мұхаммед пайғамбар өзіне жүктелген тарихи міндетті толық орындады деп есептейді. Атап айтқанда, ол *ислам өркениетінің негізін* қалады.

Ізден!

Ғалымдардың көрсетуі бойынша, Мұхаммед пайғамбар өзіне жүктелген тарихи міндетті толық орындады. Атап айтқанда, ол ислам дінін арабтар арасында орнықтырып, жалпы арабтық біртұтас мемлекеттің негізін қалады. Араб қоғамын жаңа, прогресшіл дін — ислам арқылы біріктіріп, арабтарды тағылықтан алып шықты. Сенің ойыңша, Мұхаммед пайғамбардың тағы қандай маңызды қызметін көрсетуге болады? Сыныптастарыңның пікірін тыңда.

Біліміңді тексер:

1. Бәдеуілер кімдер және олар қандай шаруашылықпен айналысты?
2. Пұтқатабынушылық сенімін қалай түсінесің?
3. Хижа түсінігіне сипаттама беріп, оның исламдағы маңызын анықтап көр.
4. Мұсылмандардың Меккені алуының тарихи маңызын түсіндіріп көр.

§9. АРАБ ХАЛИФАТЫ. МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Араб халифатының қалыптасуы. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін, пайғамбар негізін қалап берген араб ислам мемлекетін *халифтер* басқарды. Халиф сөзі *ізбасар* деген мағына береді, яғни халифтер пайғамбардың ісін әрі қарай жалғастырушы ізбасарлары болды. Халифтер басқарған жалпы арабтық мемлекет *Араб халифаты* деп аталды. Алғашқы халифтер пайғамбардың *сахабалары* (ең жақын серіктері) арасынан сайланды. Сахабалар арасынан сайланған алғашқы төрт халиф, атап айтқанда, Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әли "*тақуа халифтер*" деп аталды. Өйткені олар пайғамбардың салып кеткен жолын берік ұстанып, халыққа әділ билік жүргізді.

Тақуа халифтер мемлекеттің іргесін бекітіп, мұсылман мемлекетінің шегарасын кеңейте бастады. Ерте кезеңдерде ұсақ мемлекеттер дербестігін ұзақ сақтап тұра алмаған. Мұндай ұсақ мемлекетті көрші жатқан империялық мемлекеттер толықтай өзіне қосып алып немесе вассалды тәуелділігіне бағындыратын болған. Сондықтан енді ғана қалыптасқан жас араб мемлекеті өз шегараларын кеңейтуге тиіс болды.

Ал шегараны кеңейту жаулаушылық соғыстар арқылы іске асатыны белгілі. Арабтар да өз мемлекетін кеңейтіп империя құру мақсатында көрші жатқан елдерге жаулаушылық соғыстарын бастап кетті. Шығысқа жорықтарында арабтар, ең алдымен, Сасанилік Иранмен қақтығысқа түсті. 636—652 жылдар аралығында өткен соғыстың нәтижесінде арабтар Иранды толықтай өзіне бағындырды.

Арабтардың батыс бағытындағы жорықтары Византияға қарсы бағытталды. 636 жылы Йармук өзенінің жағасында өткен шайқаста мұсылмандар ірі жеңіске жетіп, Византияның шығыс провинциялары — Сирия мен Палестина арабтар жағына өтеді. Сонымен бірге Византия арабтарға алым төлеуге міндеттелді. Бұрын арабтардың өзі бағынышты болып келген бұл екі империяны жеңіп, бірін толықтай, ал екіншісін жартылай өзіне қаратуы, әрине, арабтар үшін зор жетістік болды. Өз дәуірінің ең дамыған аймақтарына не

Бұл сабақта:

- халиф түсінігін, Араб халифаты мемлекетінің құрылғандығын;
- Араб жаулаушылықтарының себептері мен бағыттарын;
- Араб халифатының басқару жүйесін;
- Араб-мұсылман мәдениетінің ерекшеліктерін білеміз.

Тірек сөздер

Халиф
Халифат
Тақуа халифтер
Сахаба
Араб жаулаушылықтары

болу жас араб мемлекетінің өндіргіш күштерін, жалпы жағдайын барынша көтеріп тастады. Бұдан кейін арабтар “қасиетті қала” — *Иерусалимді, Египетті* басып алды.

Такуа халифтерден кейін билікке келген *Омейя* әулеті де жаулаушылықтарды одан әрі жүргізді. Бұл кезде арабтар Солтүстік Африка жерлерін бағындырып, Гибралтар бұғазы арқылы өтіп, Испанияны жаулап алды.

Омейялар тұсында жаулаушылықтар шығыс бағытында да жүргізілді. 670—676 жылдары Мәуереннахр (Әмудария мен Сырдария өзендері аралығындағы жер) жері алынды. Арабтар Үндістан жеріне де жаулаушылық жорықтарын жасайды. Алайда олар Үндістанға ішкерілеп енген жоқ, тек Солтүстік Үндістанның біраз жерін ғана жаулап алумен шектелді.

Сонымен араб жаулаушылықтарының нәтижесінде Халифаттың құрамына Үндістаннан Атлант мұхитының жағалауларына дейін созылып жатқан орасан зор аумақ енді. Араб жаулаушылықтарының негізгі мақсаты жаңа жерлерге не болып, сауда жолдарына бақылау орнату болды. Ежелгі дүние мен орта ғасырлардағы барлық жаулаушылықтар осы мақсатпен жүргізілді. Өйткені ерте дәуірлерде өндіргіш күштер төмен болғандықтан кішігірім мемлекеттер ұзақ өмір сүре алмады. Тек жаулаушылықтар нәтижесінде қалыптасқан алып империялар ғана ғұмырлы болды. Алайда араб жаулаушылықтарының басқа жаулаушылық соғыстардан манызды айырмашылығы болды. Кез келген қаланы жаулап алар алдында араб әскерінің қолбасшысы қаланың билеушісіне шарт қойды. Бірінші шарт — ислам дінін қабылдау, екінші шарт — егер исламды қабылдаудан бас тартса, онда мемлекетке жизия салығын төлеуі тиіс. Яғни, арабтардың жаулаушылықтары кезінде қалаларды қирату, бейбіт халықты қырғынға ұшырату болған жоқ.

Араб әскерлерінің жеткен шеткі нүктелері



Анықта:

Осы сызбаға қарап, оқулықтағы тақырып мәтіні бойынша араб жаулаушылықтарының картасын жаса.

Таным

Жизия — халифаттағы мұсылман емес халықтан алынатын салық. Осы салықты төлеу арқылы Араб мемлекетінің құрамындағы басқа дінді ұстанушы халықтар өз дінінде қала алды. Бұдан Исламдағы “дінде зорлық жоқ” деген қағиданың іс жүзінде орындалғандығын көреміз. Сонымен бірге мұсылман емес халықтардан мемлекет қазынасына түскен салық, сол халықтардың өзін сыртқы жаулардан қорғауға (әскер ұстауға) жұмсалды. Жизия салығы әр отбасынан жан басына қарай алынды. Сондықтан оны “жанбасы салығы” деп те атайды.

Бастапқыда тек арабтардың мемлекеті болған Халифат жаулаушылықтардың нәтижесінде құрамына әртүрлі халықтар мен аймақтар кірген алып *империяға* айналды.



Анықта:

Қосымша дереккөздерден араб жаулаушылығы, Жизия салығы туралы оқып, қандай маңызды айырмашылықтары болғанын анықта.

Араб халифатының саяси басқару жүйесі. Тақуа халифтер тұсында мемлекеттің әкімшілік-басқару жүйесі қалыптаспады. Олар елді тек өз беделімен басқарған болатын. Сондықтан халифаттың басқару жүйесі тек 661—750 жылдары билік құрған *Омейя* әулеті тұсында қалыптасты. Омейялар тұсында, сондай-ақ ең алғаш рет әулеттік билік пайда болды. Яғни, елді тек Омейя әулетінің өкілдері мұрагерлікпен басқаратын болды. Мұндай билікті *монархия* деп атайды. Ортағасырлық мемлекеттердің барлығы, Батыста да, Шығыста да монархия түрінде болды.

Ойлан!

Неліктен жас араб мемлекеті көрші елдерге жаулаушылық соғыстарын жүргізді?

Омейя әулеті басқарған Араб халифаты орта ғасырлардағы ең ірі мемлекет болды. Бірақ ұзақ жылдарға созылған ішкі қайшылықтар Араб халифатын әлсіретті. 750 жылы Әбу Мүслім бастаған көтерілістің нәтижесінде Омейя әулеті билік басынан қуылып, оның орнына *Аббас әулеті* (750—1258) келді. Аббасилер халифатын астанасы Бағдат қаласының атымен *Бағдат халифаты* деп те атайды. Бұл әулеттің билігі тұсында халифаттың саяси-әлеуметтік жағдайы және мәдениеті барынша шарықтап дамыды.

Бағдат халифатын 1258 жылы Шыңғыс ханның немересі *Дулагу хан* басқарған моңғол әскері басып алды. Бес ғасырдан аса өмір сүрген Араб халифаты өмір сүруін тоқтатты.

Ойлан!

Ислам дінінің негізінде Мұхаммед пайғамбар негізін салып беріп кеткен мемлекет неге ұзақ өмір сүре алмады?

Араб-мұсылман мәдениетінің қалыптасуы. Араб халифаты ыдырап кеткенімен, халифаттың құрамында болған халықтар, бұрынғысынша ислам дінін ұстана берді.

Ислам дінінің қарқынды түрде таралуы, халифат мәдениетінің сол дәуірдегі озық мәдениет болуымен де байланысты болды. Араб мәдениетінің дамуына ислам дінінің ғылым-білімге ерекше жағдай жасауы ықпал етті. Ислам діні *адамның ең басты көркі — білім* деп жариялады, білім алу әрбір мұсылманның міндеті деп есептелді. Білім беру ісінің дамып, кітап қорларының жинақталуына халифтер де ықпал етті. Мысалы, халиф әл-Әзиздің (туған жылы белгісіз — 996 ж. қайтыс болған) 120—160 мың томдық қоры бар кітапханасы болған. Мұсылман билеушілерінің тағы бір ерекшелігі — олар ғылыми жетістіктерді жинауға, алғашқы ғылыми саяхаттарды ұйымдастыруға, сарайда ғылым мен өнер адамдарының шоғырлануына ықпал етіп отырды. Осындай саясаттың арқасында Араб халифатының түрлі аймақтарында мәдени ошақтар, білім орындары көптеп ашыла бастады. Бағдат қаласында “*Даналық үйі*” (қазіргі тілмен айтқанда — Академия) ашылып, үлкен кітапхана жұмыс істеді. Даналық үйіне Халифаттың түкпір-түкпірінен ғалымдар шақыртылды.

Бағдат пен Дамаскіде *обсерватория* (аспан денелерін зерттейтін құрал орналасқан үй) жұмыс істеді.

Араб халифатында қалыптасқан мәдениетті халифатқа кірген барлық халықтар бірлесіп жасады, сондықтан да ол араб-мұсылман мәдениеті деп аталды. Араб-мұсылман мәдениетінің ғылыми жетістіктері ерекше зор болды. IX—XI ғасырларда мұсылман елдерінде философия, математика, астрономия, тарихнама, лингвистика (тіл білімі), химия, фармакология (дәрі-дәрмек жасау) барынша дамыды.

Ұлы араб-мұсылман ойшылдары — әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Киндилер ежелгі грек философтарының еңбектерін араб тіліне аударып, оларға түсіндірмелер жазды, осы негізде араб-мұсылман философиясы қалыптасты.

Отырардан шыққан атақты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби (870—950) араб-мұсылман мәдениетінің ірі өкілі болды. Араб фило-

софиясының негізін қалаған ол әрі энциклопедист-ғалым еді. Әл-Фараби астрономияны, логиканы, музыка теориясын, математиканы, әлеуметтану (қоғамтану) мен этиканы, медицина мен психологияны, философия мен құқықты зерттеді. Шығыста оны “екінші ұстаз” деп атап кетті (Аристотельден кейінгі). Қазақ даласының перзенті әл-Фараби, шын мәнінде, әлемдік деңгейдегі ғалым болды. Ол өзінің шығармаларында араб, парсы, грек, үнді мәдениеті мен түркі мәдениетінің жетістіктерін өзара ұштастырды. Фарабидің қолжазбалары қазір әлемнің көптеген кітапханаларында сақтаулы тұр. Әл-Фарабидің ықпалымен Ибн Синаның, Ибн Рушдтың, Омар Хайямның, Роджер Беконның, Леонардо да Винчидің және өзге де ойшылдардың дүниетанымы қалыптасты.

Араб жиһанкездері халифаттың барлық аймақтарына сапар шегіп, көптеген жағрафиялық еңбектер жазды, сол аймақтардың, теңіздердің карталарын жасады. Халифатта Птоломей еңбектеріне негізделген ғылыми география өркендеді. Араб тарихшысы әрі географы әл-Масуди “Замана тарихы” атты 30 томдық тарихи-географиялық энциклопедия жазды.

Араб әдебиетінің үздік туындыларының бірі — “*Мың бір түн*” хикаяты. Араб поэзиясының дамуына сопы шайырларының қосқан үлесі зор болды. Омар Хайям, Хафиз, Саади, Аттар сынды ақындардың туындыларындағы философиялық ойлар қазір де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Араб әріптерімен әсемдеп жазу немесе өсімдік және геометриялық пішіндерге негізделіп жасалған күрделі өрнек түрі *арабески* деп аталды.

VIII—XII ғасырлар арасында араб-мұсылман мәдениеті ерекше гүлденді, сондықтан тарихта осы дәуірді ислам мәдениетінің “*алтын ғасыры*” деп атайды.

Ізден!

VIII—XII ғасырлар ислам мәдениетінің “алтын ғасыры” қандай жаңалықтарымен ерекшеленді? Бағдатта ашылған “Даналық үйінің” мәні неде болды?

Араб математиктері мен астрономдарының еңбектерін ортағасырлық Еуропа ғалымдары басшылыққа алды. Еуропалықтар арабтардан карталар сызуды, тұсбағар мен глобусты пайдалануды үйренді. Ибн Синаның (Еуропада Авиценна деген атпен белгілі) латын тіліне аударылған медицина жөніндегі шығармалары XVII ғасырға дейін Еуропа дәрігерлерінің қолдан тастамайтын кітабы болды. Еуропалықтар халифат елдерінің мәдениетімен, негізінен, арабтар жаулап алған Испания арқылы танысты.

Ізден!

Ислам діні ғылым-білімнің барынша жағдайын жасады. Соның негізінде араб-мұсылман мәдениеті атты керемет гүлденген мәдениет қалыптасты. Ал ортағасырлық Еуропада христиан діні зайырлы ғылым-білімге тыйым салып, тек діни білім алуға ғана рұқсат берді. Алайда қазір кейбір мұсылман елдері, Еуропа елдерінен ғылым-білім, мәдениет жағынан біршама артта қалып отыр. Бұның себебін қалай түсінесің? Сыныптастарыңның пікірін тыңдап көр.

Таным

Белгілі шығыстанушы Франц Роузенталдың зерттеуі бойынша Құранда *ilm* (яғни: білім, ғылым) сөзі 750 рет, яғни өте жиі кездеседі екен. Араб халифатында білімділік ең жоғарғы қасиет деп есептелді. Білімді қадір тұту исламның қасиетті кітабы — Құранның өзінен бастау алды. Құранның бірқатар аяттары тікелей ғылым-білімге шақырады. Атап айтқанда, 58-сүреде: “Алла сендердің араларыңнан иман келтіргендердің, ғылым білгендердің дәрежелерін көтереді” — деген аят бар. Білім тақырыбы хадистерде (Пайғамбардың даналық сөздері) жан-жақты ашылды. “Ғылымды Қытайдан болса да ізде”, “Кімде-кім ғылымды сүйсе және ғалымды сүйсе, жаннатта ол менің көршім болады” — деген пайғамбардың хадистері мұның айқын айғағы.


Біліміңді тексер:

1. Тауа халифтер кімдер және олар қай жылдары билік құрды?
2. Халифаттың саяси басқару жүйесі қандай болды?
3. Араб жаулаушылықтары қандай бағыттарда жүргізілді?
4. Ислам діні қандай жолдармен тарады?
5. Ислам діні ғылым-білімге қалай қарады?
6. Араб-мұсылман мәдениетін кімдер жасады?
7. Араб халифатында қандай ғылым түрлері дамыды?
8. Араб-мұсылман мәдениетінің Еуропаға тігізген ықпалы қандай?



бөлім

ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР



КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ

§10. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ, БАРЫСЫ МЕН САЛДАРЛАРЫ

Бұл сабақта:

- крест жорықтары туралы;
- крест жорықтарының қашан болғанын және шынайы себептерін білеміз.

Тірек сөздер

Саллах-ад-дин
Рим Папасы
II Урбан

Крест жорықтарының негізгі себептері қандай болды? 1095 жылдан 1292 жылға дейін еуропалық рыцарьлардың шығыстағы мұсылман елдеріне қарсы басқыншылық жорықтары орын алды. Бұл соғыстар “крестшілер жорықтары” деген атқа ие болды. Крест жорықтарының басты себебі — ислам әлемінің өрлеп, христиан әлемінің, керісінше дағдарысқа ұшырауы болды. Рим папасын киелі жердің байлығы мен құнарлылығы қызықтырды.

200 жыл бойы Рим папалары, корольдар мен рыцарлар Иса Мәсіхтің өмірімен байланысты Иерусалимде және басқа жерлерде билігін орнатқан мұсылман патшалықтарына қарсы қатыгез жорықтар жүргізді. Шын мәнінде, бұл батысеуропалық рыцарлардың

Жерорта теңізінің шығысындағы елдерге қарсы бағытталған әскери-отаршылдық басқыншылығы еді. Иерусалимді басып алып, Рим папалары өз биліктерін Шығыс елдеріне де орнатуды аңсады. Олар Шығысқа жорық Римге православие шіркеуін бағындыруға көмектеседі деп үміттенді.

Крест жорықтарының барысы. VII—VIII ғасырларда ислам діні негізінде құрылған Араб Халифаты өз үстемдігін шығыста Қытайдан, батыстағы франктер мемлекетіне дейінгі жерлерде, бүкіл Солтүстік Африкада орнатты. Бұл кезде христиан дінінің ішінде өзара түсініспеушілік пайда болып, Рим мен Константинопольдегі дінбасылардың арасындағы алшақтық күшейді. Бұл 1054 жылы христиан дінінің католиктік және православиялық болып бөлінуіне әкелді.

1095 жылғы 18 қараша күні Оңтүстік Франциядағы Клермон деген қалада шіркеулік собор шақырылды. 26 қараша күні Рим

Папасы II Урбан (1088—1099) жиналғандарды қолға қару алып “Қасиетті жерді” жаулап алған селжүктерге қарсы крест жорығына шақырды.

Ойлан!

Крест жорықтарының себебі неде?

Папаның үндеуіне, ең алдымен, рыцарьлар үн қосты. Папаның үндеуін жаңа иеліктер мен өнім өндірушілерді табуға үміттенген герцогтер, графтар мен корольдар да қабыл алды. Соңғы жылдардағы жұтқа байланысты елдегі қиын жағдайдан аман қалуды ойлаған шаруалар да үндеуді қарсы алды. Кресшілермен бірге жорыққа саудагерлер де қатысты. Олар шығыс тауарларын сатып тез байып алуды ойлады.

Папа үндеуін қабыл алғандар өздерінің қасиетті жерге, христиан жауларына қарсы жорыққа аттанушылар екендігін білдіру үшін киімдеріне қызыл матадан жасалған крест белгісін тігіп алды. Сол себепті тарихшылар Жерорта теңізінің шығысына жасалған бұл жорықтарды кресшілер жорығы деп атады. Ал жорыққа қатысушылардың өздері оны “*Қасиетті жерге сапар*” деп атаған болатын.

1096 жылғы сәуір айында Франция мен Германияның оңдаған мың кедей шаруалары “киелі жерге” аттанды. Олар сойылмен, балтамен, айыр-оракпен, найзамен қаруланды. Оларды Солтүстік Францияның Амьен деген елді мекенінен шыққан тақуа Петр Пустынник (ешқандай дүние-мүлкі жоқ болғандықтан солай аталған) басқарды. Жорықты басқаруда оған кедейленген франциялық рыцарь Бальтер Голяк пен Рейн облысынан шыққан священник Готшалк көмектесті.



Анықта:

Бірінші крест жорығы қашан болды? Оған кімдер қатысты?

Кедейлер жасағының ат төбеліндей қалдығы ғана Византияға аман-есен жетті. Император I Алексей Комнин оларды жылы шыраймен қарсы алған болып, “батыс варварлардың” (оларды византиялықтар осылай атайтын) мазасыз тобырын тезірек Босфор бұғазы арқылы Кіші Азияға өткізіп жіберді.

1096 жылы қазан айында Кіші Азияға басып кірген кресшілерді селжүк түріктерінің әскері толық талқандады.



Бірінші крест жорығы

Феодал рыцарьларының бірінші крест жорығы (1096—1099). Кедей шаруалар мен ұсақ рыцарь жасақшылары қырылып жатқан кезде Батыс Еуропа елдерінің феодалдары бастаған, жақсы қаруланған әскері оларға көмекке аттанды. Бұл әскер қаражатпен, азық-түлікпен, көлікпен қамтамасыз етілді. Үш топтан тұратын рыцарь әскерінің ортақ қолбасшысы болмады. Жасақтар жорыққа бір мезгілде аттанбады. Жасақтардың бәрі бір жолмен жүрмей, әрқайсысы өзі таңдап алған жолмен аттанды. Біреулері Рейн-Дунай жолымен, екіншілері Адриат теңізі жағалауымен, үшіншілері теңіз жолымен жүріп, 1096 жылдың аяғы мен 1097 жылдың басында Византияның астанасына келе бастады.

1098 жылдың басында Балдуин Фландрский басқарған кресшілер тобы Солтүстік Месопотамияның бай қаласы Эдессаны басып алды. Онда кресшілер өздерінің бірінші мемлекеті — Эдесса графтығын құрды.

Кресшілердің Жерорта теңізінің шығысындағы мемлекеттері. Жаулап алынған жерлерді қорғап тұру үшін кресші рыцарьлардың

әскери күші жеткіліксіз болды. Сол себепті XII ғасырдың басында кресшілер діни-рыцарлық ордендер деген атпен белгілі болған тұрақты әскери ұйымдарын құра бастады. Ең алдымен “госпитальерлер (поаниттер)” ордені құрылды. Келесі бір діни-рыцарлық орден тамплиерлер (ғибадатханашылар) ордені деп аталды. Тағы бір орденді мүшелерінің басым көпшілігі Германиядан келген немістер құрды. Ол тевтон (немістік) ордені деп аталды. Орден Палестинадан XIII ғасырға қарай кетті. Сол ғасырдың басында тевтондықтар Шығыс Прибалтикаға орнықты.

Ордендерге монах болуға (дүние-мүлік жинамауға, үйленбеуге, тілалғыш болуға) және қолына қару алып, “христиан дінінің дұшпандарымен” күресуге ант бергендер қабылданатын. Сөйтіп, діни-рыцарлық ордендердің мүшелері әрі тақуалар, әрі рыцарьлар болып саналды. Егер Батыстағы тақуалардың басты жұмысы дұға оқу мен еңбек болса, діни-рыцарлық тақуалардың ең басты ісі — соғыс болды. Ордендердің мүшелері тікелей Рим папасына бағынатын. Ордендер ұлан-ғайыр байлық пен жерлерді иемденді, саудамен айналысты.

Екінші және үшінші крест жорықтары. XII ғасырда мұсылман елдерінің ынтымағы нығайып, күшейе түсті. Олар енді кресшілер мемлекеттерін ығыстыра бастады. 1144 жылы кресшілердің алғашқы мемлекеті — Эдесса құлады. Католик шіркеуі, Батысеуропалықтарды қайтадан крест жорығына шақыра бастады. Француз королі VII Людовик пен неміс императоры III Конрадтың басшылығымен алдыңғы Азияға екінші крест жорығы (1147—1149) басталды.

1148 жылдың басында екі елдің кресшілері де теңіз арқылы Палестинаға жетті. Антиохия князімен бірігіп неміс императоры мен француз королі Дамаскіні қоршады. Оны ала алмаған соң, алдымен III Конрад, кейін VII Людовик елдеріне қайтты. Кресшілер үшін бұл жорық толық сәтсіздікпен аяқталды.

Салах-ад-дин. 1171 жылы Египеттегі билік Салах-ад-диннің (1138—1193) қолына көшті. Көп ұзамай ол Месопотамия мен Сирияны басып алып, оларды Египетпен және Хиджазбен бір мемлекетке біріктірді. Салах-ад-дин кресшілерге қарсы соғыс жариялап, оларды Тивернад маңында талқандады. Салах-ад-дин жеңілген қалада кресшілер сияқты қырғын жасамай, құн төлетіп, қала тұрғындарына бостандық берді.

Үшінші крест жорығы. Салах-ад-диннің Иерусалимді басып алуы Еуропа феодалдарының үшінші крест жорығын (1189—1192) ұйымдастыруына түрткі болды. Бұл жорыққа Германия императоры I Фридрих Барбаросса (Жпренсақал) басқарған неміс,

Англия королі “Арыстан жүректі” І Ричард басқарған ағылшын және Франция королі ІІ Филипп Август басқарған француз рыцарьлары қатысты. Бұл үш мемлекет басшыларының арасында бірлік болмады, керісінше бір-біріне деген қастандық ой басым болды. Үш елдің кресшілері бірікпей, бөлек жолдармен кетті.

1190 жылы көктемде Фридрих Барбаросса бастаған неміс рыцарьлары Кіші Азияға келіп жетті. Бірақ неміс рыцарьлары Аккаға жете алмады. Кіші Азиядағы Салеф өзенінен өту кезінде император Фридрих Барбаросса суға кетіп өлді. Үшінші крест жорығы кресшілерге бұрынғы жағдайды қалпына келтіруге көмектесе алмай, сәтсіз аяқталды.

Ойлан!

Крест жорықтарының басқыншылық сипатын неден байқауға болады?

Төртінші крест жорығы. Кресшілер баюды ғана ойлайтын қарақшылар екенін анық көрсетті. 1193 жылы Салах-ад-дин қайтыс болған соң оның мемлекеті билікке таласқан балаларының арасында бөліске түсті. Бұл Еуропада Иерусалимді қайтарып алу үмітін тұтатты.

XII ғасырдың аяғынан бастап Рим папасы ІІІ Иннокентийдің (1198—1216) тұсында папалықтың Батыс Еуропа елдері арасындағы ықпалы ең жоғарғы шегіне жетті. Енді Иннокентий апостол тағының билігін дүниежүзіне таратуға, ол үшін алдымен шығыс православиелік шіркеулерді папалыққа бағындыруды көздеді. Сондықтан да ол батысеуропалықтардың мұсылмандарға деген өшпенділігін өршіте түсіп, феодалдар мен рыцарьларды төртінші крест жорығына шақырды. Бұл үндеу Францияның, Италия мен Германияның феодалдары арасында қолдау тапты. Неміс феодалдары сонымен қатар Балтық жағалауына да аттанды.



Салах-ад-дин

Шығысқа қарай бет алған кресшілер, флотты пайдалану мақсатымен, жорықты Венециядан бастауды ұйғарды. Кресшілердің ең бірінші көздегені Египет болатын. Оны басып алса, Иерусалимді қайтарып алу оңай болады деп есептеді. Бірақ Венеция көпестері кресшілерді өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысты. Олар кресшілерді өздерімен қызу сауда жүргізіп

отырған Египетке емес, бәсекелесі болып келе жатқан Византияға қарай бағыттады. Жолда венециялықтар кресшілерді Долмацияның Задар қаласын басып алуға ітермеледі. Бұл мақсатына жеткен соң Венеция ақсүйек көсемі Э.Дандоло кресшілердің қолбасшысы, итальян князі Бонифаций Монферратскимен жасасқан келісім бойынша “Иса жауынгерлерін” Константинопольге алып келді. Бұл жақта тақ үшін талас жүріп жатқан болатын. Дандоло тақты заңды императорға қайтарып беруге көмектесеміз деп, кресшілердің әскерін Византия астанасын басып алуға айдап салды. Кресшілер қаруын мұсылмандарға емес, византиялық христиандарға қарсы кезеді.

1204 жылғы 9—13 сәуір аралығында 20 мыңдық кресшілер әскері Константинопольге шабуыл жасап, жарты миллион халқы бар қаланы басып алды. “Иса жауынгерлері” үйлер мен шіркеулерді тонап, өнер ескерткіштерін қиратты. Еуропаның ең бай қаласын немденген кресшілер Византияда өз мемлекетін құрып, Палестинаға бармай қалды. Олардың мемлекеті “Латын империясы” деп аталып, 1261 жылға дейін өмір сүрді.

Венециандықтар үлесіне Византияның едәуір бөлігі, соның ішінде Константинопольдің, Адрианопольдің бір бөлігімен Мәрмәр теңізінің жағасындағы кеме тұрақтарының бірсыпырасы тиді. Венециандықтар бұдан басқа Эгей теңізіндегі бірқатар аралдарды, Пелопоннестің оңтүстік-батыс бөлігін, Крит аралын басып алды.

XIII ғасырдың ортасында Египет билігі мәмлүктердің қолында болатын. Кресшілердің ұсақ мемлекеттері орналасқан Палестинаға қарсы мәмлүктер жорықтар ұйымдастырып отырды. Мәмлүктік Египеттің сыртқы саясатының басты бағыты кресшілерді Сирия, Палестина жерінен қуып шығу еді. Сұлтан Бейбарыс кресшілерге шешуші соңғы жорықтарын ұйымдастырды.

1260 жылы Сирияны бағындырған Сұлтан Бейбарыс біртіндеп кресшілердің қамалдарын қиратты. 1262 жылы Антиохия, ал 1263 жылы тікелей Бейбарыстың жетекшілігімен Акра, Тира, Триполи кресшілерден тартып алынды. 1265 жылы Сұлтан Бейбарыс Бира, Кесария, Арсуф қамалдарын алды.

1266 жылы тамплиерлердің Сафед қамалын қиратады. Сафед қамалын негізгі бекінісіне айналдырып, 1267 жылы Акко, Тир қамалдарын алады. 1268 жылы Антиохияны құлатты. Сұлтан Бейбарыс 1260—1270 жылдары шабуылдары арқылы Иерусалим корольдығының аумағын қысқартып, кресшілерді Таяу Шығыстан қуып шығып, крест жорықтарының дәуірін аяқтады.

Ізден!

Сұлтан Бейбарыс пен Мәмлүктер мемлекетінің Қазақстан тарихымен қандай байланысы бар екенін анықта.

Батыс Еуропа басқыншылары мұсылман елдеріндегі өздерінің барлық иеліктерінен айырылды: 1289 жылы Египет әскері Триполиді басып алды, 1291 жылы крестшілердің ақырғы тірегі Акка (Акра) құлады.

Крест жорықтарының салдарлары. Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері мен католик шіркеуі тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркеннеттің дамуына, Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің шаруашылығына, мәдениетіне орны толмас зиян келтірді. Көптеген өнер туындылары, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті. Палестинаның теңіз жағалауындағы қалаларының көпшілігі XIII ғасырдың аяғына қарай қирап қалды.

Дегенмен крест жорықтарының Батыс Еуропа елдерінің экономикасы мен мәдениетінің, саяси өмірінің дамуында маңызы зор болды. Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін үйренді.

Батыс Еуропа халықтары Шығыстың шаруашылықтағы жетістіктерін меңгерді.

Крест жорықтары Батыс Еуропада сауданың, колөнердің және тауар-акша қатынастарының дамуына да айтарлықтай әсер етті.

Ойлан!

Шығыс елдері үшін крест жорықтарының салдары қандай болды?

Біліміңді тексер:

1. Крест жорықтарын ұйымдастырушы кім болды?
2. Еуропаның картасынан орта ғасырлардағы әскери-отарлау қозғалысының негізгі бағыттарын көрсет.
3. Сұлтан Бейбарыс туралы не білесің?
4. Салах-ад-дин кім?

§11. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫНАН КЕЙІНГІ ХРИСТИАНДЫҚ ЕУРОПА МЕН МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

Еуропаның экономикасы мен мәдениетінің дамуына аса зор ықпал еткен крест жорықтары, керісінше мұсылман елдеріне шексіз қасірет алып келді. Жорықтардың салдарынан аймақтың өндіргіш күштері тоқырап қалды. Кресшілер жылдар бойы мұсылман елдерін тонап, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет қалаларын қиратып, халқын жокшылыққа ұшыратты. Эдесса (Руха), Кесария, Аскалон сияқты қалалар тоқырауға ұшырады. Экономикалық және мәдени жағынан гүлдеп тұрған Таяу Шығыс орталықтары крест жорықтарының салдарынан жермен-жексен боп жатты.

Мықты бекінген Таяу Шығыс қалаларын алу кресшілерге оңайға соқпады. Сондықтан кресшілер бұл қалаларды қоршауға алуға мәжбүр болды. Ал мұндай ұзаққа созылған қоршаулар үшін құрылыс ағаштары көптеп қажет болды. Соның салдарынан Таяу Шығыстың көпшілік ормандары жойылып кетті.

Бұл сабақта:

- крест жорықтарының шынайы себептерін;
- кресшілердің Шығыста құрған мемлекеттерін;
- кресшілер мен мұсылмандардың Шығыстағы өзара қарым-қатынастарын;
- крест жорықтарының Батыс пен Шығыс үшін қандай салдары мен нәтижесі болғандығын білеміз.

Тірек сөздер

Кіші Азия
Палестина
Селжүктер
Мәмлүктер
Таяу Шығыс



Селжүктер. Ортағасырлық миниатюра



Орта ғасырлар рыцарі

Ойлан!

Крест жорықтары мұсылман әлемін өзгерте алды ма?



Усама Мункыз

Кресшілер жаулап алған Палестина мен Ливанның сауда-қолөнермен айналысатын халқы кресшілер қаупінен тыс болған Египетке көшіп кетті. Бұл Египеттің экономикасының дамуына айтарлықтай оң ықпал еткенімен, Сирия мен Палестинаның мыңжылдықтардан бері келе жатқан өндіріс орталықтарын қиратып тастады.

Кресшілер мұсылман әлемінің түкпірлеріне ене қойған жоқ болатын. Крест жорықтары тек шегаралық аймақтарға ғана жасалды. Бұл жерлердің өзінде, екі жүз жылдай өмір сүрген кресшілердің кішігірім мемлекеттері аса бір маңызды саяси фактор бола қойған жоқ. Таяу Шығыста крест

жорықтары дәуірінде орын алған саяси өзгерістер, кресшілердің ешқандай қатысуынсыз өздігінен жүріп жатты. Атап айтқанда, осы кезде Таяу және Орта Шығыста Ұлы Селжүк мемлекеті (негізін қалаған қазіргі Қазақстан жерінен шыққан оғыз — селжүктер) орныққан болатын. Алайда ол көп ұзамай ыдырап, Египет пен Сирияда

Фатимилік халифат калыптасты. Оның да өмірі ұзаққа созылмай, фатимилерден билікті аюбилер тартып алады. Аюбилер — атақты Салах-ад-дин негізін қалаған әулет. Аюбилерден кейін билікке мәмлүктер келді. Мәмлүктер — турамағынасы — “ақ құлдар” — түркілерден, кавказдықтардан шыққан жауынгер құлдар, олар Таяу Шығыста 1250—1517 жылдар аралығында билік құрды. Крест жорықтары әлсірей бастаған уақытта монғол шапқыншылықтары басталды. Монғолдар мұсылмандардың қолынан Алдыңғы Азия (Иран, Ирак) жерлерін тартып алғанымен, Египетті ала алмаған болатын. Мәмлүктер Египетті



Мәмлүк жауынгері

кресшілерден ғана емес, монғолдардан да қорғап қала алды. Алайда кресшілердің мұсылман елдеріндегі билігі ұзаққа созылмады. Көп ұзамай мұсылманда р өз жерлерін кресшілерден толықтай азат етті.

Анықта:

Мәмлүктердің кресшілермен күресіндегі атақты жерлесіміз Сұлтан Бейбарыстың ерлігі туралы Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті пәндерінен алған біліміңді пайдалана отырып эссе жаз.

Ізден!

Араб жазушысы Усама Мункыздың өз еңбегінде франктерді жауыздар, қатыгездер деуі жайдан-жай болмаса керек. Қосымша дереккөздерден Усама Мункыздың “Өсиет кітабы” атты еңбегімен таныс. Автор жауынгердің ерлігін қалай суреттеген?

Біліміңді тексер:

1. Крест жорықтары мұсылман елдеріне қандай зардаптар алып келді?
2. Кресшілер мемлекеттерінің Таяу Шығыстағы саяси жағдайға ықпалы қандай болды?
3. Крест жорықтары туралы қандай деректерді білесін?

МОҢҒОЛДАР

§12. ШЫҢҒЫС ХАН

Бұл сабақта:

- моңғолдардың орналасқан жерін;
- Темучиннің моңғолдардың басын біріктіріп, мемлекет құруын;
- Моңғол мемлекетінің басқару жүйесін білетін боламыз.

Тірек сөздер

Моңғолдар
Темучин
Шыңғыс хан
Мемлекет



Шыңғыс хан

Моңғолдардың тарих сахнасына шығуы. Моңғолдар — Амур өзенінің оңтүстік жағалауында, Кіші Хинган тау жоталарының шығысында өмір сүрген тайпалар. Батысында олар түркілермен, оңтүстікте кидандармен көрші болды. X—XI ғасырларда моңғолдар батысқа қарай жылжи отырып, Халхада үстемдік етіп отырған түркі тілді халықтарды ығыстыра бастайды. Осы қоныс аударулардың нәтижесінде олар қоғамдық және мәдени деңгейі өздерінен жоғары түркілермен тығыз байланысқа түседі. Бұл моңғолдардың саяси және мәдени жағынан қарқынды дамуына ықпал етеді.

XII ғасырдың ортасында моңғолдардың алғашқы мемлекеті — *Хамаг моңғол ұлысы* пайда болды. Цзиньдік Қытаймен бірде жауласып, бірде келісімге келіп отырған бұл мемлекет билік жолындағы ішкі күрестің салдарынан көп ұзамай өмір сүруін тоқтатады. Хамаг моңғол ұлысы ыдырап кеткеннен кейін моңғолдар Онон мен Керулен өзендерінің аңғарында көшіп-қонып жүрді. Бұл аймақта моңғолдардың бірнеше тайпалары мекендеді. Шыңғыс хан шыққан — кият-бөржіген тайпасы қонырат тайпасымен некелік байланыста болатын. Қоныраттар Оңтүстік-Шығыс Моңғолияны мекендеді. Буыр-Нор және Далай-Нор көлдері маңында татарлар өмір сүрді. Орхон өзенінің төменгі ағысы мен Селенга өзенінің бойында меркіттер көшіп-қонып жүрді. Керейіттер Хангай тау бөктерінде, Керулен, Орхон, Тола өзендері бойында өмір сүрді. Қазіргі Моңғолиян ын батыс бөліктерін наймандар алып жатты.

XII ғасырда Моңғолия халқы өмір салты бойынша орман адамдары және далалықтар болып екіге бөлінді. Орман адамдары аңшылықпен және балықшаруашылығымен айналысты. Моңғолдардың негізгі бөлігі — далалық моңғолдар көшпелі малшаруашылығымен айналысты.

XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Моңғолия жерінде кият-бөржіген тайпасының көсемі Есугей баһадүрдің ұлы *Темучин* билік еткен ірі мемлекет құрылды. Темучиннің балалық шағы моңғол тайпалары тарихындағы аса бір қиын-қыстау заманмен тұспа-тұс келді. Ол Онон өзенінің бойында мекендеген атакты моңғол отбасында дүниеге келеді. Темучин тоғыз жасқа толғанда, тайпааралық өзара тартыстардың кезінде әкесі Есугей баһадүр қаза табады. Қорғаушысынан және мал-мүлкінен айырылған отбасы, ағайындарынан теперіш көріп, туған өлкесінен кетуге мәжбүр болады. Олар тоғайлы алқапта қатал қыстан әрең аман қалады.

Ол балалық шағының ауыртпалықтарымен шыныққан табанды мінезін әркез көрсете білді. Жас жігіт бірте-бірте хас жауынгерге айналды: дала тұлпарын аса еппен бағындыру, садақтан дәл ату, аттың бар шабысымен жүріп келе жатқанда арқан лақтыру және қылыштас у өнерін жетік менгерді. Осындай жауынгерлік



Хан ордасы нөкерлерімен және сақшыларымен. XIII ғ. миниатюрасы

Шыңғыс хан империясының басқару жүйесі



қасиеттерінің, сондай-ақ ерекше жігерлігінің арқасында Темучин өз тайпасының көсемін е айналады.

Анықта:

Темучиннің бойында жастайынан қандай қасиеттер қалыптасты?

XII ғасырдың соңғы ширегінде Темучин моңғол тайпаларын біріктіру жолындағы саяси күресін бастайды, бұл күресінде оған керейіттер ханы Тоғрыл біраз уақыт қолдау көрсетеді.

Таным

Шыңғыс хан өзінің қатаң ақсүйектік көзқарастарына қарамастан, әскербасылар мен ең жоғарғы әкімшілік қызметтерге тағайындағанда, ең алдымен, адамдардың шығу тегіне емес, біліміне, жеке қасиеттеріне, әсіресе адамгершілік қасиеттеріне ерекше маңыз берген. Ол адамдардың бойындағы адалдық, шынайылық пен табандылық сияқты қасиеттерді ерекше жоғары бағалаған. Ал сатқындық пен қорқақтықты жек көрген.

20 жылға созылған киян-кескі күрес нәтижесінде Темучин Моңғолияның бүкіл тайпаларын өз қол астына біріктірді.

1206 жылы Онон өзенінің бойында өткен барлық моңғол тайпаларының бас қосқан құрылтайында Темучин Моңғол мемлекетінің ұлы ханы болып сайланады, оған Шыңғыс хан (көне түркі тілінде теңіз, мұхит деген мағына береді) деген атақ берілді.

Шыңғыс хан мемлекетінің саяси жүйесі. Орталық Азияда ежелден үстемдік етіп келе жатқан дәстүр бойынша Шыңғыс хан мемлекетті орталыққа және екі канатқа бөлді. Орталық билік Шыңғыс ханның және оның мұрагерлерінің қолында шоғырланды. Ханның билігі шексіз деп есептелді. Алайда хан билігін Ұлы Құрылтай едәуір шектеп отырды. Құрылтайда хан сайланды және мемлекеттің маңызды мәселелері қарастырылды.

Моңғол мемлекетінің басты заңы *Яса (Жасақ)* деп аталды. Жасақ заңы екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде Шыңғыс ханның өзі айтқан нақыл сөздері мен ел басқарудағы нақты шешімдері жазылса, екінші бөлімде әскери, азаматтық істерді орындаудағы жалпы заңдар және олардың орындалмағаны үшін берілетін жаза түрлері, яғни қылмыстық құқық қарастырылды.

Ойлан!

Моңғолдар мемлекетін кім құрды? Яса(Жасақ) деген не?

Шыңғыс хан мемлекеті ресми түрде Еге Моңғол ұлыс — Ұлы Моңғол мемлекеті деп аталды. Хан және оның жақындары хан билігін — Тәңірінің сыйы деп қарастырды. Хан Тәңірінің жердегі өкілі. Кез келген билеушінің, кез келген халықтың оның билігін мойындаудан бас тартуы бүлік деп қарастырылып, мұндай бүлікшілерді күшпен бағындыру қажет деп саналды. Хан билігі туралы осы түсініктер моңғол жаулаушылықтары барысында қарудың күшімен іс жүзіне асырылып отырылды.



Анықта:

Моңғол жаулаушылық соғыстары туралы тарихшы Рашид ад-дин қай еңбегін жазды?

Біліміңді тексер:

1. Моңғолдардың қонысы, шаруашылығы жөнінде айтып бер.
2. Темучиннің балалық шағы жөнінде не білесің?
3. Моңғол мемлекеті қашан және қалай құрылды?
4. Шыңғыс хан мемлекетінің саяси құрылымы қандай болды?

§13. МОНҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Бұл сабақта:

- моңғолдардың Қытайды жаулап алуын;
- моңғолдардың Қазақстан, Орта Азия және орыс жерлерін жаулап алуын;
- моңғолдардың Таяу Шығысқа жорығын;
- Моңғол империясының құрылғандығын білеміз.

Тірек сөздер

Жаулаушылықтар
Моңғол әскері
Түмен
Империя

Шыңғыс ханның таңғұттарға және Қытайға қарсы жорығы. Шыңғыс хан моңғолдарды біріктіріп біртұтас мемлекет құрып алғаннан кейін, бұл мемлекетті ұлғайтып, империяға айналдыру мақсатын қойды. Осы мақсатпен көрші елдерді жаулап алу соғыстарын бастап кетті. Моңғолдардың ең алғашқы соққысы оңтүстіктегі таңғұттардың Си Ся мемлекеті мен Қытайдың Цзинь империясына қарсы бағытталды. Екі мемлекетпен де соғыс ұзаққа созылды, бірнеше кезендерден тұрды. 1205—1210 жылдар аралығында таңғұттармен болған соғыстың алғашқы кезеңінің нәтижесінде, олармен келісім жасалып, Си Ся өзінің моңғолдардан вассалдық тәуелділігін мойындады.

Осыдан кейін Шыңғыс хан Шығыс Азиядағы ең қуатты мемлекет — Қытайдың Цзинь империясымен соғыстарын бастады (Қытайдың солтүстігінде XII ғасырдың аяғында құрылған Цзинь империясын моңғолтекес тайпалардың бірі — чжурчжендер құрған болатын). 1211 жылдың ақпанында Шыңғыс

ханның өзі басқарған моңғол әскері Цзиньнің шегаралық бекінісін бұзып өтіп, чжурчжендердің жеріне басып кірді. Моңғолдардың Қытайға қарсы соғысы ұзаққа созылды. 1211—1279 жылдар аралығында 3 кезеңге бөлініп жүргізілген соғыстардың нәтижесінде бүкіл Қытай жері Моңғол империясының құрамына қосылды.

Қытайға қарсы жорықтардың *бірінші кезеңінде* (1211—1220) Солтүстік Қытайдың үлкен бөлігі, астанасы — Пекинді қоса, жауланып алынды. Соғыстың *екінші кезеңінің* нәтижесінде (1227—1234) таңғұттардың Си Ся мемлекеті толық талқандалды, ал 1234 жылы Цзинь империясы біржолата өмір сүруін тоқтатты. Соғыстың *үшінші кезеңінде* (1235—1279) моңғолдар Қытайдың оңтүстігіндегі Сун империясымен ұзаққа созылған соғыс жүргізіп, нәтижесінде бүкіл оңтүстік Қытайды толық бағындырды.


Шыңғыс ханның Қазақстан, Орта Азия мен Кавказ жерін жаулауы. Қытайға қарсы соғыстың бірінші кезеңі аяқталмай жатып-ақ, Солтүстік Қытайдың едәуір бөлігі жауланып алынғаннан кейін, Шыңғыс хан батыстағы жерлерге көз тікті. Монғолияның батысында

бұл кезде екі үлкен мемлекет болатын, бұлар — қарақытайлықтардың (кидандар) Батыс Ляо мемлекеті мен Хорезмшахтар мемлекеті. Қарақытайлықтар үстемдік еткен Жетісу өңіріне моңғолдар ең алғаш рет 1211 жылы наймандардың ханзадасы Күшлікті қуып келген болатын. Батыс Ляо мемлекетіндегі билікті тартып алған Күшлік жергілікті мұсылмандарға қысым көрсете бастайды. Осы жағдайды ұтымды пайдаланған Шыңғыс хан, 1217 жылы Жетісу жеріне Жебе ноян басқарған моңғол әскерін жібереді. Діни еркіндік ұранын көтерген Жебе ноянға мұсылмандар қолдау көрсетіп, Күшлікке қарсы бас көтереді. Нәтижеде Күшлік жеңіліс тауып, 1218 жылы Жетісу жері толықтай моңғолдардың қолына өтеді.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Қазақстанның қалған бөліктері мен Орта Азияны жаулап алуға жол ашылды. Бұл өңірге басып кіруге “Отырар апаты” деп аталып кеткен оқиға себеп болды.

Анықта:

Картаға қарап, моңғолдардың Қытайдың Сұң империясына басқыншылық жорықтарының бағыттарын анықта.



Моңғолдардың Сұң империясын жаулап алуы

Ізден!

Қазақстан тарихы пәні бойынша өткен “Отырар апаты” оқиғасын еске түсір. Тарихи мәні неде?

1225 жылы Шыңғыс хан Орта Азиядағы иеліктерді басқаруды Хорезм көпесі Яловачқа тапсырып, өзі Моңғол империясының орталығы Қаракорымға қайтып кетеді. Бұған себеп болған таңғұттардың бас көтеруі еді. 1226 жылы Шыңғыс хан таңғұттарға қарсы соңғы жорығын жасайды. Жорық нәтижесінде моңғолдар ірі жеңіске жетіп, таңғұттарды толық бағындырады. Осы жорықтан қайтып оралғаннан кейін Шыңғыс хан аң аулап жүріп аттан құлап, мертігеді. Шыңғыс ханның өмірінің соңына қарай Моңғол империясының құрамына Моңғолияның өзінен бөлек, Солтүстік Қытай, Шығыс Түркістан, Орта Азия, Ертістен Еділге дейінгі далалы аймақ, Иран мен Кавказдың үлкен бөлігі кірді. Бұл жерлерді Шыңғыс хан ұлдары — Жошы, Шағатай, Үгедей және Толыға бөліп берді.

Батудың орыс жеріне жорығы. 1227 жылы Жошы өлген соң оның орнына ұлы — Бату (Батый) отырды. 1235 жылы Моңғол империясының астанасы Қаракорымда болған құрылтайда Батысқа (Еуропаға) жорық жасау ұйғарылды. Бұл жорық 1236 жылы басталады.

Моңғол шапқыншылығы қарсаңында орыс жері жеке князьдықтарға бөлініп жатты. Бытыранқы князьдықтардың Бату әскерлеріне қарсы тұруы оңайға соқпады.

**Анықта:**

Моңғолдар неліктен орыс жерін тез арада жаулап алды?

Бату орыс жерін жаулап алғаннан соң, Еуропаға баса-көктеп кіреді. Польша, Чехия, Венгрия және Балқан жерлерін талқандап, Италия мен Германия шегарасына жетеді. Алайда бірнеше жылға созылған жорықтардан әбден қажыған Бату әскерлері, орыс жерін тылда қалдырып, Еуропаға одан әрі ендеп кіруді жөн көрмейді. Бату өз әскерімен Еділ өзенінің төменгі сағасына оралып, осында 1243 жылы Сарай-Бату қаласын салғызады. Сөйтіп, 1240—1480 жылдар аралығында орыс жерінде моңғол-татар үстемдігі орнайды.

Моңғолдардың Таяу Шығысқа жорығы. 1220 жылы моңғол әскері Хорезм шахы Мұхаммедті қуа отырып, Иран жеріне алғаш рет аяқ басқан болатын. Ал 1220—1221 жылдары Хорезмшахтың мұрагері Жалал ад-диннің ізіне түскен Жебе мен Сүбедей әскері Хорасаннан Грузия мен Әзірбайжанға өтеді. Бұл елдерде жеңіске жеткеннен кейін, моңғол әскерлері Дербент арқылы Солтүстік Кавказ жеріне кіреді.

1223 жылы Калка өзенінде моңғолдар орыс князьдары мен қыпшақтардың бірлескен жасақтарын талқандайды.

1251 жылы Моңғол империясының астанасы Қаракорымда моңғол шонжарларының кезекті құрылтайы өтіп, жаулап алынған Иран жерлерінен әрі қарай жаңа жорық ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Жорықты Мөңкенің бауыры Хулагу хан басқаратын болып ұйғарылды. 1256 жылы Иран жерінің шегіне Хулагу ханның әскері келіп кірді. Сол жылы солтүстік-батыс Ирандағы исмаилиттер бекінісі — Аламут қамалы ұрыссыз берілді.

1258 жылы ақпанда моңғолдар Аббасилер халифатының астанасы — Бағдатты алды. Ғасырлар бойы исламның тірегі болған мемлекет өмір сүруін тоқтатты.



Жалал ад-дин

Ойлан!

Неліктен моңғолдар өз жауларын тез бағындыра алды?

Алайда Египет билеушісі — Сұлтан Бейбарыс халифаттың қалпына келтірілгендігін жариялады. Египет моңғолдарға Сирия жерінде тойтарыс беріп, олардың одан әрі батысқа жылжуын тоқтатты. Осы кезде Кіші Азиядағы Селжүк мемлекетінің билеушілері моңғолдардың билігін мойындады. Иран, Закавказье, Батыс Арабия жерлерінің бір бөлігі Хулагу мемлекетінің құрамына біржолата енді.

Сонымен моңғол жаулаушылығының нәтижесінде батыста Дунайдан, шығыста Жапон теңізіне дейін, солтүстікте Новгородтан, оңтүстікте Оңтүстік-Шығыс Азияға дейін созылып жатқан аумақты қамтыған ұлан-ғайыр империя қалыптасты. Әлемдік тарихта мұншалықты алып империя бұрын-соңды болмаған. Оның аумағы шамамен 38 млн шаршы шақырым еді. Империяның астанасы Қаракорым қаласы болды.

Біліміңді тексер:

1. Моңғолдардың Қытайға қарсы жорықтарының кезеңдерін көрсет.
2. Моңғолдарға Хорезмшах мемлекетінің жерінде қандай қалалар қатты қарсылық көрсетті? Сұраққа жауапты қосымша материалдардан (Қазақстан тарихы оқулығы, интернет-ресурс) ізден.
3. Моңғолдардың орыс жерін тез-ақ жаулап алуының қандай себептерін көрсете аласың?
4. Моңғолдардың Таяу Шығыстағы жаулаушылықтары қандай нәтижелер берді?

§14. МОҢҒОЛДАРДЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Бұл сабақта:

- моңғолдардың әскери ұйымының ерекшеліктерін;
- моңғолдардың қару-жарағын, соғысу техникасын;
- моңғолдардың стратегиясы мен тактикасын анықтаймыз.

Тірек сөздер

Әскер
Нояндар
Нөкерлер
Ұлан
Кешіктен

Моңғолдардың әскери ұйымы. Моңғолдардың көптеген дамыған елдерді жеңіл түрде жаулап алуының басты себебі моңғол әскерінің ерекше қуаттылығында жатыр. Моңғол әскері сол замандағы әлемдегі ең үздік әскери ұйым болды.

Моңғол әскерінің негізгі тірегі — *нояндар* болды. Нояндар, моңғол қоғамында енді ғана қалыптасып келе жатқан шонжарлардың өкілдері болатын. Нояндар *нөкерлерден* (кәсіби жауынгерлер) тұратын жасақ ұстады. Нөкер жасақтары тайпаның қарулы күштерінің негізі болды.

Моңғол әскері екі бөліктен тұрды: *негізгі әскер* және *ұлан*. Негізгі әскер көшпелілерге тән ондық жүйе бойынша ұйымдасты, яғни ондық, жүздік, мыңдық және онмыңдық (түмен) болып бөлінді, оларды онбасы, жүзбасы, мыңбасы және түменбасы басқарды. Түмендер 100 000 жауынгерден тұратын атты әскерге бірікті. Моңғолдардың негізгі әскері үш бөліктен тұрды: *орталық (қол)*, *оң қанат (барұңғар)* және *сол қанат (жоңғар)*.

Шыңғыс хан әскерінде ондықтар мен жүздіктер, әдетте, бір рудан шыққан жауынгерлерден жасақталды, ал мыңдықтарды ол әртүрлі рулардан жасақтады, ондағы мақсат рулық бөлшектенуді жойып, мемлекетті орталықтандыр у болған еді.

Ойлан!

Моңғол әскерінің басқа халықтың әскерінен қандай ерекшелігі болды?



Анықта:

Ұланның құрамында кімдер қызмет етті?



Монғол соғысы

Әскердің ерекше бір бөлігі ұлан — императордың жеке қорғаушылары болды. Монғолдар оны *кешіктен* деп атады.

Кез келген кешіктеннің жағдайы негізгі әскердегі жауынгерден жоғары болды. Өйткені оларға қосымша міндеттер жүктелді.

Моңғол әскерінің қару-жарағы. Моңғол әскерінің негізгі түрі атты әскер болды, ол ауыр және жеңіл болып бөлінді. Жеңіл жаракты атты жауынгерді темір сауыты мен былғарыдан тігілген сауыты қорғады. Жеңіл атты жауынгердің басты қаруы садақ болды. Садақпен бірге ол жеңіл найзамен, кездікпен және жеңіл балтамен қаруланды.

Ауыр жаракты атты әскердің басты қаруы ұзын найза болды, сонымен бірге қылыштың түрлері, жауынгерлік балта, кішкене дөңгелек қалқан пайдаланды. Ауыр атты жауынгердің темір сауыты ерекше қорғаныштық қабілетімен сипатталды. Бай жауынгерлер өз аттарына да темір сауыт кигізетін болған.

Моңғолдардың соғыс техникасын игеруі кезең-кезеңмен іске асты. Бастапқы кезеңде монғолдар камалдарды қоршау тәсілін таңғұттардан үйренді.



Анықта:

Моңғолдар жаулап алған халықтан қандай әскери техникаларды үйренді?

Әскери дайындық. Әскери қосында өмір сүруге дайындық әрбір монғол үшін балалық шағынан басталды. Маусым сайын көшуді талап ететін көшпелі өмірдің өзі осыған үйретті. Монғолдар балалық шағынан ат үстінде отыруға машықтанды. Үш жасқа толғанда сәбиді

атқа отырғызып, 5-6 жасында қолына садақ ұстатты. Жорық кезінде монғолдар ат үстінде ұйықтап, ат үстінде тамақтанды, бұл жасақтың жолын қысқартып, оның шапшаңдығын қамтамасыз етті.

Монғолдардың арасында кең орын алған аңшылық оларға әскери дайындық қызметін атқарды.

Шыңғыс хан әскерде темірдей қатан тәртіп орнатты. Әскери бөлім басшылары өз қол астындағы жауынгерлері үшін жауап берді, ал егер өзі кателік жіберсе, оның жазасы қарапайым жауынгерден ауыр болды. Әскердегі тәртіп пен дайындық, ұйымдасудың ондық жүйесі монғол әскерінің соғысқа әр кез дайын тұруын қамтамасыз етті.

Монғол әскерінің стратегиясы мен тактикасы. Монғол әскерінің стратегиясы жақсы ұйымдастырылған барлау ісіне, елшілік қызметіне және жорықтағы шапшаңдығына негізделді. Басты шабуылдың алдында монғолдар 2-3 түмен әскерді барлау жорығына жіберетін болған. Жебе-ноян мен Сүбедей-баһадүрдің 1221—1224 жылдардағы Иран жеріне жорығы осындай барлау жорығы болатын. Шабуыл басталар алдында құрылтай шақырылып, оған барлық ең жоғарғы әскери қолбасшылар қатысатын болған. Жнылыста олар ханнан бұйрық алып отырды, алайда жорық барысында қолбасшылар ханның толықтай сенімінде болғандықтан, дербес шешімдер де қабылдай алатын.

Монғолдардың тактикасы жауды айла-тәсілдермен титықтатуға негізделді. Осы мақсатпен жеңіл атты әскер жауды садақ оғының астына алатын болған, тек осыдан кейін ғана әлсіреп қалған жауға ауыр атты әскердің басты соққысы берілетін. Монғолдар үлкен шығынға ұшырамас үшін жауға тосыннан лап беріп, ұрыстың



Монғол әскері

бастапқы кезеңінде-ақ жеңіске жетуге тырысты. Алғашқы соққыға тойтарыс берілген жағдайда, жаудың қатарын бұзу үшін моңғолдар жалған шегіністерді ұтымды пайдаланып отырды. Жакындағы шайқасқа тек жау қатары бұзылып, әлсіреген тұста ғана шығып отырды. Шайқас барысы моңғолдар үшін сәтсіз болып жатса, жауынгерлер аттан түсіп шайқасатын болған, бұл дәлірек көздеуге және шапшаңырақ қимылдауға мүмкіндік беретін. Шегінуге мәжбүр болған жағдайда, ол ұйымдасқан күйде жүзеге асырылды.

Шайқастың алдында жеңіл қаруланған бөліктерден авангард (алдыңғы қатардағы әскер) қалыптастырылды. Оның міндеті жау әскерін садақ оғының астына алып, аттарын жаралап, жау қатарын ыдырату болды. Әскердің алдыңғы сабының (авангардтың) соңынан әскердің оң және сол қанаты жүрді. Әскер бес қатар болып сапқа тұрды. Соңғы қатарлар, әдетте, ауыр қаруланған әскерден тұрды. Кейде ауыржаракты атты әскер алғашқы екі қатарда орналасатын. Сол қанат алыстан ұрыс жүргізіп, жауды садақпен атқылап әлсіретті. Басты соққыны оң қанат берді. Оң қанаттың басты міндеті жаудың орталығына бұзып кіріп, жау туын құлату, жаудың қолбасшысын қолға түсіру немесе өлтіру болды. Екі қанатты әскердің басты күштері, ауыр қару-жаракты атты әскер және ханның ұландары артынан қорғап тұрды. Хан ордасы, әдетте, басты күштердің артында орналасты. Ұрыс кезінде ұлан кез келген сәтте шешуші шайқасқа шығуға немесе жаудың соққысын тойтаруға дайын болды. Қолбасшылар ұрысқа тікелей қатыспаған, олар шетте тұрып шайқасқа басшылық жасаған.

Моңғолдардың стратегиясы мен тактикасы әлем тарихында ең үздік деп мойындалған дала халықтары әскерінің дамуының шыны болды.

Ізден!

Моңғолдар тарих сахнасына алғаш шыққан уақытта артта қалған, ру, тайпа болып өмір сүрген халық еді. Жаулаушылық нәтижесінде олар алып империя қалыптастырды. Осы империяда моңғолдар мен жаулап алынған халықтар бірін-бірі қаншалықты өзгертті?

Біліміңді тексер:

1. Моңғол әскері қандай негізде ұйымдасты?
2. Моңғол әскерінің негізгі түрлерін көрсет.
3. Моңғол әскерінде қолданылған қару-жарактың түрлері қандай болды?
4. Моңғол әскерінің стратегиясы мен тактикасының ерекшеліктерін көрсет.
5. Осы параграфтан алған білімнің және қосымша мәліметтер негізінде моңғолдардың әлемдік империя құруына қандай жағдайлар себеп болғаны жөнінде эссе жаз.

§15. ЕУРАЗИЯНЫҢ САЯСИ КАРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ МОҢГОЛ ЖАУЛАУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бұл сабақта:

- Моңғол империясының тарихи маңызын;
- Моңғол империясы ыдырауының негізінде Еуразияда қалыптасқан мемлекеттерді;
- Юань, Алтын Орда, Шағатай, Хулагу мемлекеттерінің саяси-әлеуметтік жағдайын білеміз.

Тірек сөздер

Еуразия
Юань
Алтын Орда
Шағатай мемлекеті
Хулагу мемлекеті

Ұлы Моңғол империясының тарихтағы орны. Еуразия халықтарының тарихында моңғол шапқыншылықтары және оның негізінде қалыптасқан Ұлы Моңғол империясының алатын орны ерекше. Бұл империя ауқымы бойынша әлем тарихындағы ең үлкен империя болды. Ең бір гүлденген дәуірінде ол Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, Қытай мен Тибет жерлерін алып жатты.

Ұлы Моңғол империясының әлемдік тарихтағы маңызы мен орны әлі де толық анықталып болған жоқ. Оның пайда болуы ерекше тарихи құбылыс болды және жаңа империялар мен мемлекеттердің қалыптасуына негіз болды. Моңғол тайпаларын біріктірген мемлекеттің құрылуы, ең алдымен, моңғолдардың өзі үшін прогрессивті құбылыс болды. Моңғолдардың бұрынғы тайпааралық қырқыс соғыстары тоқтап, біртұтас моңғол халқы қалыптасты, моңғол мәдениеті дамыды.

Империяның қалыптасуының империя құрамына кірген халықтар үшін де айтарлықтай маңызы болды. Моңғол жаулау-

шылықтары салдарынан болған көші-қон үдерістерінің нәтижесінде бірқатар жаңа халықтар мен этностар қалыптасты. Соның ішінде казак, өзбек, татар, башқұрт, қалмақ, бурят және т.б. халықтар бар. Аталған халықтардың мемлекеттілігінің қалыптасуына да моңғол империясының ықпалы зор болды.

Ойлан!

Шыңғыс хан құрған империяның әлем тарихы үшін маңызы қандай?

Моңғол империясының құрылуы Еуразия кеңістігінде айтарлықтай геосаяси өзгерістерге алып келді. Заманауи тілмен айтқанда, оны XIII ғасырдағы жаһандану деп көрсетуге болады. Қиыр Шығыс, Орталық Азия мен Еуропа арасында айтарлықтай тығыз байланыс орнатылды.

Шыңғыс хан негізін салған мемлекетаралық қызметтестік тәжірибесі де маңызды болды. Шыңғыс хан тарихта алғаш болып елшілердің жекебасына қолсұқпаушылық заңын енгізген болатын. Қазіргі әлемдік қауымдастықта Шыңғыс хан негізін салған елшінің құқығы туралы қағида бұлжымас заңға айналып отыр.

Юань империясы. Юань империясы 1211—1279 жылдар аралығында жүргізілген монғолдардың Қытайды бағындыру жолындағы соғыстарының барысында қалыптасты. 1260 жылы Ұлы хан тағына Шыңғыс ханның немересі — Құбылай отырды. Ол 1264 жылы астананы Дадуга (Пекин) көшірді. 1271 жылы Құбылай қытайша Дай Юань деген атақ алып, Юань әулетінің негізін қалады. Бұл мемлекеттің құрамында Монғолияның өзі, Маньчжурия, Қытай, Тибет жерлері болды. Құбылай Юань империясының әкімшілік басқару жүйесін орнықтыруда қытай үлгісін басшылыққа алды. Сонымен бірге сол кездегі саяси жағдайды көрсететін ерекшеліктер де сақталды. Пекинмен бірге, тең құқылы астаналар ретінде Қаракорым мен Шанду (кейінірек — Кайпин) болды. Ең жоғарғы үкімет органы император хатшылығы еді.

Құбылай билігі тұсында ауылшаруашылығы саласында біраз шаралар жүзеге асырылды.

Монғолдар тұсында салық жүйесі күрделі әрі ала-құла болды. Халықтан алынатын салық тұрған жеріне, ұлттық, діни және таптық-әлеуметтік топ ерекшелігіне қарай жүргізілді. Юаньдық кезеңде салықтың 70-ке жуық түрі болған. Салық мөлшері XIII ғасырдың



XII ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың бірінші жартысындағы
Монғол мемлекеті

Шыңғыс хан ұрпақтарының державасына кірген қазіргі мемлекеттердің аумағы



Анықта:

Көрсетілген сызба бойынша және оқулық мәтінін негізге ала отырып, Шыңғыс хан империясының картасын сыз.

аяғымен салыстырғанда 20 есеге өсті. Қытай шаруаларына ауыр салықтар салынды.

Қолөнер мен сауда бірлестіктері монғолдар дәуірінде едәуір өсті. Марко Полоның (XIII ғ. венециандық саяхатшы, ол Юань империясында 17 жыл шенеунік болып қызмет еткен) дерегі бойынша Ханчжоуда 15 сауда-қолөнер бірлестігі болған. Моңғолдар билігі кезінде бұл бірлестіктер бұрынғыдан әлдеқайда көп еркіндіктер алып, онан әрі нығая түсті. М. Поло Юань мемлекетінің Еуропамен салыстырғанда әлдеқайда дамыған ел болғанын, Құбылай ханның өте дана, ақылды билеуші болғанын көрсеткен. Қолөнершілер мен саудагерлер монғол билеушілеріне тауарларының едәуір бөлігін тегін беруге мәжбүр болды. Кейін натуралды салық ақшамен ауыстырылды.

Құбылай хан Юань империясының экономикасын көтеру бағытында көптеген іс-шаралар жүзеге асырды. Құбылай бастапқыда

Ізден!

Моңғол империясы дәуірінде жаһандану үдерісінің болғандығы жөнінде айтылды. Оның жағымды жағымен қатар жағымсыз жағы болғанын білесің. Ал қазіргі таңда болып жатқан жаһандануға қатысты қандай пікір айтар едің?

металл ақша шығарған жоқ, айналымға қағаз ақша жіберіп, олардың құнын әртүрлі жарлықтар күшімен сақтап қалуға тырысты. Бірақ бірте-бірте ол жарлықтар орындалмай, қолдан жасалған ақша көбейіп кетті. XIII ғасырдың 60-жылдарымен салыстырғанда 1296 жылы айналымдағы қағаз ақша он екі есе, 1312 жылы жиырма бес есе көбейді. Елде инфляция (ақшаның құнсыздануы) белең алды. Тауарлар қымбаттап, халықтың жағдайы төмендеп кетті. Юань империясы 1368 жылы шаруалар көтерілісінің нәтижесінде құлады.

Алтын Орда мемлекеті. Монғол империясының ыдырауының нәтижесінде қалыптасқан алып мемлекеттердің бірі — Еуразияның үлкен бөлігін қамтыған Алтын Орда мемлекеті болды. Бұл мемлекетті Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыға бөліп берген ұлысы құрады. Алтын Орданың астанасы Еділ өзенінің бойындағы Сарай-Бату қаласы болды, ол Беркенің тұсында Сарай-Берке деп аталды. Түркі деректерінде Бату ханның әскері қыпшақтардан тұрды деп көрсетіледі. Себебі ұлан-ғайыр өлкеде орналасқан Алтын Орда халқының басым бөлігі түркітілдес қыпшақтар болатын. Мемлекеттің басты саяси және мәдени тілі қыпшақ тілі болды. Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте “Қыпшақ ұлысы” деп те аталды. Мемлекетте монғолдар халықтың азғана бөлігін құрады. XIV ғасырда Алтын Орда монғолдары түркіленіп, татарлар деп аталды.



Анықта:

Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқы кімдер болды?

Берке ханның тұсында Алтын Орда біртұтас монғол империясынан бөлектеніп, тәуелсіз мемлекет болды. Көшпелі мемлекеттердің дәстүрлі құрылымына сәйкес Алтын Орда орталыққа және екі қанатқа бөлінді. Батудың тікелей өз ұлысы, яғни орталық ұлыс Алтын Орда атауын сақтады. Бату хан Сырдария алқабынан Балқаш көліне дейінгі байтақ жерді ағасы Орда-Еженге берді. Бұл ұлыс Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбаниға берді. Ол Көк Орда деп аталды.

Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орданың неге бұлай аталуы туралы XVI ғасырдан қалған Өтеміс қажының “Шыңғыснама” кітабында былай деп жазылған: “Жошы қайтыс болғаннан кейін Орда-Ежен мен Бату монғол ұлысын басқару билігіне келісе алмай, атасы Шыңғыс ханға келеді. Шыңғыс хан немерелерінің ойын тындап болғаннан кейін үш киіз үй тігуге бұйрық береді. Біріншісі — ақ киізден, алтын босағалы ақ үй — Санн ханға (Батуға), екіншісі — күміс босағалы ақ орда — Орда-Еженге, үшіншісі — боз киізден, болат босағалы көк орда — Шайбаниға арналады. Осылайша Шыңғыс хан үш немересіне

билікті бөліп береді. Алтын Орда Батуға, Ақ Орда Орда-Еженге, Көк Орда Жошының бесінші баласы Шайбаниға тиеді”.



Анықта:

Қосымша дереккөздерді пайдаланып, Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен таныс.

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде құрылды. Хан барлық қарулы күштердің қолбасшысы саналды. Алтын Орда қалаларының ерекше гүлденуі XIV ғасырға жатады. Бұған мемлекеттің тоғыз жолдың торабында орналасқан қолайлы географиялық жағдайы, сондай-ақ осы кезде мемлекеттік дін деп жарияланған ислам діні, мұсылман мәдениеті ықпал еткен болатын.

Алтын Орда халықтары, негізінен, мұсылмандар болды. Өзбек ханның тұсында, 1312 жылы мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланды.

Мемлекетте исламның ерекше бағыты — Ясауи дәруіштері орнықтырған сопылық бағыт кең таралды. Сопылықта ислам тәртіптері мен түркілік дәстүрлер өзара ұштастырылды. Мұсылман елдерінен келген саяхатшылар Алтын Орда мемлекетінде әйелдердің қоғамдағы орны өте жоғары болғандығын көрсетеді. Әйелдердің ханның Бас ордасындағы қабылдауларда әрдайым ханның қасында отыратындығын таң-тамаша болып баяндайды. Әйелдер маңызды мәселелер бойынша өз ойын айтып қана қоймай, кейде маңызды шешімдер де қабылдап отырған. Алтын Орда мемлекетінде исламнан басқа діндерге төзімді қатынас орын алды, соқыр сенім, фанатизм болған жоқ.

Ізден!

Исламдағы сопылық бағыт туралы не білесің? Түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи өмірімен таныс.

Алтын Орда XIV ғасырдың бірінші жартысында, Өзбек және Жәнібек хандар тұсында өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Алайда ол осыдан кейін, атап айтқанда, XIV ғасырдың екінші жартысында тәуелсіз иеліктерге бөліне бастады. 1359—1379 жылдар Алтын Орда тарихында “Ұлы дүрбелен” кезеңі деп аталынды. *Тоқтамыс хан* Алтын Ордадағы өз билігін соғыстағы жеңістерімен бекіте түспек болып, 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Ақсақ Темірдің Солтүстік пен Батыстағы басқыншылық жоспарларына Алтын Орда мемлекеті кедергі жасауға тырысты. Алайда Әмір Темір әскері Алтын Орда әскерінен қуатты болып шықты. Оның мемлекетімен

болған соғыстар Алтын Ордаға өте ауыр тиді. Әмір Темір әскерінің 1389—1391 және 1395 жылдардағы жорықтары нәтижесінде Алтын Орда талқандалды. Осыдан кейін Алтын Орда бірте-бірте әлсіреп, XV ғасырдың ортасына қарай біржолата құлады.

Шағатай мемлекеті. Шыңғыс хан өзінің екінші ұлы Шағатайға Оңтүстік Алтай мен Іле өзенінен Әмудария өзеніне дейінгі жерлерді бөліп берген болатын. Оның иелігіне Шығыс Түркістан, Жетісудың үлкен бөлігі және Мәуереннахр кірді. Орталығы Алмалық қаласы болды. Бастапқыда Шағатайдың іс жүзіндегі билігі көшпелі монғолдар мен даланың түркітідес тайпаларына ғана тараған болатын. Алайда Шағатайдың ұрпақтары бірте-бірте Мәуереннахрдың отырықшы шонжарларымен де жақындаса бастады.

Кебек хан (1318—1326) қалалық өмірді қалпына келтіріп, егіншаруашылығы мен сауданы жолға қойды. Ол ақша реформасын жүргізіп, күміс тенгені айналымға енгізді. Кебек ханның бауыры әрі мирасқоры Тармашырынның (1326—1334) тұсында жергілікті халықпен жақындасуда тағы да бір қадам жасалды: ислам ресми дін болып жарияланды.

XIV ғасырдың 40—50-жылдары Шағатай ұлысы бірқатар дербес иеліктерге бөлініп кетті.




Алтын Орда әскері

Моғолстанның негізгі халқы малшы тайпалар — түркі-моңғолдардың ұрпақтары болды. Олардың қатарында қанлы, керей, арлат, барлас, дулаттар болды. Моғолстан хандары дулат тайпасынан шықты. Моғолстан хандары Мәуереннахр жері үшін ұзаққа созылған соғыстар жүргізді.

Хулагу мемлекеті. Хулагу мемлекеті моңғолдардың Таяу Шығысқа жорығы нәтижесінде қалыптасты. Бұл жорықты Шыңғыс ханның немересі Хулагу басқарғандықтан, жаулаушылықтар негізінде қалыптасқан ұлыс соның пелігіне берілді. Хулагу мемлекетінің құрамына Иран, Закавказье, Батыс Арабия жерлерінің бір бөлігі енді. Бұл мемлекетті моңғолдар Ильхандар мемлекеті деп атады.

Мемлекеттің этникалық құрамы ала-құла болды, оның негізгі бөлігін жергілікті ирандықтар құрады. Империяның батысын арабтар мекендеді, қалаларда еврейлер көп тұрды. Мемлекет халқының үлкен бөлігін түркі халықтары құрады. Түркілер Иран жеріне селжүк жаулаушылықтарынан бастап енген болатын. Хулагу әскерінің құрамында да түркілер көп болды.

Жаулаушылар мен жергілікті ирандықтардың өзара жақындасу үдерісі Газан хан (1259—1304) реформаларынан кейін ғана



Алтын Орда аумағы

Таным

Икта — мұсылман елдеріндегі жер меншігінің түрі. Ол әскери қолбасшылар мен шенеуніктерге қызметі үшін уақытша пайдалануға беріледі.

каркынды жүре бастады. Реформаның басты мақсаты да осыдан туындады. Реформа жүргізуді ұсынған Газан ханның уәзірі Рашид ад-дин болатын. Ол ислам дінін мемлекеттік деп жариялау арқылы монғол билеушісінің жергілікті халық тарапынан қолдауға ие болуына қол жеткізуді ойлады.

Реформа нәтижесінде, сондай-ақ салық мөлшері реттеліп, өлшем мен салмақ бірлігі бекітілді. Оның есесіне шаруаларды жерге бекіту туралы заң қабылданды. Монғол шапқыншылығы кезінде қалалар қирап, қолөнер өндірісі қысқарып кеткен болатын. Мысалы, Нишапур қаласы толық талқандалды. Исфахан, Рей қалалары да ауыр зардап шекті. Осындай жағдайда қолөнер өндірісін жандандыру қажеттілігін түсініп, мемлекеттік шеберханалар ұйымдастырды. Онда құл еңбегі қолданылды. Газан хан реформаларынан кейін мұндай құлдар жартылай тәуелді жұмысшылар қатарына өткізілді, олар еңбек ақысын тауарлар түрінде алып отырды.

Газан хан реформалары мемлекетті уақытша нығайтты, алайда салықтың өсуі және егіншілердің жерге бекітілуі тікелей өндірушілердің одан сайын кедейлікке ұшырауына алып келді. Сонымен бірге мемлекеттің тірегі болған әскери-шонжарлар күшейді. 1303 жылы Ильхан жарлығымен әскери қызметтегі монғолдар мен түріктерге икта ұстауға мүмкіндік берілді. Бастапқыда уақытша ғана қолданыста болған бұл жерлерді иелері бірте-бірте өз жекеменшігіне айналдырып отырды. Нәтижеде мемлекеттік жерлер қысқарып кетті. Мұның өзі мемлекеттің әлсіреуіне алып келді. XIV ғасырдың екінші жартысында әлсіреп қалған Ильхандар мемлекеті бірнеше әмірліктерге бөлініп кетті.

**Анықта:**

Хулагу мемлекеті қай аумақта құрылды?

Біліміңді тексер:

1. Монғол шапқыншылықтарының нәтижесінде Еуразияның саяси картасында қандай өзгерістер орын алды?
2. Юань империясының негізін кім қалады?
3. Алтын Ордада ислам қашан мемлекеттік дінге айналды?

XIV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМ

§16. ФРАНЦИЯ МЕН АНГЛИЯДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Бұл сабақта:

- XIV—XV ғасырлардағы Еуропадағы жағдайды білеміз;
- шаруалар көтерілістері не себепті болды, қандай мақсатты көздеді деген сұрақтарға жауап аламыз.

Тірек сөздер

Жакерия
Уот Тайлер
Англия
Франция

“Қара өлім” мен шаруалар көтерілістерінің байланысы. Батыс Еуропа халқының саны XI ғасырдан бері үнемі өсумен болды. Еуропада өңдеуге жарамды жерлер тазартылып, оларға дақылдар егілді. Осыған қарамастан халықты азық-түлікпен толық қамтамасыз ету мүмкін болмады.

Еуропада XIV ғасырдан бастап климат нашарлады, ауа райы суытып, қуаңшылық орын алды. Жні-жні ашаршылық болып тұрды. Үнемі асқа жарымаудың әсерінен адамдар жұқпалы аурулармен ауырды.

1347 жылы ең қауіпті індет басталды. Індет әсіресе қалаларда қатты болды. Үш жыл ішінде осы аурудан Еуропа халқының үштен бірі қаза тапты. XIV ғасырдың ортасындағы қорқынышты бұл ауру “қара өлім” деп аталды.

XIV ғасырда еуропаның шаруашылық өмірінде де күрделі өзгерістер болды. Осындай жағымсыз өзгерістер шаруалар көтерілісіне алып келді. XIV ғасырда шаруалардың жағдайы, әсіресе Англия мен Францияда нашар болды. Себебі екі мемлекет арасында Жүзжылдық соғыс болып жатқан еді. Жауласушы әскерлердің шексіз қақтығыстары француз шаруаларын күйзелтті. Англияда әскери қимылдар жүргізілмесе де, үкімет соғыс үшін жана салықтар талап етіп отырды. Ағылшын әскерлері шаруалардан тұратындықтан, олар өз қожалықтарын тастап кетуге мәжбүр болды. Бұл себептер XIV ғасырда Англия мен Францияда басталған екі ірі шаруалар көтерілісіне әкеліп соқтырды.

Ойлан!

Шаруалар көтерілісіне елдегі қандай жағдай себеп болды?



Жакерия көтерілісі

Жакерия (1358 ж. мамыр-қыркүйек). Солтүстік Францияда XIV ғасырдың ортасына қарай соғыстың бар ауыртпалығы сезіле бастады. Француз билігі шаруалардан замоктарды нығайту жұмыстарын талап еткен кезде шаруалардың төзімі таусылды.

1358 жылы мамыр айында бұған жауап ретінде Париждің солтүстігінде көтеріліс басталды. Ол тез арада солтүстік-батыс Францияның көптеген жерлерін қамтыды. Замоктарды қиратты, шаруалардың салық құжаттары жазылған қағаздар мен міндеткерлік тізбелерін өртеді.

Француздар шаруаларды кемсітіп, “жак” (мұжык) деп атайтын. Сондықтан Францияның солтүстігіндегі шаруалар көтерілісі *Жакерия* деп аталды. Көтеріліс Бовези, Пикардия, Иль-де-Франс, Шампань сияқты Солтүстік Франция аумағын қамтыды.

Көтерілісшілердің бағдарламасы болған жоқ, жалпы саны 100 мың адам болды. Көтерілісшілерге Гильом Каль жетекшілік етті. 8 маусым күні көтерілісшілер Наварра королі қатыгез Карлдың әскерімен кездесті. Қатыгез Карл француз тағын пелену үшін Парижге бара жатыр еді. Шаруалардың саны басым болғандықтан, Карл келісімге келуге шақырды. Қатыгез Карлдің сөзіне сенген Гильом

Каль келіссөзге келеді де, қолға түседі. Жетекшісінен айырылған көтерілісшілер талқандалды. Бірақ көтеріліс 1358 жылдың қыркүйегіне дейін жалғасты. Көтерілістен кейін билікке келген V Карл салық реформасын жүргізді, салық жинаушыларға бақылау орнатты.

Уот Тайлер көтерілісі (1381 ж., мамыр — 1381 ж., қараша). 1381 жылы көктемде Англияның оңтүстік-шығысында шаруалар көтерілісі басталды. Оған Франциямен соғысты жалғастыру үшін жаңа салықтың енгізілуі себеп болды. Көтерілісшілер салық жинаушыларды ұрып-соғып, олардың кейбіреулерін өлім жазасына кесті. Көтеріліске Уот Тайлер басшылық етті. Лондонға жақын жатқан екі графтықтың шаруалары астанаға қарай аттанды. Олар корольға өз талаптарын орындатуды көздеді.

Көтерілісшілер үкімет қамап қойған Джон Боллды түрмеден босатып алды. Ол шаруаларды үкіметтің зорлық-зомбылығына қарсы үгіттеушілердің бірі болатын. Джон Болл король соттарының сатқындығын, епископтардың тойымсыздығын, феодалдардың қаталдығын әшкереледі.

Лондонның кедейлері көтерілісшілерге қақпаны ашып берді. Шаруалар король сыбайластарының үйлерін талқандап, өшіккендерін өлтіріп те жіберді. Қалада көптеген жазықсыз адамдар да шаруалар соққысына жығылып, қаза тапты.



Джон Боллдың шаруалармен кездесуі

Король II Ричард көтерілісшілермен кездесуге мәжбүр болды. *Көтерілісшілер мынадай талаптар қойды:* жеке адамдардың тәуелділігі мен барщинаны жою; жерді пайдаланғаны үшін оның несіне салықты тек ақшамен ғана төлеу; қалалар мен селоларға сауда бостандығын беру; көтерілісшілерге кешірім жариялау.

Король бұл талаптармен келісіп, уәдесін орындайтындығын айтты. Шаруалардың бірсыпырасы Лондонды тастап, үйлеріне тарап кетті. Бірақ көтерілісшілердің бір тобы бұл жеңілдіктерге қанағаттана қоймай, Уот Тайлер және Джон Боллмен бірге Лондонда қалып қойды. Олар корольмен екінші рет кездесіп, жаңа талаптар қойды.

Ол талаптар: епископтар мен монастырьлардың жерлерін тартып алып, шаруаларға үлестіру; корольдан басқа барлық ағылшындардың теңдігін орнату, дворяндардың артықшылықтарын жою болды.

Король шаруалармен келіссөз жүргізіп жатқанда Лондонның мэрі Уот Тайлерді өлтіреді. Король шаруаларға уәде беріп, оларды үйлеріне қайтуға көндіреді. Көсемінен айырылған көтерілісшілер Лондоннан қайтып кетеді. Көтеріліс шыққан аудандарда король соттары жұмыс істеп, көтеріліске қатыскандарды қатаң жазалады. Көтеріліс ағылшын королі мен феодалдарды үрейлендіріп тастады. Олар шаруаларды белгілі бір шамадан артық қанау бөліктен басқа ештеңеге жеткізбейтінін түсінді. Шаруалар жеңілдіктерге ие болды.



Король II Ричард

Анықта:

XIV—XV ғасырларда Франция мен Англияда шаруалар көтерілісінің жиі болу себебі неде болды?

Біліміңді тексер:

1. Шаруа көтерілісіне қатысушылар қандай мақсаттарды көздеді?
2. Жакерия көтерілісінің жетекшісі кім еді?
3. Уот Тайлер көтерілісіне кімдер қатысты, қандай талаптар қойды?

§17. ФЕОДАЛДЫҚ СОҒЫСТАР

Бұл сабақта:

- Англия мен Францияның арасында болған, жүз жылға созылған соғыстың себебін, барысын, нәтижесін білеміз.
- династиялық соғыстардың ерекшелігін түсінеміз.

Тірек сөздер

Англия
Франция
Плантагенеттер
Ланкастерлер
Алқызыл
раушангүлдер
Йорктер
Ақ раушангүлдер
VII Генрих Тюдор



IV Көрікті Филипп

Жүзжылдық соғыс — бір жағынан Англия мен одақтастарының, екінші жағынан Франция мен одақтастарының арасында шамамен 1337 және 1453 жылдардың аралығында болған әскери қақтығыстар. Соғыс үзілістермен 116 жылға созылды. Бұл қақтығысқа жалпы сипат беретін “Жүзжылдық соғыс” термині кейінірек пайда болды.

Соғысты ағылшын королі III Эдуард бастады. Ол Капетингтер династиясынан шыққан француз королі IV Көрікті Филипптің шешесі жағынан туыс болып келетін. 1328 жылы Капетингтердің тікелей ұрпағы IV Карл қайтыс болғаннан кейін, Салий заңы бойынша VI Филипп Валуаға тәжікпіді. Осы кезде Эдуард өзінің француз тағына деген құқығын жариялады. Осыдан басқа, монархтар арасында экономикалық тұрғыда маңызды, сөз жүзінде ағылшын тағының меншігі, іс жүзінде Францияның бақылауындағы Гаскон аймағы үшін де алауыздық бар еді.

Соғыстың алғашқы кезеңі III Эдуард үшін сәтті болды. 1340 жылғы Слейс түбіндегі теңіз шайқасында ағылшындардың құрлыққа шығуына кедергі келтіріп отырған француз флоты толық талқандалды. Осыдан бастап, III Эдуардтың флоты теңізде үстемдік алып, Ла-Маншты бақылады.

Ойлан!

Жүзжылдық соғыс аталуының себебі неде?

Эдуард пен Филипп әскерінің 1346 жылы 26 тамызда Креси түбінде кездесуі француз әскері мен оның одақтастарының жеңілуімен аяқталды. Ағылшын әскері кедергісіз солтүстікке қарай жылжи отырып, Калені 1347 жылы алды. Бұл жағдай ағылшындардың маңызды стратегиялық жеңісі болды және Эдуардка өз әскерін құрлықта ұстап қалуға мүмкіндік берді.

1346—1351 жылдардағы “қара өлімнен” кейін, ағылшындар өзінің қаражаттық күшін жылдам қалпына келтіріп, 1356 жылы III Эдуардтың ұлы басқарған 30 мыңдық ағылшын әскері Гасконияға еніп, Пуатье түбінде француздарға қатты соққы берді. 1359 жылы Лондон бітіміне қол қойылды, бітім бойынша ағылшындар Аквитанияны алды.

XVI ғасырдың екінші жартысында Англияның ішкі және сыртқы жағдайында сәтсіздіктер орын алды. Бұл француздарға 1372 жылы Пуатьені, 1377 жылы Бержеракты азат етуге мүмкіндік берді. 1396 жылы Франция мен Англия уақытша келісімге қол қойды. Соғыстың үшінші сатысында (1415—1428) 1415 жылғы 25 қазанда Азенкур түбіндегі ұрыста ағылшындар жеңіске жетті.

Алқызыл және Ақ раушангүлдер соғысы — Плантагенеттер әулетінің екі бұтағы — Ланкастерлер (гербінде “Алқызыл раушангүл”) және Йорктер (гербінде ақ раушангүл) арасындағы ағылшын тәжі үшін болған соғыс. Соғыс он үш жылға (1455—1485) созылып, билікке Ланкастерлер әулетінің алыс туысканы VII Генрих Тюдорды алып келді.

Соғыстың негізгі себептерінің бірі — Англияның ауыр экономикалық жағдайы еді. Ланкастерлер, негізінен, солтүстіктегі артта қалған Уэльс және Ирландияның барондарына сүйенсе, Йорктер экономикалық жағынан дамыған Англияның оңтүстік-шығысындағы феодалдарға сүйенді.



Тақта отырған Карл.
XV ғ. миниатюрасы

Еркін сауда мен колөнердің дамуына мүдделі орта дворяндар, көпестер мен аukatты қалалықтар Йорктерді қолдады.

Жүзжылдық соғыстағы жеңіліс ағылшын барондарының арасында үкіметке қарсы наразылық туғызды. Оның үстіне король VI Генрих Ланкастер (1422—1461) аурушаң адам еді. Оның әйелі Маргарита ханшайым шыққан тегі жағынан француз болатын. Халық оны қатыгездігі үшін де жек көретін. Ханшайым мен оның сыбайластары тек өздерінің байлығын көбейтуді ғана ойлады. Елде тұрақсыздық етек алды.

Ханшайым мен оның сыбайластарының басты қарсыластары корольдың алыс туыстары — Йорктер әулеті болды. Ланкастерлер мен Йорктер әулеттерінің арғы атасы III Эдуард Плантагенет (1327—1377) болатын. Бұл екі әулеттің арасындағы билік үшін талас-тартыс ұзаққа созылған қанды қақтығысқа әкеп соқты. Йорктер туында ақ, Ланкастерлердің туында алқызыл раушан гүлдің суреті бейнеленді. Сол себепті бұл соғыс “Алқызыл және Ақ раушангүлдер соғысы” деп аталды. Соғыс 1455 жылдан 1485 жылға дейін созылды.



VII Генрих

Бүкіл ағылшын феодалдары өзара жауласқан екі топқа бөлінді. Олардың әрқайсысы король тағы үшін күресте шонжар әулеттерінің бірін қолдады. Соғыс шонжар-феодалдар бірін-бірі түгелдей дерлік қырып болған кезде ғана тоқтады.

Ланкастерлердің Францияда тұрып жатқан туысы Генрих Тюдор 1485 жылы жеңіске жетіп, билік құрып отырған Йорктер әулетіне қарсы соғыс бастады. Сол жылы тамыз айында Босворт түбіндегі шайқаста II Ричард Йорк жеңіліп, өлім жазасына кесілді. Осы ақырғы соғыспен Алқызыл және Ақ раушангүлдер арасындағы дау-жанжал бітті.

Генрих Тюдор (1485—1509 жж. билік құрды) VII Генрих деген атпен Англияның королі деп жарияланды. Ол IV Эдуард Йорктің қызы Елизаветаға

үйленіп, өзінің туында Алқызыл және Ақ раушангүлдерді мәңгі ажырамастай біріктірді.

Ойлан!

Алқызыл және Ақ раушангүлдер арасындағы соғыстың мәні неде?



IV Эдуард

VII Генрих Тюдордың тұсында король билігі нығайды. Ол феодалдардың әскери отрядтар ұстауына тыйым салды, бағынғысы келмеген шонжарлардың қамалдарын талқандады, соғыс барысында қаза тапқан герцогтер мен графтардың жері мен атақтарын өз жақтастарына сыйлады. Өзара қақтығыстардан қалжыраған рыцарьлар мен қала тұрғындары да VII Генрих Тюдорға қолдаушылық көрсетті.

Соғыс нәтижесінде ағылшын тағының басына Тюдорлар династиясы келіп 117 жыл бойы Англияны биледі.

Біліміңді тексер:

1. Жүзжылдық соғыстың негізгі себептері қандай болды?
2. Ланкастерлер мен Йорктер арасындағы соғыс неге әулеттік деп аталады?
3. Генрих Тюдордың билікке келуіне қандай себептер әсер етті?

§18. ЖАННА Д'АРК

Бұл сабақта:

- өз Отанының бостандығы үшін күрескен француздың батыр қызы Жанна д'Арк туралы білеміз.

Тірек сөздер

Жанна д'Арк
Азенкур

Француз халқының басқыншыларға қарсы күресі. 1360 жылы Англия мен Франция арасында бітім жасалды. Ол бойынша Франция жерінің үштен бір бөлігі ағылшындар қарамағына көшті. 1369 жылы соғыс қайта жалғасты. Француздар ағылшындарға соққы бере отырып, біраз жерлерін қайтарып алды.

1415 жылы ағылшын әскерлері Францияның солтүстігіне жорыққа шықты. Азенкур деген жерде француз әскері санының көптігіне қарамастан, ағылшын әскерінен талқаны шығып, жеңіліп қалды. 1420 жылы француздар үшін намысты қорлайтын бітімшарты жасалды. Ол бойынша Франция өзінің

тәуелсіздігін жоғалтып, Біріккен ағылшын-француз корольдығының бір бөлігі ғана болып қалды.



Анықта:

17 жасар Жанна д'Арк Жүзжылдық соғыста қандай рөл атқарды?

Бұл келісімге қарамастан, француз королі қайтыс болған соң, оның 15 жасар баласы елдің оңтүстігіне қашып барып, өзін VII Карл деген атпен король (1422—1461) жариялады. Соғыс қайта жалғасты. 1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын қоршады. Оны алса, ағылшындар үшін оңтүстікке жол ашылатын еді.

Жанна д'Арк. 1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын қоршап алды. 1428 жылы Жанна д'Арк Орлеан қаласын азат ету үшін Франция тағының мұрагері VII Карлдан әскер сұрады. Әскердің рухын көтеріп, Орлеан қаласын азат етті. Жанна д'Арктың бұл әрекеті жалпы француздардың рухын көтерді, ағылшын әскерін талқандап, Реймс қаласында VII Карлдың таққа отырып, тәж киюіне мүмкіндік жасады. Тақтың қасында корольдың туын ұстаған Жанна тұрды. 1430 жылы Компьен түбіндегі ұрыста Жанна тұтқынға түсті. 1430 жылы ағылшындар Жаннаны сиқыршы деп айыптап, 1431 жылы отқа өртеп жіберді. Жаннаның өлімі де соғыс



Жанна д'Арк

барысына әсер етті, француздардың намысын оятты, ұлт-азаттық соғысына ұласты. 1453 жылы Кастильон деген жерде Жүзжылдық соғыстың соңғы шайқасы болды, ағылшындар талқандалды. 1453 жылғы 17 шілдедегі Бордо түбіндегі шайқас француздар пайдасына шешілді, ағылшындардың тізе бүгуі Жүзжылдық соғысты аяқтады.

Ойлан!

Жанна д'Арктың бойынан қандай қасиеттерді көруге болады?

Елдің саяси бірігуі. Францияның Жүзжылдық соғыстағы жеңісі оны саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттарын қалыптастырды. Жүзжылдық соғыстың басындағы сәтсіздіктер тұрақты әскердің артықшылықтарын көрсетті. Бірақ ол кезде қазынада тұрақты әскер құруға қажетті қаржы жоқ еді. Ондай қаржы соғыс біткен соң жинақтала бастады.

Ағылшындармен соғыстағы жеңістерді пайдалана отырып, король VII Карл Бас штаттардан әскер ұстау үшін жыл сайын жиналатын салық енгізуді талап етті. Оның талабы орындалды. Мемлекеттік қазынадан жалақы алып тұратын тұрақты атты және жаяу әскер құрылды. Ол әскер корольдың билігін күшейтті. Әскер ұстау үшін салынатын салық тұрақты салық түрінде бекітілді. Тұрақты әскер азық-түлік, қару-жарақпен жете қамтамасыз етілді. Әскер тікелей корольға бағынышты болды. Енді Бас штаттардың корольға бұрынғыдай керегі болмай қалды. Король мемлекетті тікелей өзіне тәуелді шенеуніктер арқылы басқарды. Герцогтер мен графтарды да өзіне бағынышты етті. Сөйтіп, барлық мемлекеттік істерді корольдың өзі шешіп отырды.

XV ғасырдың аяғында Францияның бірігуі аяқталды. Орталықтандырылған мықты мемлекеттің негізі қаланды.

Ізден!

Француз халқының басқыншыларға қарсы күресі қалай аяқталды?

Біліміңді тексер:

1. Жанна д'Арктың ерлігі қай оқиғамен байланысты болды?
2. VII Карл қай қалада тәж киші?
3. Қай жылы Жанна д'Арк тұтқынға түсті?

§19. ЕУРОПАДАҒЫ ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бұл сабақта:

- Франция мен Англия сияқты мемлекеттердің бір орталыққа бірігу себептерін білеміз.

Тірек сөздер

Франция
Англия
Король билігі
Бас Штаттар
Тюдорлар

Еуропа мемлекеттерінің бір орталыққа бірігуінің алғышарттары. Еуропа елдерінің саяси бірігуі ұзақ болды. Ал Англия мен Францияның саяси бірігуі ұзаққа созылған соғыстармен ұштасып отырды.

Бұл соғыстардың ішіндегі аса ауыры 1337—1453 жылдар аралығында болған Жүзжылдық соғыс. Соғыс барысында ағылшындардан азат етілген аумақтар бір король билігіне бірігіп, Францияның саяси орталықтануы іске аса бастады.

Франциядағы феодалдық бытыранқылықты түпкілікті жойған король XI Людовик. Ол елді біріктіру барысында көптеген қиындықтарды жеңді — XV ғасырдың соңында Францияда бір орталыққа бірігу аяқталып,

халқы өзін француз ретінде сезінді, француз тілі, мәдениеті қалыптасты.

Англияны бір орталыққа біріктіруді бастаған VI Генрих болатын. VI Генрих билігі кезінде “Алқызыл және Ақ раушангүлдер” соғысы сияқты династиялық соғыстар болды. Ұзаққа созылған соғыс нәтижесінде билікке 1485 жылы Англияны біріктірген жаңа король VII Генрих Тюдор келді.

Германия, Италия сияқты Батыс Еуропаның өзге саяси бірлестіктері “Қасиетті Рим империясы” атты мемлекетке бірікті.

Францияның орталықтануы XII ғасырдан басталды. Францияның Жүзжылдық соғыстағы жеңісін (1337—1453) пайдалана отырып, барлық мемлекеттік істерді корольдың өзі шешіп отырды.

Францияны біріктіру, негізінен, VII Карлдың баласы XI Людовик тұсында (1461—1483) аяқталды. Король билігінің күшеюі аксүйек феодалдарға ұнамады. Өздерінің тәуелсіздігінен айырыла бастаған олар корольға қарсы одақ құрды. “Бүйі” деген қосымша атқа ие болған XI Людовик өте шебер тор құрып, оған өзінің қарсыластарын бірінен кейін бірін түсіріп отырды. Өз

Таным

Бас штаттар Францияда заң шығарушы ұйым болды.

мақсатына жету үшін ол кулық-айланың бәрін қолданды. XVI ғасырдың басында Францияның саяси-экономикалық күш-қуаты артып, бүкіл ел бір орталықты өкіметке — король билігіне бағындырылды.

1539 жылы Франция королі І Франциск мемлекеттік тіл ретінде француз тілін енгізді. Осыдан бастап мемлекеттегі ресми құжаттар латын тілінде емес, француз тілінде жүргізілді. Феодалдық қоғамның ішінде капиталистік өндіріс қалыптаса бастады. XVI ғасырдың басында мануфактуралық өндіріс пайда болды.

XVII ғасырдың басында сыртқы сауданы дамыта түсу мақсатымен Франция Америка құрлығынан отар басып алуға кірісті. XVII ғасырдың екінші жартысында Францияда шексіз, абсолюттік монархия түпкілікті орнады, ел билігі түгелдей корольдың қолына жинақталды.



XI Людовик

Ойлан!

Француз жерін біріктіруді қай король аяқтады?

Англияның бір орталыққа бағынуының ерекшеліктері. Англияның орталықтануы төрт ғасырға созылды. 1485 жылдан 1603 жылға дейін Англияны Тюдорлар әулетінен шыққан корольдар биледі. Олардың кезінде король билігі күшейіп, тежеусіз сипатқа ие болды. VIII Генрих 1534 жылы Англияның шіркеуін Римге бағынудан азат етті. Шіркеудің басшысы король деп жарияланды. VIII Генрих алым-салық жинайтын арнаулы палата құрды.

1535—1558 жылдары VIII Генрихтің қызы Мария Тюдор билік құрды. Реформация қайраткерлерін қуғынға салғаны үшін оған жұрт “қанішер” деген жанама ат берді. Мария қайтыс болғаннан кейін таққа VIII Генрихтің екінші қызы I Елизавета (1558—1603) отырды. Оның тұсында ағылшын абсолютізмі ерекше нығайды. Шіркеу ұлттық деп танылып, абсолютізмнің ең басты тірегіне айналды. 1607 жылы Англияның мемлекеттік әнұраны қабылданып, алғаш рет орындалды.

Тюдорлар саяси жағынан бүкіл елді өзінің қол астына біріктірді. Бүлікшіл ақсүйектердің қарсылықтарын тұншықтырды, сауданың өріс алуын қолдады. Отандық өндірістің өркендеуіне жол ашып, басқа елдерден әкелінетін даяр бұйымдарға жоғары баж салығын орнатты.



Мария Тюдор



I Елизавета

Тюдорлар шикізат пен азық-түліктің шетелге шығарылуына тыйым салды. Тюдорлардың тұсында ағылшындардың отарлық экспансиясы күшейді. XVII ғасырдың басында Тюдорлар әулетінің табысты жүргізген ішкі және сыртқы саясаты Англияны Еуропада алдыңғы қатарлы елдер құрамына қосты.

Германия дамуының ерекшелігі. XVI ғасырда Германияның ең бай мемлекет болу мүмкіндігі бар еді. Германия дүниежүзілік сауда жолындағы қолайлы жерге орналасқан болатын. Осындай ұтымды жақтарына карамастан Германия экономикалық дамуда артта қала берді. Ол артта қалудың бірнеше себептері бар еді. Оның ең бастысы елдің саяси бытыранқылығы болды. Германия іс жүзінде өзара қарым-қатынасы жоқ ұсақ князьдықтардан тұрды. Әрбір князь өз ақшасын шығарды, алым-салық жинады, сот жүргізді. Мұндай бытыранқылық ел экономикасының одан әрі дамуына зиян келтірді. Реформациядан кейін Германияның бытыранқылығы онан әрі күшейді. Орталықтану үдерісі Германияда орын алған жоқ.

Германия аумақтық князьдықтардан тұрды. Сондықтан Германияда тек аймақтық орталықтандыру ғана іске асты. Батыс Еуропада XV ғасырдың бірінші жартысында ірі қалалар дамып, ірі кәсіпорындар пайда болып, тауар өндіру артты, сауда ұлғайды. Ақшаның маңызы күшейіп, сауданың дамуына себепші болды.

Ізден!

Франция мен Англияның бір орталыққа бірігуіне әсер еткен қандай жағдайлар еді? Германия неге бір орталыққа біріге алмады?

Білімнің тексер:

1. Франция королі I Франциск мемлекеттік тіл ретінде француз тілін қай жылы енгізді?
2. Франция кімнің билігіне бағынды?
3. Англияның бір орталыққа бағынуының қандай ерекшеліктері болды?
4. Германияның дамуының артта қалуының себептерін көрсет.



бөлім

**КЕЙІНГІ
ОРТА
ҒАСЫРЛАР**



БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТАҒЫ АБСОЛЮТИЗМ

§20. ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бұл сабақта:

- Батыс Еуропа мен Солтүстік Еуропа аумағындағы мемлекеттердің пайда болу жолы мен даму ерекшелігімен танысамыз.

Тірек сөздер

Пиреней
Британия
Скандинавия
Француз корольдығы
Италия
Замоктар

Батыс Еуропаның көптеген елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасу үдерісі IX—XI ғасырларда аяқталды. Феодалдану үдерісінің аяқталуы күрделі жағдайда өтті, бірін-бірі алмастырған тұрақсыз мемлекеттік бірлестіктер пайда бола бастады. IX—XI ғасырларда Еуропада жана мемлекеттер құрылып, этникалық жаңа топтар мен халықтардың қалыптасуы жүрді. Италияда, Францияда феодалдық құрылым, негізінен, X ғасырда аяқталса, Англия мен Византияда бұл үдеріс XI ғасырдың аяғында, ал Германияда тек XII ғасырдың басында орнықты. Скандинавия елдерінде феодалдану үдерісі мүлде баяу жүрді.

X—XI ғасырларда Еуропада бытыраңқылық орын алды, замоктар көптеп пайда болды. Ол феодалдың саяси, соттық, әкімшілік, әскери билігінің орталығы еді. X ғасырлардағы замоктар екі қабатты ағаш мұнаралар еді. Мұнараның жоғарғы қабатын феодал иеленсе, төменгі қабатында жасақ пен қызметшілер тұрды. XI ғасырдың басынан замок тастан қаланып салына бастады.

лар еді. Мұнараның жоғарғы қабатын феодал иеленсе, төменгі қабатында жасақ пен қызметшілер тұрды. XI ғасырдың басынан замок тастан қаланып салына бастады.

Ойлан!

Феодалдық қатынастардың қалыптасуында қандай ерекшеліктер болды?

X—XI ғасырларда Еуропадағы әскердің негізгі түрі атты әскер болды. Әрбір феодал сеньорға атты әскер қатарында қызмет етуге міндетті болатын. Бұл кездегі рыцарьлардың негізгі қаруы семсер мен ұзын найза еді. Сауыт пен қалқан қорғаныс үшін



Ортағасырлық жәрмеңке

қы змет етті. Кейінірек XII—XIII ғасырларда рыцарь сауыттары пайда болды.

Француз корольдығының негізін 843 жылы Верден келісімшарты қалады. Француз корольдығының этникалық құрамы күрделі болатын. Елдің саяси орталығы солтүстік-шығыста еді. Тұрақты астана болған жоқ. Король Ланада, кейін X ғасырдың аяғында Парижде тұрақтап тұрды.

Король, негізінен, солтүстіктегі француз халқының жоғарғы билеушісі болды. Король пеліктерінің маңызды ірі екі өзен — Сена мен Луараның орта ағыстарына, сондай-ақ оңтүстіктен солтүстікке апаратын құрлықтағы жолдарға үстемдік ететін Париж бен Орлеанда орналасуының Франция тарихы үшін маңызы зор болды.

VI ғасырдың соңында Италия аумағының басым бөлігін лангобардтар жаулап алды. Лангобардтар тұсында барлық аумақ герцогтіктерге бөлінді. Лангобард корольдары Павия қаласын астана жасады. 756 жылы Папа мемлекеті пайда болды. Италиядағы феодалдық қатынастардың қалыптасуы VIII—IX ғасырларда жүрді. Италия тарихының өзге Еуропа елдерімен салыстырғандағы ерекшелігі қалалар санының көп болуында еді. Италия біртұтас ел болмады. Бұл Италияның дамуына көп кедергі келтірді.

Нормандар деп аталған тайпалар — қазіргі норвегтердің, шведтердің, даниялықтардың арғы аталары. Олар Еуропаның солтүстігінде қатал жағдайда өмір сүрді. Нормандар Солтүстік және Балтық теңіздерінде балық аулап, күнін көрді. Олар Еуропадағы таңдаулы теңізшіл ер еді. Шағын, бірақ берік, жылдам жүзетін кемелер жа-

сады. Оның артқы жағы үшкір тұмсықты болды. Бұл қажет болған жағдайда ескектерді қайта орналастырып, кері жүзуге мүмкіндік берді. Кемелердің тұмсығы, әдетте, айдаһардың, жыланның басы сияқты ойылды. Бұл олардың діни түсінігіне байланысты еді. Нормандар тұсбағарды білмегенімен, жұлдыздар арқылы өз жолын жақсы таба алатын. Олар IX ғасырда Солтүстік Германияны, Францияны, Англияны тонап отырды. Скандинавия елдеріндегі феодалдану үдерісінің өзіндік ерекшелігі болды. Бұл ерекшелік Скандинавияның географиялық жағдайына байланысты еді. Ерте феодалдық кезен Скандинавияда XII—XIII ғасырларда қалыптасты.

Британияда (уақыт өте келе бұл аумақ Англия деп атала бастады) V ғасырдың екінші жартысынан VII ғасырдың басына дейінгі кезеңде бірнеше варварлық англосаксон корольдықтары пайда болды. VII ғасырдың аяғынан англосаксон мемлекеттерінде феодалдану үдерісі жүре бастады. Англияның феодалдануының негізгі себебі жасақшылар мен шіркеу мекемелеріне корольдың жаппай жерді сыйға беруінде болды. Жерді сыйға беру грамоталармен бекітілді және “бокленд” деп аталды. Боклендтің пайда болуымен Англияда ірі жер иелігі пайда болды.

Испания аумағында вестготтар, вандалдар, аландар, свевтер қоныстанды. 709 жылы арабтар Вестгот корольдығының аумағына келіп түсті. Арабтардан басқа жаулап алушылыққа Солтүстік Афри-



Ортағасырлық замок

каның жергілікті тұрғындары — берберлер де қатысты. 711 жылы олардың Испанияны жаулап алуы басталды.

755 жылға дейін мұсылмандық Испания Дамаск халифатының құрамына кірді. Оның астанасы Кордова қаласы болды. Экономикалық тұрғыдан алғанда, мұсылмандық Испания ортағасырлық Еуропаның гүлденген аймақтарының бірі еді. Мұсылмандық Испанияның жоғары деңгейде дамыған қалалық өркениеті ортағасырлық Батыс Еуропаның мәдени дамуының базасы болды. Кордова, Севиль, Толедо тайфтарының зайырлы мектептерінде құқық, философия, тарих оқытылды. Кордова халифатының кітапханасында 400 мың кітап болды.

Арабтарға қарсылық тек түбектің солтүстігіндегі таулы аймақтарда ғана көрсетілді. Мұнда испандық-христиан мемлекеттерінің негізі қаланды.

Шығыс және Орталық Еуропада бірнеше славян мемлекеттері қалыптасты. IX ғасырда пайда болып, IX—X ғасырларда шығыс славяндардың басын қосқан, Ладогадан Солтүстік Днепр жағасына дейінгі және Неман мен Припять беткейінен Ока және Волга өзендері аралығына дейінгі аумақты мекендеген орыс мемлекеті, X ғасырда батыс славян тайпалары мен Одра, Варта, Висла және Балтық теңізі жағалауындағы тайпалық князьдықтардан құрылған Польша мемлекеті қалыптасты.

Балқан түбегінің шығыс бөлігін Византия империясы иемденді.

Ойлан!

Римдіктерден бастап Британияға басып кіргендердің тізімін жаса.

Біліміңді тексер:

1. Нормандар кімдер?
2. Кордова қаласы, Кордова халифаты туралы не білесің?

§21. АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ РЕСЕЙДЕГІ АБСОЛЮТИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл сабақта:

- абсолютизм түсінігімен танысамыз;
- қандай елдерде болғандығын анықтаймыз;
- айырмашылықтарын білеміз.

Тірек сөздер

Абсолютизм
Тюдорлар
Борис Годунов
Ағылшын абсолютизмі

Кейінгі орта ғасырлар адамзат тарихында феодалдық қоғамның соңғы кезеңі ретінде және капиталистік қатынастың қалыптаса бастауымен белгілі болды. Кейінгі орта ғасырлар Еуропа елдеріне айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді. XVII ғасырдың 40-жылдарындағы ағылшын буржуазиялық революциясы нәтижесінде тарихта жаңа заман кезеңі қалыптасты. Еуропа елдерінде капиталистік қатынас жедел қарқынмен дами бастады. Географиялық ашылулар жаңа жерлерді игеріп, нарықтың кеңеюіне жол салды. Еуропа елдері Ұлыбритания, Голландия өндірісті елдерге айналды. Испания мен Португалия жаңа отарлық иеліктерді бағындырды. Сөйтіп, сауда буржуазиясы өндірістік буржуазияға айнала бастады. Саяси тұрғыда монархиялық үстемдік әлсіреп, абсолюттік монархия күшейді. Жаңа тап буржуазия өздерінің саяси билігін нығайтуға көшті.

Абсолютизм — латынның шексіз деген сөзінен алынған, мемлекеттік басқарудың бір түрі. Абсолютизм кезінде жоғарғы өкімет билігі толық жеке-дара бір адамның қолына шоғырланды. Заң шығарушылық, атқарушы, сот билігі бір адамның қолында болды. Ресей мен Франция тарихында монархиялық басқару жүйесін абсолютизмнің бір үлгісі ретінде көрсетуге болады.



Анықта:

Абсолюттік құрылысқа мемлекеттің географиялық орналасу жағдайының әсер етуін Англия мысалында түсіндіре аласың ба?

Абсолюттік монархияның негізгі белгілері:

- корольдың сөзі бүкіл ел үшін заң болды;
- король қазына қаржысын өз еркінше басқарды;
- соттарды өзі тағайындап отырды;
- әскерді өзі басқарды;
- салық мөлшерін өзі белгіледі;
- салық жинаушыларды өзі тағайындап отырды;
- елдің барлық халқы корольдың боданы деп саналды.

Ағылшын абсолютизмі. XVI ғасырдың бірінші жартысында ағылшын королінің билігі солтүстік графтықтар мен шеткі аймақтарда күшейтілді. Шеткі аймақтарды басқару үшін арнайы мекемелер құрылды. XVI ғасырда Англияда абсолюттік құрылыс орнады. Ағылшын абсолютизмінің үш ерекшелігі бар. Біріншіден, жергілікті жерлерде бюрократиялық аппарат әлсіз болды. Жергілікті басқару өз маңызын жоғалтқан жоқ. Графтықтар мен ірі қалалардағы маңызды қызметтер, негізінен, джентри өкілдері мен қала буржуазиясы арасынан сайланды. Екіншіден, Тюдорлар өз билігін күшейту үшін *парламентті* де пайдаланды. Парламент екі палатадан тұрды. Бірінші палата лордтар палатасы деп аталды. Оған ірі жер иелерінің өкілдері — герцогтер, графтар, барондар сайланды. Екінші палата *қауымдар палатасы* деп аталды. Парламенттің ұсақ және орта дворяндарынан құралған корольға бағынышты екінші палатасы король билігінің күшеюіне мүдделі болды. Корольдан ірі жер иеліктерін алған жоғарғы палата өкілдері де король билігінің күшеюіне мүдделі еді. Ағылшын абсолютизмінің келесі ерекшелігі тұрақты әскердің болмауымен байланысты. Географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты ағылшындар әскери флотқа көп көңіл аударды, ал әскер ескі жасак күйінде сақталып қалды.

Тюдорлар билігі. Тюдорлар дворяндардың мүддесін қорғады. 1489 жылдан бастап қоршау саясатына қарсы парламент бірнеше акті шығарды. Заңның орындалуын қадағалау үшін XVI ғасырдың бірінші жартысында екі комиссия құрылды. Тюдорлар шұға жасау



VIII Генрихтің төж кишіі

ісінің дамуына қолдау көрсетті. Абсолютизмді күшейту үшін Тюдорлар шіркеу реформасын іске асырды. Шіркеу реформасы VIII Генрих тұсында басталды. 1534 жылы парламент ағылшын шіркеуін Рим бағыныштылығынан босатып, “Супрематия актісі” бойынша ағылшын шіркеуінің басшысы Англия королі деп танылды. Бұл Англиядағы реформация көрінісі еді. Реформация негізінде ұлттық протестанттық шіркеу қалыптастырылып, абсолютизм күшейту құралына айналдырылды.

Ойлан!

Тюдор билігі қандай сипатта болды?

Француз абсолютизмі. Француз абсолютизмі әлеуметтік тобы монархияның орнына келді. Француз абсолютизмін жойған — Ұлы Француз революциясы. Франциядағы әлеуметтік топ өкілеттілік ұйым *Бас штаттар* деп аталды. Бас штаттар король билігін шектей алған жоқ.

Францияның XVII ғасырдың бірінші жартысындағы саяси-экономикалық жағдайы жақсара түсті. Бұл жетістіктерде корольдың бірінші министрі кардинал Ришельенің үлесі зор болды. Ришелье Францияны 1624 жылдан 1642 жылға дейін биледі. Ол барлық күш-жігерін орталық үкімет билігін нығайтуға, экономиканы дамытуға, Францияның басқа елдер арасындағы беделін арттыруға жұмсады. Ришелье феодал ақсүйектердің қарсылығын тойтарып, бір орталыққа бағынған өкімет билігін нығайтты. Француз абсолюттік жүйесін бекіткен де Ришелье.

XVII ғасырдың екінші жартысында Францияда шексіз, абсолюттік монархия түпкілікті орнады, ел билігі түгелдей корольдың қолына жинақталды. Француз корольдары шіркеуді өздеріне бағындырып алды. Француз абсолютизмін одан әрі дамытқан XIV Людовик (1643—1715) елді “Мемлекет — бұл мен” деген ұғыммен биледі. Оның кардиналы Мазарини XIV Людовик король билігін одан әрі нығайтты. Король сарайын Париж маңындағы Версаль қаласына көшіріп, жаңа сарай салдырды.



Ришелье

XVI—XVII ғасырдың бірінші жартысында Франция Еуропа елдерінің арасындағы ең қуатты мемлекеттердің біріне айналды.

Ресейдегі абсолютизм. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басы Ресей тарихында ең

бір күрделі кезең болды. Ресей патшасы IV Иван өмірден кеткеннен кейін дүрбелен кезең басталды.

XVII ғасырда Ресей әлеуметтік-экономикалық дамуында француз абсолютизмі әлеуметтік топқа негізделген монархияның орнын басты. Ресей қоғамы үш әлеуметтік топты құрады. Біріншісі — билік басындағылар, екіншісі — сауда-өнеркәсіп қызметкерлері, үшіншісі — шаруалар. Жоғарғы топқа — Мәскеу Ұлы князі, сарай қызметкерлері, боярлар, әскерилер жатты. Әлеуметтік топтар арасындағы бақталастық, билік үшін күрес XVII ғасырда Ресейде дүрбелен тудырды. Бұл кезең 1584—1613 жылдарға дейін созылды.

Дүрбелен дәуірдің басталуына негізгі себеп болған — 1584 жылы Ресей патшасы IV Иванның қайтыс болуы. 1584 жылдан бастап Иван Грозныйдың ұлы Федор патшалық құрды. Оның артында мұрагер болмағандықтан, сарай төңірегіндегі тактан үміткер адам Борис Годунов болды. Б.Годунов 1598 жылы таққа отырды. Ол — өз заманының ірі саяси және мемлекет қайраткері болған адам. Ресейдің Еуропа елдерінен артта қалғандығын түсініп, шетелден оқыған, білімді адамдарды әкелді. Шетелдерге дворян балаларын оқуға жіберді. Ресейдің діни дербестігін нығайту, рухани жағынан күшейту үшін Ресей қоғамында патриархтың рөлін арттырды.



Борис Годунов

Ойлан!

Ресей абсолютизмінің ерекшелігі қандай болды?

Борис Годуновтың патшалығына елдегі боярлар тобы қарсы болды. Ресейден қашып, Польшаға барған Чудов монастырінің монахы өзін Дмитрий деп таныстырды. IV Иван Грозныйдың 9 жасында қайтыс болған Дмитрий деген баласы болған.

Польшаның қолдауымен әскер жинап Лжедмитрий (“жалған” Дмитрий) Мәскеуге қарсы жорыққа аттанды. Бұл Ресей патшалығында бақталастықтың күшейіп тұрған кезі еді. Сондықтан Лжедмитрий өзін патша деп жариялайды. 1606 жылы Лжедмитрий өлті-



Лжедмитрий

рілді. Өкіметті боярлар басып алды. Таққа Василий Шуйский (1606—1610) отырады. 1608 жылы поляк шляхтасы патша тағына жана адам тағайындап, Мәскеуге екінші рет жорық ұйымдастырды. II Лжедмитрий Мәскеу қаласындағы Тушино селосына келіп, сол жерден үстемдік жасай бастады. Шуйскийді боярлар қолдамады.

1609 жылы Польша королі Ресейге басып кірді. Шуйский үкіметтен кетуге мәжбүр болды. Елді жеті боярдан құрылған топ өз қолына алды. Польша әскерінен Ресейді қорғау жолында Кузьма Минин мен Дмитрий Пожарский көзге түсті. 1612 жылы қазан айында шетел басқыншыларын тізе бүктірді.

Романовтардың билік құруы. Мәскеуді азат еткеннен кейін елде жаңа үкімет құру қажет болды. 1613 жылы ақпан айында Мәскеуде 700 адам қатысқан Зем соборы шақырылды. Зем соборы Ресей патшасы ретінде 16 жастағы Михаил Федорович Романовты қалады. Сөйтіп, Ресей тарихында Романов әулеті таққа отырды. М.Ф. Романов 1613—1645 жылдары билік етті. Жалпы Романовтар әулетінің билігі үш ғасырға созылып, 1917 жылға дейін билік етті. 1649 жылы собор заңдарының жинағы қабылданды. Ол Ресейдегі шаруалар басыбайлығын түпкілікті бекітті.

Орыс абсолютізмнің түпкілікті қалыптасуы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына келеді. Ол I Петрдің есімімен байланысты. I Петр жаңа идеология мен жаңа тәртіптер қалыптастырды. Бұл өзгерістер барлық биліктің бір адамның қолына жинақталуын талап етті.

Сословиялық өкілеттілік ұйымдар Зем соборы, Бояр Думасы қызметі тоқтатылды. Олардың орнына “Жақын кеңсе” сияқты жоғарғы билік ұйымдары пайда болды.

Біліміңді тексер:

1. Абсолюттік монархияның негізгі белгілері қандай?
2. Ағылшын абсолютізмін күшейткен әулет.
3. Тюдорлар ағылшын шіркеуін қалай бағындырды?
4. Ришелье деген кім?
5. XIV Людовик пен I Петр туралы не білесің?
6. *Бас штаттар*, *Парламент*, *Дума* туралы айтып бер.

§22. ҚЫТАЙ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Орта ғасырлардағы Қытайдың саяси жағдайы. Орта ғасырлардағы Қытайдың саяси жағдайының ерекшелігі — ол бірде қуатты империяға айналып, көршілеріне қатысты жаулаушылық соғыстарын жүргізсе, келесі бір кезеңде әлсіреп, солтүстіктегі көршілері — көшпелі халықтардың шапқыншылықтарына тап болып отырды.

Біздің заманымыздың II—III ғасырлары межесінде Қытайдың ежелгі мемлекеті — Хань империясы құлап, Қытай бірнеше ғасыр бойы ыдырау жағдайында өмір сүреді. Бірнеше ұсақ мемлекеттер қалыптасып, олар бір-бірімен өзара қырқысу соғыстарын жүргізді.

Осындай соғыстар мен төңкерістер елді әбден қалжыратып, IV ғасырдың басында Солтүстік Қытайды көшпелі тайпалар — *сюннулар (ғұндар)* басып алды.

Осы уақыттан бастап 581 жылға дейін Қытай оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлініп өмір сүрді. Елді басып алған көшпелілер Солтүстік Қытай жерінде бірнеше кішігірім мемлекеттер құрды. Ал Оңтүстік Қытай өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

581 жылы Ян Цзянь әскери төңкерістің нәтижесінде билікке келіп, *Суй империясының* негізін қалайды.

589 жылы Ян Цзянь Оңтүстік Қытайды бағындырып, елдің солтүстігі мен оңтүстігін қайтадан бір мемлекеттің қол астына біріктірді. Алайда Ян Цзянь мұрагері Ян Гуанның тұсында (604—617) елдің жағдайы нашарлап кетеді. Өйткені ол халыққа ауыр салықтар салып, қазынаны ойын-сауықтарға шашты. Сондықтан да халық көтерілістері

Бұл сабақта:

- орта ғасырлардағы Қытайдың саяси жүйесінің ерекшеліктерін;
- Таң империясының саяси-басқару жүйесін;
- Қытай мен Жапонияның саяси-әлеуметтік жүйелеріндегі ерекшеліктерді;
- жапон тарихында ерекше орын алған атақты тұлғалар — елді біріктіруші феодалдар туралы білеміз.

Тірек сөздер

Суй
Таң
Сұң
Самурай
Сегунат
Біріктірушілер



Тан империясының негізін қалаушы Ли Юань



Конфуций

мен бүліктер жиі орын алып, нәтижесінде Суй әулеті құлағды.

Суй әулетіне қызмет еткен шенеуніктердің бірі Ли Юань 618 жылы билікті қолына алып, *Таң империясының* негізін қалайды.

618—907 жылдар аралығында өмір сүрген Таң империясы ортағасырлық Қытайдағы ең қуатты мемлекет болды. Дәл осы әулет тұсында ортағасырлық Қытайға тән империялық басқару типі қалыптасты.



Анықта:

Суй және Таң империясы туралы не білесің?
Негізін қалаушылар кімдер?

Мемлекет басында тұрған монархтың билігі мұрагерлікпен берілді және шексіз болды. Ол ресми түрде *“Аспан ұлы”*, яғни император деп аталды. Императордың жеке басы қасиетті деп есептелді. Басқару тармақталған шенеуніктік—бюрократиялық аппарат арқылы жүргізілді.

Қызметкерлерден емтихан алу жүйесі енгізілді. Шенеунік болуға үміткерлер Конфуцийдің шығармалары бойынша емтихан тапсырды. Таң дәуірінде қалыптасқан басқарудың осы жүйесі Қытайдың кейінгі империяларында жалғасын тауып отырды.

Ортағасырлық Қытайда жер мемлекеттің меншігінде болды. Мемлекет жерді үлестік жүйе шеңберінде пайдаланды. Бұл жүйе бойынша шаруаларға белгілі бір көлемде жер учаскесі бөлініп берілді. Берілген жерден бекітілген көлемде салық алынды. Үлестік жүйе мемлекеттік жер қорын пайдалануды айтарлықтай ретке келтірді. Осы жүйе үстем болған кезде Қытайда егіншілік дамып, жылына екі рет астық жиналды.

IX—X ғасырларда Қытайда мемлекеттік меншікпен қатар, ірі жер меншігі де өсе бастайды. Мұндай ірі жер иелерін *күшті үйлер*

Ізден!

Шенеуніктерді қызметке алу үшін енгізілген емтихан неге Конфуцийдің шығармаларынан алынды?

деп атады. Ірі жер иелері өз жерлерінде толық үстемдік етті. Күшті үйлерді ортағасырлық Еуропа елдеріндегі феодалдық вотчиналармен және замоктармен салыстыруға болады.

Күшті үйлердің иелері әскер ұстап, өз жерінің халқына арнап заңдар шығарды. Ірі жер иелері орталық билікке бағынғысы келмей, елде бүліктер шыға бастады. X ғасырдың басында шаруалар көтерілісі мен бүліктердің салдарынан Таң империясы әлсіреп, құлайды. Ел қайтадан бірнеше кішігірім мемлекеттерге бөлшектеніп кетеді.

X ғасырдың ортасынан бастап Қытайдың саяси жағдайы тұрақтана бастайды. 960 жылы билікке келген *Сун әулеті* бүкіл Қытайды қайта біріктіреді.

Сун әулеті тұсында Таң мемлекетінде қалыптасқан империялық дәстүрлер жалғасын тапты. Мықты орталықтандырылған мемлекеттік басқару орнықты. Алайда басқару аппаратының шектен тыс ұлғайып кетуі, халықтан алынатын салықтың өсуі елдің ішкі жағдайына кері әсер етті. Осы жағдайды пайдаланып, елдің солтүстігіне көшпелі тайпалар шапқыншылықтар жасай бастайды. Солардың бірі — *чжурчжендер* XII ғасырдың ортасында *Цзинь* атты мемлекет құрып, Қытайға қауіп төндірді. 1127 жылы чжурчжендер Сун империясының астанасы Кайфынды жаулап алды.

Ойлан!

Қытай тарихының моңғолдар билік құрған дәуірі жөнінде осы оқулықтың басында оқыдық. Еске түсір, моңғолдардың Қытай жеріндегі мемлекеті қалай аталды, оның негізін кім қалады?

Солтүстік Қытай жерлері чжурчжендердің қол астына біржолата өтті. Сун империясының қол астында тек оңтүстіктегі жерлер қалды. Сондықтан ол енді *Оңтүстік Сун мемлекеті* деп аталды.

XIII ғасырдың басында Қытайға моңғолдар басып кіргенде ел осылайша екіге бөлініп тұрған болатын. Солтүстік Қытай Цзинь империясына қараса, оңтүстікте Сун әулеті билік құрды.

XIV ғасырға қарай моңғол басқыншыларының Қытайдағы билігі әлсірей бастайды. Қытай халқының басқыншыларға қарсы наразылығы күннен-күнге өсе түсті. Өйткені барлық ауыртпалық қарапайым халықтың — шаруалар мен қолөнершілердің үлесіне

түскен болатын. Сондықтан да шетелдік басқыншыларға қарсы наразылық шаруалар көтерілісі түрінде орын алды.

Моңғолдарға қарсы азаттық көтерілісіне қатысушылар бастарына қызыл орамал тағып жүрді, сондықтан ол *Қызыл орамалдылар* көтерілісі деп аталып кетті. Қызылдар бірқатар қалаларды басып алып, астанаға қауіп төндірді.

Көтерілісшілер арасында *Чжу Юаньчжан* басқарған отряд аса зор табыстарға қол жеткізді. Ол көптеген маңызды қалаларды бірінен кейін бірін басып алды. 1368 жылы қаңтарда Чжу Юаньчжан өзін император деп жариялап, жаңа *Мин империясының* құрылғандығын жариялайды. Сол жылдың қыркүйегінде оның әскері моңғолдар тұсындағы елдің астанасы — Дадуга (Пекин) келіп кірді. Осылайша моңғолдардың Юань империясы құлатылды.

Ойлан!

Чжу Юаньчжан бастаған шаруалар көтерілісі жеңіске жетіп, елден моңғолдар толықтай қуылып шығарылды. Кезінде бүкіл әлемді дүр сілкіндірген моңғолдардың шаруалар қолынан жеңіліс табуының себебін қалай түсіндірер едің? Бұл сұраққа жауапты мұғаліммен бірге іздестіріп көр.

Билікке келгеннен кейін Чжу Юаньчжан елдің экономикасын қалпына келтіруге кірісті. Ол көтеріліс кезінде басып алынған жерлерді шаруаларға бекітіп берді. Егістік жерлер жетіспегендіктен тың жерлерді игеруге көңіл бөлінді. Алайда XVI ғасырдың басында Мин империясының басқару жүйесі терең дағдарысқа түсті. Император мемлекеттік істерді жүргізудің орнына, уақытын ойын-сауықтармен өткізетін болды. Енді іс жүзіндегі билік фавориттердің (шенеуніктер емес, императорға жеке бір қызметтерімен жаққан, оның жақын адамдары) қолына көшті. Олар *уақытша билеушілер* деп аталып кетті. Уақытша билеушілер мемлекеттің мүддесін ойлағанның орнына, өз қалталарын толтыру үшін бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысты.



Анықта:

Уақытша билеушілер кезінде елде қандай өзгерістер болды?

Жапонияда қалыптасқан ортағасырлық мемлекеттің ерекшеліктері. Жапондықтардың ата-бабалары — *ямото тайпалары* III—V ғасырларда Жапон аралының барлық тайпаларын өзіне бағындырып, алғашқы мемлекеттің негізін қалады. Мемлекетті *тэнно*, яғни император басқарды. Алайда XI—XIII ғасырлар аралығында императорлық билік әлсіреп, сегундардың билігі күшейеді.

Сегундар қол астында қуатты әскери жасақтары бар ірі феодалдар еді. Сегундардың көтерілуінің себептері мынадай: X ғасырдың екінші жартысынан бастап Жапонияда феодалдық жеке жер иеліктері — *сезн* пайда болды. Жер иелері — *даймелар* тұйық, оқшауланған шаруашылық жүргізді.

X—XII ғасырларда ірі жер иелеріне айналған феодалдар барынша күшейіп, орталыққа бағынудан бас тартты. Елде саяси бытыраңқылық орын алды. Провинциялардағы ірі жер иелері жеке билікке ұмтылып, феодалдық өзара қырқыс соғыстар жүрді. Ірі феодалдардың өзара қырқыстары кезінде әскердің рөлі барынша артып кеткен болатын. Осы негізде Жапонияда “*семсерді тір тұту*” дамыды, яғни жауынгерлік ерекше дәріптелді. Ерекше әскери-феодалдық әлеуметтік топ — *самурайлар* қалыптасты.



Анықта:

Самурайларды ортағасырлық Еуропа елдеріндегі рыцарьлармен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықта.

Самурайлар — ортағасырлық жапон қоғамында маңызды рөл атқарды. “Самурай” сөзі жапонның *saberu* — “қызмет ету” сөзінен шыққан.

Самурайлар әскери қызметшілер болды, олар өздерінің қожаларына адал қызмет етуге тиіс болды. Самурайлардың ортағасырлық жапон қоғамында маңызды рөл атқаруына орталық биліктің әлсіздігі жағдайында жергілікті феодалдар арасында үздіксіз жүрген феодалдық қырқыс соғыстар ықпал етті. Осы соғыстар кезінде самурайлары көп даймелар жеңіске жетіп отырды.



Мин империясының императоры Чжу Юаньжан

Ойлан!

Ортағасырлық Қытай мемлекеті мен Жапония мемлекеттерінің саяси жүйесінде қандай ерекшеліктерді байқадың?

XIV—XV ғасырлардағы феодалдық қырқыстардың әлеуметтік зардаптары зор болды. Шаруалар феодалдар мен өсімқорлардың екі жақты қанауына түсті. Шаруаларды қанаудың негізгі түрі — *натуралды оброк* (күрішпен өтелетін салық) болды. Жапонияда XV ғасырда 8 рет қайталанған қуаншылық пен аштық шаруалардың жағдайын күйзелтіп жіберді. Сондықтан олар жер телімдерін сатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде шаруалар жерсіз қалды. XV ғасырда шаруалардың антифеодалдық күресі күшейе түсті. Көтеріліске шаруалар, батрактар, жүк тасушылар, колөнершілер, ұсақ сатушылар, самурайлардың төменгі топтары қатысты.

Ел басына түскен осындай қауіпті жағдайда елді біріктіріп, орталық билікті нығайту ең басты міндетке айналды. Алғаш Жапонияны біріктіру күресін князь Ода Нобунага бастады.

**Анықта:**

Жапонияны біріктіруші князьдардың Жапония тарихындағы маңызы қандай?

1582 жылы Ода Нобунага жақын вассалы Акэти Мицухидзэнің қолынан қаза тапты. Оданың өлімі Жапонияның бірігуін тоқтата алмады. Оның ісін жақын көмекшісі Тоетоми Хидзэси жалғастырды. Хидзэси орталық билікке қарсы князьдықтарға бірқатар жорықтар жасады. Солтүстікке жорық кезінде Канто облысының 8 провинциясын бағындырды. Ол маңызды кен орындары мен ірі қалаларға өз бақылауын орнатты.

Хидзэсидің реформаторлық қызметі феодалдық құрылыстың тұрақтануына жол ашты. 1598 жылы Хидзэсидің қайтыс болуы алғашқы біріктірушілердің еңбегін жоққа шығарғандай болды. Хидзэсидің ұлы Хидзэридің маңына топтасқан князьдар мен билікке таласқан Токугава Иэясу арасында өзара соғыс өршіді. Бұл күрес Токугаваның жеңісімен аяқталды. Токугава Иэясу 1603 жылы өзін сегун жариялады. Сөйтіп, үшінші сегунат — Токугавалық кезең басталды. Токугавалардың астанасы Эдо (қазіргі Токіо) қаласы болды. Жапонияны біріктіруге тырысқан князьдар — Ода Нобунага,



Самурай

Тоетоми Хидэеси және Токугава Иэясу туралы: “бастады, жалғастырды, аяқтады” деген пікір қалыптасты. Сегун билігінің күшеюімен қатар жүрген бірігу үдерісі Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етті.

XVII ғасырдың 30-жылдары ел толықтай біріктірілгеннен кейін, Жапонияда “жабық есік” саясаты енгізілді. Бұл саясат бойынша елге шетелдіктердің келуіне тыйым салынды. Әсіресе христиан дінін таратуға тыйым салынды. Шетелдермен байланыстың

үзілуі ішкі өндірістің дамуына оң ықпал етті. Капиталистік өнеркәсіп (үй өнеркәсібі мен мануфактуралар) бой көтерді.

**Анықта:**

“Жабық есік” саясатының мақсаты не болды?

Ойлан!

Сегун билігінің күшеюі елге қандай өзгерістер әкелді?

Біліміңді тексер:

1. Ортағасырлық Қытайдың саяси дамуының ерекшелігі неде екен?
2. Әкімшілік-басқару жүйесі қандай болды?
3. Үлестік жүйенің мәнін қалай түсіндің?
4. Жапонияның саяси құрылымы қандай болды?
5. Самурайлар кімдер?
6. Сегунат жүйесінің ерекшелігі неде?
7. Жапонияда бір орталыққа бағынған мемлекет құру үшін кімдер күресті?

§23. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Түрік мемлекетінің қалыптасуы. Түрік мемлекетінің алғашқы ошағы XI ғасырдың аяғына таман Кіші Азия жерінде құрылды. Оны құрған Орталық Азия жерінен шыққан түркітәлдіс көшпелі тайпалар — *селжүктер* болатын.

Ерте кезден әртүрлі түркі тайпалары шығыста Алтайдан, батыста Дунайға дейінгі жерлерде мекендеген. Орта ғасырларда Орталық Азияның түркі тайпаларының арасында бірқатар мемлекеттік бірлестіктер қалыптасты. Солардың бірі — IX ғасырдың аяғында құрылған *Оғыз мемлекеті*. XI ғасырдың басында түркі тайпаларының бірі кыпшақтар күшейіп, оғыздарды ығыстыра бастайды. Селжүктер басқарған оғыздардың бір бөлігі батысқа ығысып кетеді. Орта Азия жерінде тұрақтай алмаған олар, одан әрі жүре отырып, Иран жеріндегі Ғазнауи мемлекетінің жерін жаулап алады. Осы жерде олар *Ұлы Селжүк мемлекетін* қалыптастырып, одан әрі жаулаушылық жорықтарын жалғастыра береді.

Селжүктер XI ғасырдың ортасында Кіші Азияға жаулаушылық жорықтарын бастайды. Кіші Азия бұл кезде Византия империясына қарайтын. 1071 жылы селжүк сұлтаны Алып-Арсланның әскері Маншикерт маңында Византия әскерін талқандады. Осы уақыттан бастап селжүктер Кіші Азия жерін біртіндеп жаулап алды.

Бұл сабақта:

- Кіші Азия жерінде Түрік мемлекетінің қалай қалыптасқанын;
- Осман мемлекетінің негізі Ертоғрыл бастаған қайы тайпасынан бастау алатындығын;
- Осман мемлекетінің алып империяға айналу жолдарын;
- Осман империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайын білеміз.

Тірек сөздер

Оғыз
Селжүк
Осман
Бейлік
Ғази
Империя

Ойлан!

Неге селжүктер Орталық Азия жерінен кетуге мәжбүр болды?

Бұл кезде Селжүк сұлтанатының жері шығыста Қашғардан бастап, батыста Жерорта теңізіне дейін, солтүстікте Қара теңізге дейін, оңтүстікте Парсы шығанағы мен Сирия жазығына дейін жетті. Алайда XIII ғасырдың ортасында монғол әскері сұлтанаттың жерлерін бірінен кейін бірін басып ала бастады.



Анықта:

Ұлы Селжүк мемлекетінің жорықтары қай бағытта болды?

1307 жылы монғолдар, соңғы селжүк сұлтаны III Гияседдин Месудтың әскерін талқандады. Осылайша 230 жыл өмір сүрген Селжүк мемлекеті жойылды.

Осман мемлекетінің қалыптасуы және империяға айналуы. Кіші Азия жеріне Орталық Азиядан түркі тайпаларының қоныс аударуы монғол жаулаушылықтары тұсында қайта жандана түсті. 1219—1221 жылдары монғолдардың Орта Азияға жорығы кезінде, *Ертоғрыл* бастаған түрікменнің *қайы* тайпасы түрікмен даласынан батысқа қарай жылжыған болатын. Олар XIII ғасырдың 30-жылдары Кіші Азияға жетті. Ертоғрыл шегаралық кішкентай жерді Селжүк сұлтанынан *икта* ретінде алады, сол үшін шегараны күзетуге міндетті болды. XIII ғасырдың аяғында селжүктердің әлсіреу жағдайында, Кіші Азияның батысындағы жерлер тәуелсіз бейліктерге (кішігірім әмірліктер) бөлініп кеткен болатын. Осман мемлекеті осындай бейліктердің негізінде қалыптасты. 1281 жылы Ертоғрыл қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы Осман жана бейліктің негізін қалады, ол *Осман бейлігі* деп аталды. Осы бейліктің негізінде 1299 жылы *Осман мемлекеті* құрылады.

Османның ұлы *Орхан бей* 1326 жылы Мәрмәр теңізі мен Қара теңізге дейінгі Кіші Азияның солтүстік-батыс бөлігін толық бағындырды. Османдар өздерінің жорықтарын *қасиетті соғыс (газауат)* деп жариялады. Өйткені олар христиандық Византияға қарсы бағытталды. Бұл кезде крест жорықтары саябырсып, кресшілерді өз жерлерінен қуып шыққан мұсылмандар, енді христиан елдеріне қарсы дін жолындағы соғысын бастаған болатын. Газауат соғысы мұсылмандар арасында кең қолдау тапты. Дін жолындағы күрескерлер *гази* деп аталды.

1453 жылдың көктемінде сұлтан *II Мехмед Фатих* өзінің он мыңдық таңдаулы әскерін Византияның астанасы — *Константинопольге* қарсы жылжытты. 50 күн бойы қоршауда болған қала 1453 жылы 29 мамырда құлады, император өлтірілді. II Мехмед қаланы Стамбул деп өзгертіп, империяның астанасы деп жариялады. Ежелден батыс пен шығысты байланыстырушы “алтын көпір” аталып келген Константинопольдің алынуы Осман мемлекетінің күш-қуатын айтарлықтай арттырды.

Осман билеушілерінің күш-жігерімен құрылған қуатты армия Еуропа мен Азияда жаулаушылық жорықтарын әрі

карай жалғастыруға мүмкіндік берді. Жаңа қалыптасқан империя, ең алдымен, мұсылмандық шығыста жетекші мемлекет болуға таласты. Константинопольді алғаннан кейін Осман империясы әлемдік мемлекетке айналды. Ол енді халықаралық саясатта ең басты рөлді ойнайтын болды. Ол христиандық Еуропаға мұсылман әлемі тарапынан қарсы тұратын басты күшке айналды. Барлық мұсылман халықтары — Солтүстік Африка, Араб елдері, Қырым, Үндістан және Испания мұсылмандары Осман империясынан осындай қамқорлықты күтті. Алайда мұсылман әлеміндегі ең басты күшке айналу үшін османдар осы рөлге таласып отырған Египеттегі мәмлүктер мен Ирандағы Сефевилерді талқандауға тиіс болды. Мәмлүктерге қарсы Сирия даласында 1516 жылы өткен алғашқы шайқаста-ақ түріктер толық жеңіске жетті. Түрік сұлтаны I Селім Дамаскке кіріп, “Ислам сұлтаны” титулын алды. 1517 жылы мәмлүктердің астанасы Каир қаласы алынды.



II Мехмед Фатих

Анықта:

Константинопольдің алынуының Осман мемлекеті үшін маңызын қосымша мәліметтерден анықтап көр.

Мәмлүктерді талқандағаннан кейін Сефевилік Иран Осман империясының шығыстағы басты жауына айналды. (Иранда XVI ғасырдың басынан бастап Сефевилер әулеті билік құрып тұрған болатын).

Османдардың Сефевилермен күресі екі ғасырға созылды. Соғыс барысында Иранның едәуір жерлері басып алынды, бірақ Иран өзінің тәуелсіздігін сақтап қала алды.

Шығыстағы осы жеңістер Осман империясын одан әрі күшейтіп, оның Батысқа жаулаушылық жорықтарын бастауына мүмкіндік берді. Осман сұлтаны I Сүлеймен 1521 жылы Белград қаласын басып алды. Бұл жеңіс османдардың Еуропаға ішкерілеп кіруіне жол ашты. Османдардың Еуропадағы басты жауы — Рим папасының бастауымен крест жорығын жүргізіп келген Италия, Испания, Португалия, Австрия, Германия, Венгрия, Польша мемлекеттері болды. Османдардың Еуропаға қарсы соғыс қимылдары үш бағытта жүргізілді. Біріншісі құрғақта — Балқан түбегінен солтүстікке қарай, қалған екеуі Жерорта теңізі мен Үнді мұхитында жүргізілді.

Еуропадағы соғыс қимылдары түріктер үшін сәтті басталды. Еуропада бұл кезде реформация, ал Германияда шаруалар соғысы

жүріп жатқан болатын. Еуропаның езілуші халықтарының бір бөлігі түріктерді өз кожаларының қанауынан құтқарушылар ретінде қабылдады. Қасиетті Рим империясы (Германия) бұл кезде Франциямен күрес жүргізіп жатқандықтан, Франция түріктерді өзінің одақтасы деп есептеді. Франция түріктерден қолдан келген көмегін аямады. Осы жағдайлар түріктердің Еуропадағы жеңістеріне ықпал етті.

Ізден!

Қосымша дереккөздерден ортағасырлық Ирандағы Сефевилер әулетінің билігі туралы ізденіп, әңгімеле.

1526 жылы түріктер Венгрияның бір бөлігін басып алып, венгр тағына өз адамын отырғызды. Түркия Кипр аралы үшін Венециямен соғысты. Соғыстың басында Түркия Кипрдің үлкен бөлігін басып алды. Бірақ Жерорта теңізі үшін Венеция, Австрия, Испания, Генуя т.б. мемлекеттер Түркияға қарсы одаққа бірікті. Шешуші шайқас Лепанто қаласында (Патранкос шығанағында) болды. Түрік флоты бұл шайқаста жеңіліс тауып, 224 кемесінен айырылды. Бірақ бұл шайқас соғыс барысына әсер ете алмады. Одақтастар арасындағы алауыздықты түріктер орынды пайдалана білді. Олар тез арада жана флот құрып, соғысты табысты аяқтады. 1573 жылғы бітімшарты бойынша Венеция Кипрді Түркияға беруге мәжбүр болды. Жалпы алғанда, осы кезде Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасында белгілі бір стратегиялық тепе-теңдік қалыптасты.

Осман империясының әкімшілік-басқару жүйесі. Осман империясы феодалдық монархия түріндегі, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Мемлекеттің жоғарғы билеушісі сұлтан болды. Ол мемлекеттің зайырлы және діни басшысы болды. Еуропаның абсолютті монархтарынан ерекшелігі Осман сұлтандарының билігі едәуір шектеулі болды. Олар мемлекетте жарияланған діни құндылықтардың шегінен шыға алмады. XVI—XVII ғасырларда он бес сұлтанның алтауы шариятты бұзғаны үшін тақтан тайдырылып, екеуі өлім жазасына кесілді.

Сұлтан өз билігін ең жоғарғы дінбасыларымен және ірі қолбасшылардан тұратын империялық кеңеспен (*диуан*) бірлесіп жүргізді. Империяның әскери-әкімшілік жүйесін Ұлы уәзір басқарды.



Анықта:

Осман империясының әкімшілік жүйесін сипаттап бер.

Осман мемлекетінде салықтың негізгі екі түрі болды: заңды салық және қосымша салық (жергілікті және төтенше алым-салықтар, баж салығы). Заңды салықтың мынадай түрлері кеңінен таралды: *испандже* — ақшалай салық, *харадж* — егін салығы, *жизия* — мұсылман еместерден алынатын салық, *ұшыр* — өнімнің 1/10 бөлігі, *зекет* — діни салық, мал басынан алынды. Мұсылман дінбасылары мен мемлекеттік қызметкерлер салықтан босатылды.

Осман мемлекетінің негізгі әскері тимар ұстаушы (әскери қызметі үшін берілетін жер) сипахилерден жасақталды. Әскердің ерекше бір түрі — *янычарлар* (*жаңа әскер*) болды. Оның негізін жат жұрттықтар құрады. Янычарлар корпусының ерекшелігі оның құлдық статустағы жауынгерлерден, яғни соғыс тұтқындары мен сатып алынған құлдардан жасақталуында болды. Жергілікті халықпен еш байланысы жоқ жатжұрттықтар болғандықтан олар сұлтанның айтқанын екі етпей орындайтын.

I Баязид билігі тұсынан бастап *қатықұлы* (мемлекеттік құлдар) жүйесі кең ауқымда дами бастады. Бұл жүйе шеңберінде құлдар әскерде ғана емес, мемлекеттік қызметте де жұмыс жасады.

Селім және I Сүлеймен Кануни тұсында Осман империясының мемлекеттік мекемелері барынша жетілдірілді. Мемлекеттік басқарудың бұл жүйесі тек осман қоғамында ғана емес, Еуропада да үлгі ретінде қарастырыла бастады.

I Сүлеймен Кануни (заңгер) тұсында империя өзінің ең бір гүлденген дәуірін бастан кешірді. Өкімет сауда мен қалалардың дамуына күш салды. Халық саны өсті. Ішкі және сыртқы сауда жанданды. Алайда осыдан кейін көп ұзамай Осман империясы құлдырау дәуіріне аяқ басты. XVI ғасырдың аяғынан бастап османдардың жаулап алу соғыстары бәсеңдей бастады. Соғыстан түсетін олжаның азаюы сұлтан қазынасын кемітті. Салықтар мен міндеткерліктер өсті. Әскери феодалдар әскердегі қызметі үшін алған пеліктерін өзінің жекеменшігіне айналдыра бастады. Олардың көпшілігі жорыққа қатысудан бас тартты. Әскердің саны кеміді. Осман мемлекетінің дағдарысы, ішкі қайшылықтары түріктердің жаулаушылық белсенділігін әлсіретіп тастады. Осман империясы тарихының 1579—1683 жылдар аралығындағы кезеңі Түркия тарихында "*тевеккуф деври*", яғни тоқырау дәуірі деп аталады.

Біліміңді тексер:

1. Түрік мемлекетінің қалыптасуындағы селжүктердің рөлін көрсет.
2. Осман мемлекеті қалай құрылды?
3. Түріктердің Еуропадағы жаулаушылық соғыстары туралы не айта аласың?
4. Салықтың түрлері мен жерге меншік түрлерін ата.
5. Осман билеушілерінің ішінен кімдерді ерекше атауға болады?

САУДА, ҚОЛӨНЕР ЖӘНЕ ӘЛЕМДІ ИГЕРУ

§24. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА МЕН САЯХАТТАР

Бұл сабақта:

- Ұлы Жібек жолының қалыптасу тарихын еске түсіреміз;
- Ұлы Жібек жолының әртүрлі тарихи дәуірлердегі жағдайын;
- Ұлы Жібек жолының халықтардың мәдени байланыстарындағы маңызын анықтаймыз.

Тірек сөздер

Ұлы Жібек жолы
Сауда
Керуен
Тауар
Мәдениет

Ұлы Жібек жолының қалыптасып, дамуы. Ежелгі дәуірден бастап-ақ кез келген мемлекеттің дамуында сауда мен қолөнер ерекше маңызды рөл атқарды. Алайда орта ғасырлардың басында Батыс Еуропа елдерінде сауда мен қолөнердің, жалпы-қалалық өмірдің дамуында тоқырау болды. Бұл Еуропадағы феодалдық құрылыстың ерекшеліктерімен байланысты еді. Ерте орта ғасырларда ірі жер меншігінің өсуіне байланысты, Еуропада саяси және экономикалық өмір қалалардан вотчиналарға ауысқан болатын. Бұл шаруашылықтың натуралдануына алып келді.

Ал Шығыс елдерінде қалалардың дамуында болсын, сауда мен қолөнерде болсын мұндай тоқырау орын алған жоқ. Керісінше орта ғасырларда Шығыста халықаралық сауда барынша қызу жүрді. Бұны шығыстық феодализм ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастыру керек. Халықаралық сауданың қызу жүруіне, сондай-ақ ежелгі дәуірде қалыптасқан Ұлы Жібек жолы да оң ықпал етті.

Ізден!

Ортағасырлық Еуропа тарихын қайта еске түсіріп, шаруашылықтың натуралдануының себептерін айқындап көр.

Ұлы Жібек жолы өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен үнемі өзгеріп отырды. Бірақ оның тарихтағы дәстүрлі торабы өзгермеген. Жол Чаньаннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орта Азияны, Батыс



Ұлы Жібек жолы

Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады. Жібек жолының жалпы ұзындығы 7000 шақырымнан асады.

? Анықта:

Не себептен ортағасырлық Шығыста сауданың рөлі төмендемеді? Неге халықаралық сауда жолдары қызметін тоқтатпады? Сұрақтың жауабын мұғаліміңмен бірге іздеп көр.

Орта ғасырларда Жібек жолының рөлі өте зор болғаны соншалық, барлық ірі қуатты мемлекеттер оған бақылау орнатуға тырысты. Жалпы Жібек жолының тарихында бүкіл жолды бір мемлекет бақылауында ұстаған бірнеше кезеңдер болды. Бұл VI ғасырдағы Түркі қағанаты, VIII—XII ғасырлардағы Араб халифаты, XIII ғасырдағы Шыңғыс хан империясы және XIV ғасырдың соңындағы Әмір Темір мемлекеті дәуірлері.

Ұлы Жібек жолы Түркі қағанаты дәуірінде, VI—VIII ғасырларда Ұлы Жібек жолы өзінің гүлденген дәуірін бастан кешірді. Осы кезде Алтайдың түркі тілді халықтары Жетісу және Орталық Азия жерінде Түркі қағанаты мемлекетін қалыптастырған болатын. Түркі қағанаты тарихта алғаш рет Еуразия далаларын және ежелгі отырықшы өркендетті аймақтар — Соғды мен Бұхараны бір мемлекеттің қол астына біріктірді. Ал бұл аймақтар Ұлы Жібек жолының бойындағы негізгі пункттер болатын. Түркілер Қытайдан Жерорта теңізіне дейінгі сауданың кедергісіз жүруіне мүдделі болған Византияға әрдайым қолдау көрсетіп отырды. Түркілердің бұл саясатты іске асыруына соғды көпестері көмектесті. XII ғасырдың бірінші жартысында Қытайға 9 сауда елшілігі жіберілді.

? Анықта:

Ұлы Жібек жолы Түркі қағанаты дәуіріне қандай жаңа бағыттар әкелді?

Ұлы Жібек жолы Араб халифаты дәуірінде. Ұлы Жібек жолы тарихының келесі маңызды кезені VIII ғасырдың аяғы — XIII ғасырдың басына сәйкес келеді. Бұл дәуір араб жаулаушылықтары мен Алдыңғы Азия, Иран, Кавказ, Шығыс Еуропаның бір бөлігі, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан және Орталық Азия халықтарының исламдануы дәуірінен басталып, моңғол шапқыншылықтарына дейін жалғасты. Халифат дәуірінде Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше арта түсті. Себебі ислам діні саудаға оң көзқараспен қарап, адал кәсіптердің бірі деп жариялады. Сонымен бірге ислам сауданы адал жүргізуді, таразыдан жемеуді, өсімқорлықпен айналыспауды қатаң түрде талап етті. Бұл кезде халықаралық сауда барынша қызу жүрді. Тауарларды тасуда түйелер кеңінен пайдаланылды. Такла-Макан шөлі арқылы жүретін керуендегі түйелер саны 3-тен 300-ге дейін болды. Қызу жүрген сауданың арқасында Таң державасында Орта Азия киімдері мен бұйымдарына сән қалыптасты. Ал Қытайдан мұсылман елдеріне жібек матадан баска, темір, никель, шай, қағаз, оқ-дәрі жеткізілді. Үндістаннан дәмдеуіштер мен піссулар тасылды. Хорезм арқылы сауда керуендері Шығыс Еуропаға дейін барды.

Ұлы Жібек жолы моңғол үстемдігі дәуірінде. Ұлы Жібек жолын өз қолында мықтап ұстау Шыңғыс ханның басты мақсатының бірі болды. Алайда ол моңғол әскерінің бұл жолдың барлық тармақтарын ұзақ уақыт бойы қолда ұстап тұра алмайтынын түсінді. Сондықтан да Шыңғыс хан Жібек жолының солтүстік тармағын өз қолына



Моңғол мемлекеті

алғаннан кейін, жолдың оңтүстік тармағының бойында орналасқан араб және түркі қалаларын біртіндеп қирата бастады. Осылайша, ол өз пеліктерінен тыс жерлерде қызу сауданың жүруін тоқтатуға тырысты.

XIII—XV ғасырлар аралығында Орта Азияда, Таяу Шығыста және Еуразия далаларында Шыңғыс хан ұрпақтарының мемлекеттері орныққан болатын. Шыңғыс хан тұсынан басты жолға айналған Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы Алтын Орда пеліктері арқылы өтті.

Алтын Орда сондай-ақ Қара теңіз бен Каспий теңізі жағалауларын Балтық теңізімен байланыстыратын магистральды жолды да өз бақылауында ұстады. Мемлекет Еуразияның географиялық жағынан қолайлы аймағында — Батыс пен Шығысты байланыстыратын сауда жолдарының түйіскен жерінде орналасқандықтан, оның Еуразия тарихындағы маңызы күрт артты. Осы уақытта Шығыс пен Батыс арасындағы қызу сауда одан сайын жандана түсті.

Ал Шыңғыс хан ұрпақтарының басқа мемлекеттері Ұлы Жібек жолының басты тармағынан тыс орналасты. Бұл жолдың бойындағы саудадан түсетін барлық пайданы тек Алтын Орда ғана көрді. Керуендердің көпшілігі Мәуереннахрдан айналып өтіп, Еділге Каспийдің солтүстігі арқылы жетті. Бұл негізгі аумағы Мәуереннахр болған Шағатай мемлекеті үшін ауыр тиді. Сондықтан да ол Алтын Орданың басты жауына айналды.



Шаһар саудасы

Ұлы Жібек жолы Әмір Темір империясы дәуірінде. XIV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына қаһарлы жаулаушы — Әмір Темір шығады. Ол жаулаушылық соғыстардың нәтижесінде Орта Азия мен Иранды бір мемлекеттің қол астына біріктірді. Әмір Темір өз империясының күш-қуатын арттыру үшін Ұлы Жібек жолына бақылау орнатуға тырысты. Бұл жоспары оны Алтын Ордамен қақтығыстарға алып келді. Әмір Темір Алтын Орданың басты қалалары Астрахан мен Сарай-Беркені талқандады. Барлық керуен жолдары империяның астанасы — Самарқандта түйісті. Қала Азияның басты орталығына айналды. Темірдің ойы бойынша Самарқанд оның қуатты империясына лайықты, әлемдегі ең сұлу қалаға айналуы тиіс болды.

XIV ғасырдың аяғында Темір Ұлы Жібек жолының шығыс бағыты — Қытай мен Үндіқытай түбегін жаулап алуды жоспарлады. Бірақ ол Қытайға барар жолда қайтыс болып, жоспары іске аспай қалды. Әмір Темірдің ұрпақтары империяны өзара бөлісіп алды. Империя ыдырап кетті.

Ойлан!

Империяның ыдырауына не себеп болды?

Ұлы Жібек жолының құлдырауы. Әмір Темір империясы Ұлы Жібек жолының үлкен бөлігіне бақылау орнатқан соңғы мемлекет болды. Осыдан кейін бұл жолдың бойымен жүретін сауда керуендерінің қауіпсіздігі төмендеп кетті. Сондықтан да ол бірте-бірте құлдырай бастады. Оның үстіне XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашылулардан кейін, біртіндеп құрлықтағы сауда жолдарының маңызы төмендей бастады. Теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, Жібек жолы біртіндеп екінші орынға түсті. Теңізде жүзудің жылдамдығы, кемелерге артылатын тауар көлемінің көптігі, тауар тасудың салыстырмалы түрдегі арзан болуы XV ғасырдың аяғынан бастап құрлық арқылы жүретін сауда жолдарының құлдырауына алып келді. Алайда Ұлы Жібек жолының кейбір тармақтары өз маңызын сақтап қалды. Мысалы, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкстан, Үндістан мен Қытайды байланыстыратын тармақ арқылы XX ғасырдың басына дейін жүк тасымалданды.

Ұлы Жібек жолы XVI ғасырға дейін Шығыс пен Батыс қарым-қатынасының маңызды жолы болып келді. Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен Орта Азияға, Батыс Азияға және Еуропаға толассыз тасылды. Орта Азияның, Батыс Азияның және Еуропаның

шынысы, жақұты, дақылдары және хош иісті заттары, дәрі-дәрмектері Қытайға тасылды .



Анықта:

Ұлы Жібек жолының құлдырауына қандай жағдайлар себеп болды? Қазіргі таңда Ұлы Жібек жолын қайта қалпына келтіру бағытында қандай шаралар іске асырылып жатыр?

Ұлы Жібек жолының халықтардың мәдени байланыстарындағы орны. Ұлы Жібек жолымен тек сауда жүргізіліп қана қойған жоқ, сонымен бірге мәдени құндылықтар, діндер тарады. Мысалы, Үндістанда қалыптасқан буддизм дінін Жібек жолы бойымен саяхаттаған дін таратушы миссионерлер Орталық Азияға, одан әрі Қытайға таратты. Христиан дінінің несториандық бағыты Византиядан Иранға, Орталық Азияға тарады. Манихейлік дін Ираннан Орталық Азияға келді. VIII ғасырда Орталық Азияда қалыптасқан Ұйғыр қағанаты манихейлік дінді мемлекеттік дін деп жариялады. Ислам дінінің, негізінен, сауда жолдары арқылы таралғандығы жөнінде арнайы тарауда айтылған болатын.

Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық, мәдени байланыстар адамзаттың материалдық және рухани мәдениетін байытты. Шығыс пен Батыстағы халықтар Жібек жолы арқылы өзара мәдени ықпалдастыққа түсіп, жаңа озық мәдениет қалыптастырды. Атап айтқанда, ирандық, қытайлық, соғдылық және түркілік мәдени дәстүрлер өзара ықпалдаса отырып, сәулет, мүсін, бейнелеу өнерінде синкретті (аралас) негіздегі озық туындылар пайда болды. Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қоймай, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына үлес қосты.

Қытайдағы Мин әулеті тұсындағы Чжен Хэ басшылығымен болған теңіз экспедициялары. Қытай тарихында Мин империясының (1368—1644) императоры Чжу Ди (1403—1424) билік құрған кезең ерекше бір маңызды кезең болды. Өзінің алдындағы билеушілермен салыстырғанда, ол Мин империясының ықпалын дүниенің төрт бөлігіне де мойындатуға тырысты. Чжу Ди тұсында оның елшілері Қытайдың барлық алыс-жақын көрші елдеріне барып, олардың Қытайға шартты түрде болса да, бағыныштылығын мойындатып отырған. Чжу Дидің ауқымды кең теңіз экспедицияларын ұйымдастыруының басты себебі Қытайдың сыртқы саудасын жандандыру еді. Оның үстіне,



Чжен Хэ

осы кезде Әмір Темір жаулаушылықтары салдарынан, Қытайдың Орталық Азиямен жүргізіп келген дәстүрлі (құрғақтағы) сауда жолдары жабылып қалған болатын. Алайда көп ұзамай Қытайға жорық барысында Әмір Темір қайтыс болады. Темірдің мұрагері — Шахрухпен Қытай императоры елшілік байланыстарын қалпына келтіреді.




Анықта:

Чжу Ди саясатының ерекшеліктері неде болды?

Жалпы Чжу Ди шығыста — Кореямен, батыста — Әмір Темір мемлекетімен, солтүстікте Монғолиямен қызу сауда байланыстарын орната бастайды.

XV ғасырда Қытай кемелері Үнді мұхитымен жеті рет теңіз саяхатын жасайды. Жеті рет қайталанған саяхат кезінде қытай эскадрасын бір ғана адам — қытай елшісі әрі адмиралы Чжэн Хэ басқарды. Чжэн Хэ басшылығындағы флоттың теңіз саяхаттары Миндік Қытай тарихында ғана емес, әлем тарихында да ерекше маңызға ие болды. Экспедиция ауқымы бойынша Колумбтың теңіз саяхатынан кем түспеді. Экспедицияның ғылыми нәтижесі айтарлықтай болды: 1) экспедиция мүшелері барған жерлерінің картасын сызып алып отырды; 2) медицина үшін маңызы бар дәрілік шөптерді іздеп-тауып, іріктеумен айналысты. Чжу Ди билігінің алғашқы жылдары жарактала бастаған Чжэн Хэ флоты 250 кемеден тұрды. Оның 40—60-ы аса ірі кемелер еді, мұндай кемелерді “қазына кемелер” деп атап кетті. Экспедицияның құрамы 27—28 мың адамнан тұрды.



Чжэн Хэ флотының кемесі

Флот кемелері сол кездегі Еуропа кемелерінен бірнеше есе көлемді болды. Кемелердің көлеміндегі айырмашылықтарынан бөлек, Қытай және Еуропа экспедицияларының басқа да ерекшеліктері бар еді. Атап айтқанда, еуропалықтарға карағанда, қытайлықтар жана жерлерді жаулап алуға мүдделі болған жоқ. Олар жергілікті халықтан Қытай императорын тек шартты түрде ғана мойындап, Нанкинге сый-сияпатымен елшілік жіберуін талап етті. Мин сарайы бұл елшілерді одан да зор сый-сияпатпен шығарып салып отырды. Сондай-ақ еуропалықтардан ерекшелігі, қытайлықтар барған жерлерінде факториялар немесе сауда базарларын ашуға, өз дінін енгізуге тырыспады. Қытай теңізшілерінің басты мақсаты алыс-жақын елдермен, дәстүрлі қытай үлгісі бойынша достық және елшілік байланыстар орнату ғана болды. Қытай теңізшілері өздеріне дұшпандық пиғыл танытқан елдерге ғана қарсы оқ атты. Ал еуропалық экспедициялардың басты мақсаты пайда табу болғандықтан, байлыққа қол жеткізу жолында кез келген қадамға дайын тұрды. Еуропалықтар дәмдеуіштерден бастап, құл саудасына дейін жүргізді. Ал қытай саудасы, негізінен, мемлекеттік сипатта болды. Қытай саяхатшылары бір ғана мақсатты көздеді, бұл, қолдан келгенше, флоттың шығындарын жабу еді.



Анықта:

Чжэн Хэ басқарған Қытай теңіз экспедицияларын Еуропа экспедицияларымен салыстыра отырып ерекшеліктерін анықта.

Ізден!

Ұлы Жібек жолының мәдени байланыстар жолы болғандығы жөнінде қай атақты түркітанушы ғалым айтқан еді?

Біліміңді тексер:

1. Орта ғасырлардың басында қалыптасқан халықаралық жағдай Ұлы Жібек жолына қалай ықпал етті?
2. Түркі қағанаты дәуірінде керуен саудасын кімдер жүргізді?
3. Араб халифаты дәуірінде Ұлы Жібек жолында қандай өзгерістер орын алды?
4. Моңғол үстемдігі дәуірінде сауда Ұлы Жібек жолының қай тармағы арқылы жүрді?
5. Әмір Темір империясы тұсында Ұлы Жібек жолының қай тармағы қалпына келтірілді?
6. Ұлы Жібек жолы арқылы қандай мәдени байланыстар орын алды?

§25. XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ — XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫ

Бұл сабақта:

- географиялық ашылуларға дейін Америка құрлығында қандай халықтар тұрғанын;
- Х.Колумб жорығының барысы мен нәтижелерін, қандай жаңа жерлерді ашқандығын білеміз.

Тірек сөздер

Х.Колумб
Майя
Ацтек
Үндістер
Америка
Испания
Фердинанд
Изабелла

Географиялық ашылулардың алғы-шарттары. XV—XVI ғасырлардың бірінші жартысында жаңа сауда жолдары ашылды. XV ғасырдағы географиялық ашылулар ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болды. Жаңадан ашылған жерлерді картаға түсіру картографияның дамуына ықпал етті. XVI ғасырдың басында экватор сызығы көрсетілген алғашқы карталар пайда болды. XV ғасырдың соңына қарай ашық теңізде кемеңіз тұрған жерін дәл анықтайтын навигациялық құралдар (тұсбағар, астролябия) жетілді. Каравелла деп аталатын кемеңіз жаңа түрі пайда болды. Ол желкен арқылы желге қарсы сағатына 22 шақырым жылдамдықпен жүре алатын.

XV ғасырдағы Америка халықтары. Үндістер — Американың тұрғылықты халқының ортақ атауы. Америка құрлығының халықтары еуропалықтармен кездескенге дейін қарапайым өмір сүрген. XV ғасырдағы отарлаудың алдында үндістер дамудың әртүрлі сатысында тұрған. Прокез тайпалары рулық даму деңгейінде болса, ацтек, майя,

инктер таптық қоғамда өмір сүрді. XVI ғасырдың басында осы халықтардың мемлекеті мен мәдениетін испан жаулап алушылары жойып жіберді.

Ойлан!

Ұлы географиялық ашылулардың себептері неде?

Үндістер аспан денелерін, жұлдыздардың орналасуын жақсы білді. Шөптердің қасиеттерін біліп, оларды емге қолданды. Алыс жерлерге от пен түтін арқылы белгі берді. Солтүстік Америка үндістерінің өз жазуы болды. Ол *пиктография* (*сурет жазу*) деп аталды. Дакота тайпасының теріге салынған жылнамасы мен күнтізбесі болды.

**Анықта:**

Үндістер Америка құрлығына қалай келген?

Майя, ацтек, инктер мәдениеті. Майя халқын испандықтар XVI—XVII ғасырлар аралығында бағындырды. Майялардың өз жазуы, күнтізбесі болды, өз иероглифтерін керамикаға, тасқа ойып жазды. Сәулет өнерінде де майялардың жетістіктері үлкен еді. Майя архитектурасында көлемді фасадтар болды.

Орталық Американың өзге халықтары сияқты майялықтар уақыт аралықтары мен табиғат құбылыстарының қайталану сипатына мән берді.

Майялықтар әлемді — жерасты, жер және аспан әлемі деп үш деңгейге бөлді. Олар көп құдайға табынды, құдайларына арнап құрбандық шалды. Майялардың қала-мемлекеттері болды. Үнемі бір-бірімен бәсекелестік күресін жүргізіп отырды, сондықтан олардың саяси өмірінде соғыс үлкен орын алды.

Ацтектер Орталық және Оңтүстік Американың аумағын испан жаулап алушылығына дейін мекендеген. Ацтектерде де қала мемлекеттер болған. Олардың ішіндегі бізге танымалы *Теночтитлан* деген қала. Ацтектердің қалалары Мексиканың таулы аңғарларына орналасты. Ацтектердің діни салт-дәстүрлерді, тарихи оқиғаларды жинақтаған пиктографиялық кітаптары болды. Ағаштың қабығын ацтектер қағаз ретінде пайдаланды.

Өкінішке орай, испан жаулап алушылығы кезеңінде ацтектердің мәдени құндылықтары жойылып кеткен. Ацтектердің қоғамында еріктілермен қатар құлдар да болған. Соғыс кезінде қолға түскендерді құлға айналдырып, құрылыс жұмысына пайдаланған. Ацтектерді Эрнан Кортес XVI ғасырдың бірінші жартысында жаулап алды.

Ойлан!

Майя, Ацтек, Инктер Америка құрлығының қай бөлігін мекендеді?

Қазіргі Перу аумағында инктер өмір сүрді. Инктер Ацтек империясымен қатар Америка аумағында ежелгі империяның негізін қалыптастырды. Инктер империясының құрамына қазіргі Перу, Боливия, Эквадор, Чилидің солтүстігі, Аргентинаның солтүстік-

батысы кірген. Инктер астанасы *Куско* қаласы болған. Үндістер императорын инк деп атаған. Испан конкистадорлары инк сөзін бүкіл тайпаға қатысты қолданып кетті.

Инктер өз заманының дамыған мемлекеттерінің бірі еді. Заңы, салық жүйесі, айырбас саудасы болды. Айырбасқа мыстан жасалған тшын ақша қолданды.

1572 жылы Инктер мемлекеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Колумбтың Американы ашуы. XV ғасырдың соңында географиялық ашылуларға испандықтар да араласа бастады. 1492 жылы испан корольдары II Фернандо мен королева I Изабелланың көмегімен Генуя қаласынан шыққан теңізші Христофор Колумб (1451—1506) саяхатқа шығады. Испан королі мен Колумбтың арасындағы келісім бойынша, Колумб жаңадан ашылған жердің вице-королі атағын, адмирал шенін және түскен табыстың оннан бір бөлігін алатын болды.

Таным

Ол материкті, негізінде, тұңғыш ашқан атақты Христофор Колумб еді, бірақ ол өмірінің ақырына дейін жаңа материк ашқанын білмеді. Ол жердің жаңа материк екенін дәлелдеген Америго Веспуччи болды.

1492 жылы 3 тамызда Палостан шыққан үш каравелла оңтүстік-батысқа бағыт алды. Канар аралдары арқылы өткен Колумб бірнеше күннен кейін Саргассов теңізіне жетеді. 1492 жылғы 12 қазанда Багам аралдарының біріне келді. Өзінің алғашқы саяхаты барысында Колумб Куба аралын ашып, оның солтүстік жағалауын зерттеді. Кубаны Жапон аралдарының бірі деп санаған Колумб батысқа қарай жүзіп, Гапти (Эспаньола) аралын ашады. Гаптиден алтынның ең көп қорын табады. Эспаньолада экипажының бір бөлігін қалдырып, форт салады. Бұл жаңа жерлердегі алғашқы бекіністің бірі болды.

Колумб осыдан кейін бірнеше рет Америкаға саяхат жасады. Бұл саяхаттар барысында Кіші Антилья, Пуэрто-Рико, Ямайка, Тринидад аралдары ашылып, Орталық Американың жағалауы зерттелді. Колумб өзінің өмірінің соңына дейін Үндістанға баратын жолды таптым деп есептеді.

1502—1504 жылдары Колумб төртінші рет саяхатқа шығып, дүниежүзін айналып шықпақшы болды. Осы жолы Колумб Кубаның оңтүстігіне қарай материк тауып, Кариб теңізінің оңтүстік-батыс жағалауын зерттеді. Атлант мұхитын құрлықтан Оңтүстік

теңіз бен Азия жағалаулары бөліп жатқанын дәлелдеді. Адмирал осылайша Атлант мұхитынан Үнді мұхитына шығатын жолды таба алмады. Юкатан жағалауы арқылы жүзгенде Колумб даму деңгейі жоғары тайпалармен кездесті. Бұл Колумбқа дейінгі Америка өркеннетінің белгісі майя тайпалары болатын. Колумб 1506 жылы қайтыс болды.

Васко да Гама. 1497 жылы Васко да Гама саяхатқа шығады. Ол Африка жағалауымен Үндістанға баратын жолды ашпақшы болды. Қайырымды Үміт бұғазы арқылы өтіп, португалдықтар Үнді мұхитына шығып, Замбези өзенінің аңғарын ашады. Африка жағалауымен солтүстікке қарай жүзіп, Васко да Гама Мозамбиктің арабтармен сауда жасайтын қалалары — Момбаса мен Малинди ашады. 1498 жылы Васко да Гама басқарған саяхатшылар кемесі Каликут портына келді. Үндістанға қарай су жолымен саяхат он айға созылды. Дәмдеуіштерді тиеген кеме Еуропаға бір жыл жол жүріп жетті. Жолда экипаждың екіден үші қайтыс болды.

Васко да Гама экспедициясының жетістігі Еуропаға қатты әсер етті. Португалдықтарға Үндістанды қанауға үлкен мүмкіндіктер ашылды. Португалдықтар Үнді мұхитынан арабтарды ығыстырып шығарып, теңіз саудасын өз қолдарына алды. Арабтармен салыстырғанда португалдықтардың қанау формасы өте қатыгез болды. Эскадра командирі, кейін Үндістанның вице-королі болған Альбукерке аса қатыгездігімен ерекшеленді.

Географиялық ашылулардың нәтижелері. Конкистаның алғашқы сатысында еуропалықтар қымбат металдарды басып алса, екінші сатысынан бастап кеніштерді жүйелі түрде тонай бастады. Отарлаудың сипаты өзгерді. Жаулап алушылар жаңа жерлердің шаруашылығын игерген жоқ, қажеттіліктерін алтын мен күміске айырбастап Еуропадан әкеліп отырды. Америкадағы отарларға тек баю мақсатымен ғана келді. 1503—1565 жылдар аралығында Испанияға Америка отарларынан 181,3 мың тонна алтын, 16,8 мың тонна күміс шығарылды.

XV—XVII ғасырлар аралығындағы географиялық ашылулар жалпы әлемнің дамуына үлкен ықпал етті.

Ізден!

Географиялық ашылулар болмаса, американың ежелгі өркениеті қандай болар еді? Жалпы географиялық ашылуларды тек прогрессивті құбылыс ретінде ғана қарастыруға бола ма?

§26. XV ҒАСЫРДАҒЫ АМЕРИКА ХАЛЫҚТАРЫ. АЛҒАШҚЫ ОТАРЛЫҚ ИМПЕРИЯЛАР (ПОРТУГАЛИЯ, ИСПАНИЯ)

Еуропаның басқа елдері де Шығысқа, Үндістанға баратын теңіз жолдарын табуға ұмтылды. Христофор Колумб Үндістан Атлант мұхитының арғы жағында, оған баратын теңіз жолын табуға болады деп мәлімдеді. Испанияның королі де алтын мен асыл тастары мол, ғажайып жемістер өсетін Үндістанға баруға ынталы еді. Сондықтан ол ойланып-толғана келе, Колумбқа кемелер беруге келісті.

1492 жылы Колумб үш кемемен Испаниядан Үндістанға сапарға аттанды. Алайда олар шығысқа емес, Атлант мұхитының арғы жағына, яғни батысқа аттанды.

Кемелер бір ай жүзген соң, жерге жетуді аңсаған адамдар Колумбқа кері қайту туралы талап қойды. Колумб егер осы жақын күндерде жер көрінбесе, қайтамыз деп уәде берді. Екі күн өткен соң түнде теңізшілердің бірі жерді көрді.

Бұл Американың жағалауына жақын аралдар тобы еді. Колумб және оның адамдары Үндістанға келдік деп ойлады, сондықтан олар жергілікті халықты *үндістер* (индеец) деп атады. Осы атау күні бүгінге дейін сақталып қалды. Христофор Колумб осыдан кейін жаңа жерге тағы да үш рет экспедиция ұйымдастырды, ол өзі ашқан жерлерді “Вест-Индия” деп атады.

Бұл сабақта:

- Американың жергілікті халқының “үндістер” деп аталу себебін анықтаймыз;
- жаңа құрлықтың соңғы мемлекеттерінің тарихымен танысамыз;
- алғашқы отарлық империялардың құрылу жағдайларын анықтаймыз.

Тірек сөздер

Христофор Колумб
Үндістер
Вест-Индия
Америго Веспуччи
Жаңа дүние
Америка
Тепанектер
Ацтектер
Теночтитлан
Инктер
Конкистадор
Отарлық империя

Ойлан!

Американың жергілікті халқы не себептен “үндістер” деп аталды?

Бірнеше жылдан кейін итальяндық көпес Америго Веспуччи Колумб тапқан жер Үндістан емес, жаңа жер екенін дәлелдеп, оны “Жаңа дүние” деп атады.



Д.Вандерлин. Колумбтың жаңа жерге алғаш келуі

1507 жылы Мартин Вальдземюллердің “Космографияға кіріспе” деп аталған кітабы жарық көрді, кітапта Америго Веспуччидің бірнеше хатының мәтіні берілді. Кітаптың авторы жаңа ашылған құрлықты Америго Веспуччидің құрметіне “Америка” деп атауды ұсынды. Осыдан кейін “Америка” атауы Еуропада басылып шыққан карталарға енгізілді. Осылайша жаңа жерге оны бірінші ашқан Христофор Колумбтың емес, кейін келген Америго Веспуччидің аты берілді.

Америкаға адамдар б.з.д. 35 000 жыл бұрын қазіргі Сібірден келген. Олар Американың екі бөлігіне топ-топқа бөлініп орналасқан. Олардың біреулері аңшылықпен, екінші топтары балық аулаумен, басқалары егіншілікпен айналысқан. Бірте-бірте олардың арасы алыстап, туысқан екендігі ұмытылып, әрқайсысы жеке тайпаға айналған. Олардың әрқайсысының өз тілдері мен салттары бар, бірақ түрлері ұқсас.

Еуропалықтар келгенге дейін Америкада 300-ден астам үнді тайпалары тұрған. Еуропалықтар Американың жергілікті халықтарын терісінің түсінің қонырлығына байланысты “қызыл түстілер” деп атады.

Үнді тайпаларының арғы тегі бір болғанымен Американың таулы, орманды немесе жазық жерлеріне орналасуына, сол жердің ауа райына байланысты даму деңгейлері әртүрлі болды. Оңтүстік және Орталық Американың кейбір аудандарында үнділердің ірі

қалалары, алып ғимараттары, дамыған өркениеті болған. Алғашқы қалалар бұл жерлерде б.з.д. X ғасырда пайда болған.

Ойлан!

Америка атауы қалай шықты? Ол атау басқаша болуы мүмкін бе еді?

Ацтек мемлекеті. Солтүстік шөлді аймақтан ацтектер XIV ғасырда қазіргі Мексиканың орталық аудандарына, қазіргі Мексика қаласы орналасқан жазыққа келіп, 1325 жылы сол жерде Теночтитлан қаласын салды. Теночтитлан атауы “Бүркіт қонған кактус” деп аударылады.

Таным

Мексика мемлекетінің елтаңбасында тырнағына жыланды іліп алып, кактус үстінде отырған бүркіт салынған.

XIV ғасырда Мексика жазығында тепанек тайпалық одағы қуатты болды да, ацтектер оларға бағынышты болып, алым-салық төлеп тұрды. Ацтектер басқа тайпалармен одақ құрып, тепанектерге қарсы үнемі күресумен болды, 1429 жылы тепанектерге ауыр соққы беріп, ацтек мемлекеті Мексика жазығындағы қуатты күшке айналды. XV ғасырдың ортасында I Монтесум билігі кезінде ацтектер жергілікті тайпалардың көпшілігін жаулап алып, өз мемлекетін үлкен империяға айналдырды. Ацтек мемлекетінің соңғы билеушісі II Монтесум 1503 жылы билікке келді.

Ойлан!

Жаңа құрлықта Ацтек және Инк мемлекеттері қалай құрылды?

Инктер мемлекеті. Инктер мемлекеті — Оңтүстік Америка жерінде өмір сүрген мемлекет. Инктер XII—XIII ғасырларда Урумбамба өзені бойында Куско қаласын салды. Осы аймақта 200-ден аса ұсақ қала-мемлекеттер болды. Инктер мемлекеті көрші тайпалардан қорғану үшін Куско қаласының төңірегіне бірікті. Инктер өз жауларын талқандап 1438 жылы “Тау-ан тинсуу” (Дүнниенің төрт елі) мемлекетін құрды. Куско қаласы осы мемлекеттің астанасына айналды. XV ғасырдың соңғы ширегінде Инктер билеушілерінің жаулаушылық жорықтары нәтижесінде Инктер мемлекетінің аумағы қазіргі Перу, Боливия, Эквадор, Аргентина жерлерін қамтыды.

Ізден!

Қосымша дереккөздерден ацтектер мен инктер мәдениетін салыстыра отырып эссе жаз.

Христофор Колумбтың қазынаға толы жаңа жер тапқаны туралы жаңалық Еуропаға жылдам тарады. Жаңа құрлықтан жер алуды көздеген еуропалықтар Америкаға үмітпен көз тікті. Колумб итальяндық болса да, оның экспедициясын испандар мемлекеті жасақтағандықтан Испания билеушілері Американы бағындыруға құқығымыз бар деп есептеді. Португалия билеушілері де жаңа құрлықтың байлығынан үлес алып қалуға тырысты. 1494 жылы екі ел келісім жасап, Португалия қазіргі Бразилия жерін, ал Американың басқа жерлерін Испания иемденетін болды.

Американы Испанияға бағындыру үшін келген қарулы топтар конкистадорлар (жаулап алушылар) деп аталды. 1518 жылы кедейленген дворян Эрнан Кортес Мексиканы жаулап алуға Испания королінен рұқсат алды. 508 қарулы адамды 11 кемеге тиеп алып, Кортес Мексика жеріне келді. Ацтектер мемлекетінің қол астына күшпен енгізілген бірқатар үндіс тайпаларының наразылығын пайдаланып, Кортес оларды бір-біріне айдап салып, бір тайпаны екінші тайпаның қолымен талқандап отырды.

1520 жылы Отумбадағы шайқаста Кортес Ацтек мемлекетінің негізгі күштерін талқандады, ал 1521 жылы конкистадорлар Теночтитланды басып алды. Ацтек мемлекеті талқандалып, оның жерінде Жаңа Испания деп аталған испан отары пайда болды.

Ойлан!

Алғашқы отарлық империялар қалай құрылды?

Испандардың Америкадағы екінші ірі жеңісі — конкистадорлардың Инктер мемлекетін талқандауы. XVI ғасырда инктер басып алған жерлердің бәрінде инктер билеушілеріне қарсы наразылық күшейіп, 1525 жылы азамат соғысы басталып кеткен еді. Осы жағдайды пайдаланып, Франсиско Писарро 1531 жылы 180 адамдық топпен Инктер мемлекетін бағындыруға аттанды.

Испандар ең жақсы жерлерге үйлер мен шіркеулер салып, елді мекендерге айналдырды. Конкистадорлар жергілікті халықтың қоныстарын қиратып, өртеп, оларды ауыр жұмысқа салды, көнбесе ұрып-соғып жазалады. Жергілікті халықты күштеп христиан дініне енгізді. Еуропалықтар Америкадағы үнді өркениетін жойып

жіберді. Үндістер қатты қарсылық көрсетті, олар XVIII ғасырдың аяғына дейін қарулы күресін тоқтатқан жоқ. Оларды еуропалықтар мылтық пен зеңбіректің арқасында ғана жеңді. Еуропалықтар ауыр жұмыстарға пайдалану үшін Африкадан адамдар әкелді, олар құлға айналды.

Орталық және Оңтүстік Американы испандар мен португалдар біледі, осы өлкені кейіннен Латын Америкасы деп атап кетті. Латын Америкасының қазіргі жергілікті халқы үнділердің, еуропалық және африкандық халықтардың араласуынан қалыптасты. Латын Америкасының барлық елдерінде испан тілінде сөйлейді, тек Бразилияда португал тілі сақталған.

Американың ашылуы, теңіздер арқылы Азияға баратын жолдың табылуы ғылым үшін ұлы жаңалықтар болды. Алайда бұл Азия, Африка, Америка халықтарының тарихында бірнеше ғасырға созылған отарлық кезеңге жол ашты. Еуропаның дамыған, қуатты елдері Азия, Африка, Америка жерлерін күшпен басып алып, отарларға айналдырды. *Отар* деп тәуелсіздігінен айырылып, бөтен мемлекетке бағынышты болған елдерді айтады, ал осы елдерді басып алып, өзіне бағындырған мемлекетті *метрополия* дейді.

Ежелгі Грецияда шет жерлерді басып алған ірі грек қалаларын метрополия — *ана-қала* деп атаған.

Метрополиялар отарлар үшін ана рөлін атқарған жоқ, керісінше олардың табиғи байлығын тонап, өз тілдері мен діндерін зорлықпен енгізіп, жергілікті халықтың мәдениетінің дамуына кедергі жасады. Отар елдер халықтары оларды тәуелсіздігінен айырған басқыншыларға қарсы ұзақ та ауыр күрес жүргізді.

Ізден!

Майя мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын қандай ғалымдардың еңбектерінен көруге болады?

Біліміңді тексер:

1. Американың жергілікті халқы не себептен үндістер деп аталған?
2. Ацтектердің мәдениеті қандай болды?
3. Инктер мемлекеті қай жерде болған?
4. Колумб Үндістанды қай бағыттан іздеді?
5. *Отар*, *метрополия* деген түсініктердің мағынасы қандай?

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ

§27. БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

Бұл сабақта:

- қайта өркендеу дәуірі дегеніміз не?
- Еуропаның қай елінде орын алды деген сұрақтарға жауап табамыз.

Тірек сөздер

Қайта өркендеу дәуірі
Леонардо да Винчи
М. Буонарроти
Рафаэль Санти
Мадонна

Италиядағы қайта өркендеу дәуірі. Кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Еуропаның рухани дамуы жана сатыға көтерілді. Буржуазиялық қатынастар әлемді зайырлы тұрғыда түсінуге жол ашты. XVI ғасырда мәдениет гүлденіп Қайта өркендеу дәуірі басталды. Еуропадағы Қайта өркендеу дәуірі XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бірінші онжылдығын қамтиды. Қайта өркендеу, ең алдымен, Италияда қалыптасты. Италияның зайырлы, қоғам дамуына жауап бере алатын гүлденген бай қалалары Қайта өркендеу дәуірінің негізгі орталығы болды. Шығыс елдерімен Батыстың географиялық ашылулар барысында мәдени алмасуларын Қайта өркендеу дәуірінің алғышарты ретінде қарастыруға болады. Қайта өркендеу мәдениетінің ортағасырлық бастауларына — қалалық, халықтық, рыцарлық мәдениеттің ықпалы да бар еді.

Ойлан!

Италиядағы Қайта өркендеу дәуірінің жаңалығы неде еді?

Қайта өрлеу дәуірі өнердің дамуын қалай өзгертті. Қайта өркендеу мәдениеттің жана түрлеріне жол ашып, еуропа елдеріндегі капитализмнің дамуымен байланысты болды. Қайта өркендеу мәдениеті бюргерлерді, жас буржуазияны өзінің ықпал ету аймағына тартты. XVI ғасыр Қайта өркендеу мәдениетінің шарықтау шегі болып табылады. Қайта өркендеу дәуірінің негізі гуманизм болды.

XVI ғасырдың бірінші жартысында гуманизм Батыс және Орталық Еуропаны қамтыған қоғамдық қозғалысқа айналды. Қайта өркендеу мәдениеті Нидерландыда, Германияда, Венгрияда, Францияда, Англияда, Испанияда көрініс алды. Адам мен табиғат — Қайта өркендеу дәуірінің көтерген негізгі мәселесі болды. Бұл гуманизмде *натурфилософия* деп аталады.

Леонардо да Винчи (1452—1519) — итальяндық суретші, архитектор, ғалым, өнертапқыш, жазушы. Леонардо да Винчи Флоренцияға жақын жерде нотарнус отбасында дүниеге келген. Математика, жаратылыстану ғылымы, механика саласында ашқан көптеген жаңалықтары мен жобалары табиғаттанудағы маңызды тәжірибе болды. Леонардо да Винчи 7 мың беттен тұратын итальян тілінде жазылған қолжазбасын қалдырды.

Әлемді сана мен сезім арқылы тану XVI ғасырдың алдыңғы қатарлы ойшылдарының ұстанымы еді. Мұндай дүниетанымды қалыптастырушылардың бірі — Леонардо да Винчи — ғылым мен өмірдің тығыз байланысын уағыздады. Леонардо жерді аспан денелерінің бірі деп есептеді. Әлемнің жаратылуын діни тұрғыда түсіндіруді мойындамады. Табиғаттанудағы өнердің орны ғылыммен тең деп есептеді.



Леонардо да Винчи.
Мона Лиза
(Джоконда)

Ойлан!

Леонардо да Винчидің сурет өнеріндегі жаңалығы неден көрінді?

Леонардоның шебер ретінде шыңдалуына Андреа дель Верроккьо үлес қосты. Астроном Паоло Тосканеллимен таныстығы Леонардоның ғылыми қызығушылығын оятты. Милан қаласының билеушісі Лодовико Моро тұсында Леонардо да Винчи инженер, гидротехник қызметін атқарды. Архитектор ретінде “мінсіз қала” жобасын жасады. Ғалым, инженер ретінде Леонардо да Винчи тәжірибеге көп көңіл бөлді. Дүниені тәжірибе арқылы тану маңызды деп есептеді. Механикаға көңіл бөліп, “механика — математика ғылымының жұмағы” деп атады. Ол сырғанау, үйкелу коэффициентін анықтады. Гидравликаны зерттей келе, каналдар мен ирригациялық жүйелердің жобасын жасады.



Микеланджело

Леонардо да Винчи өз жаңалығы арқылы заманынан озып кетті. Ол металлургиялық пештердің, тоқыма, ағаш өңдеу машинасының, суасты кемесінің, танкінің, ұшу аппараттарының, парашюттің эскизін жасады. Сонымен бірге Леонардо да Винчи медицина саласында да үлкен жаңалықтар ашқан. Адам көзінің құрылысын зерттеп, адам мүшелерінің құрылымын анықтап, адам сүйектерінің, жүйке жүйелерінің орналасуын сипаттап жазды. Сондықтан Леонардо да Винчиді Қайта өркендеу дәуірінің “әмбебап адамы” деп айтуға болады.

Леонардо да Винчидің сурет өнері саласындағы үлесі де зор. Суретшінің еңбектері адамзат мәдениетінің қымбат қазынасын қалыптастырады. Мысалы, Леонардо да Винчи әйел сұлулығының гуманистік идеясын 1503 жылы жазылған Мона Лиза (Джоконда) портретінде көрсеткен. Аукатты қала әйелінің бейнесін адам бойындағы сезімдердің ерекше үйлесімділігімен берген. Бұл шығарма қазір Париж қаласының Лувр мұражайында сақтаулы. Сонымен бірге суретшінің “Мадонна Литта” (1490), “Мадонна Бенуа” (1478), “Джиневра ден Бенчи портреті” атты танымал шығармалары бар.

Микеланджело Буонарроти (1475—1564) — италияның ұлы мүсіншісі, суретшісі, архитекторы, ақыны және ойшылы.

Микеланджело 1475 жылы Капрезе қаласында кедейленген дворян отбасында дүниеге келген. Әкесі Микеланджелоны өзге адамдардың тәрбиесіне береді. Ол сол жерде жүріп, жазу мен сызудан бұрын сазбалшықпен жұмыс жасауды үйренеді. 1488 жылы әкесі Микеланджелоны суретші Доменико Гирландайо шеберханасына береді. Бір жылдан кейін Микеланджело, Флоренция қаласының қожайыны Лоренцо де Медичидің қол астындағы мүсінші Бертольдо ди Джованнидің мектебіне өтеді. Медичи Микеланджелоның бойындағы қасиетін байқап, оған қолдау көрсетіп жүрді. 1490—1492 жылдары Микеланджело Медичи сарайында қызмет етті.

Ойлан!

Микеланджело өзінің шығармаларында адам бойындағы қандай қасиетті құрметтеді?

Микеланджело қызметі Италияның екі қаласы — Флоренция мен Риммен байланысты. Микеланджело, ең алдымен, мүсінші

болды. Флоренция қаласында Микеланджело өзінің танымал туындысы “Давид” мүсінін жасады. Бұл мүсін ұзақ жылдар бойы адам денесінің эталоны болды. Рим қаласында “Пьета” туындысын қалыптастырды. Суретші өзінің теңдессіз ойларын көркемсурет өнерінде іске асырды. Рим Папасы II Юлийдің тапсырмасы бойынша Сикстин капелласының төбесіне 300 бейнеден құрастырылған библиялық тақырыптағы әлемнің жаратылуын бейнеледі. Сикстин капелласында Папа III Павел “Тамұқ соты” атты фресканы салдырды. Микеланджелоның Ватикан мен Капитолийдегі сәулет жұмыстары өзінің көркемдігімен, ұлылығымен таңғалдырады.

Микеланджело Буонарротидің танымал жұмыстары қатарына — “Саты жанындағы Мадонна”, “Кентаврлар ұрысы”, “Пьета”, “Сәби ұстаған Мадонна”, “Давид” еңбектері жатады. 2007 жылы Ватикан мұрағатынан Микеланджело Буонарротидің соңғы жұмыстарының бірі Әулие Петр базиликасының куполын өрнектеу тақырыбына арналған жұмысы табылған. Микеланджело мүсінші, кескіндемеші ретінде танылған. Сонымен бірге суретшінің танымал өлеңдері де бар. Біздің заманымызға сәулетшінің 300 өлеңі жеткен.

Рафаэль Санти. Ұлы суретші, кескіндемеші, сәулетші, умбрий мектебінің өкілі. 1504 жылы Флоренцияға келеді. Флоренцияда ол Леонардо да Винчи, Микеланджело, Бартоломео делла Портамен танысады. Леонардо да Винчи мен Микеланджелоның өнерінен үйреніп, тәжірибе алмасады. Флоренцияда Рафаэльдің салған алғашқы портреті “Мадонна Дони”. Зерттеушілер бұл портретті салу барысында “Джоконданың” әсерімен жұмыс істеген деп көрсетеді. Флоренцияда Рафаэль жиырмаға жуық мадонналарды дүниеге келтірді. Мадонналардың мазмұны бір-бірімен ұқсас болғанымен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Рафаэльге мадонналардың суретін салу тапсырысы көптеп түсе бастады. Ол “Грандук Мадоннасы”, “Қалампыр ұстаған Мадонна” портреттерін салды. Осы шығармалардың ішіндегі ең үздік туындылары “Террану Мадоннасы”, “Сәби және шоқынған Иоаннмен тұрған Мадонна”.

Рафаэль Римге келіп, Рим Папасының ауласына ресми суретші болып орналасады. Оған Станца делла Сеньятура фрескасын жазу тапсырылады. Рафаэль адамның интеллектуалды әрекетінің төрт түрін — дінн ілім, заң, поэзия, философияны бейнелейтін фреска жасайды. Ол фрескалар “Диспут”, “Сот әділдігі”, “Парнас”, “Афина мектебі”. “Парнас” шығармасында тоғыз муза және



Рафаэль Санти



Леонардо да Винчи . Құпия кеш

танымал он сегіз грек, рим, итальян ақындарының ортасында тұрған Аполлон бейнеленген.



Анықта:

Рафаэльдің “Сикст Мадоннасының” орта ғасырлар шеберлерінің икондарынан қандай айырмашылығы болды?

Рафаэльдің ең теңдессіз туындысы “Сикст Мадоннасы”. Бұл жұмысқа тапсырыс берген Әулие Сикст шіркеуінің монахтары еді. Көптеген діни тақырыптағы шығармалармен қатар Рафаэль портреттер жазды. 1512 жылы “Папа II Юлий” портретін, “Кардинал Алессандро Фарнез” портретін салды. Рафаэльдің сәулетші ретіндегі ең керемет туындысы — Әулие Петр соборы.

Рафаэль 1520 жылы 37 жасында Римде қайтыс болды. Біздің заманымызға дейін Рафаэльдің 400 туындысы жеткен.

Таным

Леонардо да Винчидің “Мона Лиза” немесе “Джоконда” деген картинасы бүкіл дүниежүзіне мәлім. Жүзінде әрең білінетін жұмбақ күлкі ойнаған бұл әйел беймәлім сыр сақтаған, әлдебір құпия жайдың боларын алдын ала сезіп отырғандай көрінеді. Қазір бұл сурет Париж қаласындағы Лувр мұражайында сақтаулы.

Білімңді тексер:

1. Леонардо да Винчидің сурет өнеріндегі танымал шығармаларын көрсет.
2. Микеланджелоның мүсінші ретіндегі танымал туындысын білесің бе?
3. Рафаэльдің “Мадонналарын” атап бере аласың ба?

§28. ГУМАНИСТЕР ИДЕЯЛАРЫ

Альбрехт Дюрер (1471—1528) — неміс суретшісі, ағашка ойып өрнек салудың шебері (ксилография), батысеуропалық ренессанстың танымал тұлғаларының бірі. Альбрехт Дюрер бала кезінен суретші болуды армандаған, сурет өнерін Италияда үйренді. Дюрердің суретші ретіндегі атағын шығарған жұмысы — “Апокалипсис” деген туындысы. Солтүстік Еуропада автопортреттің тәуелсіз жанр ретіндегі қалыптасуы Дюрердің есімімен байланысты. Біздің заманымызға Дюрердің мыңға жуық туындысы жеткен. Оның ішінде пейзаждар, портреттер, адамдардың бейнесі, жануарлардың бейнесі, өсімдіктердің суреті салынған. Сызықтық сурет өнерінде Дюрердің есімі да Винчи мен Рембрандттың қатарында тұр. Альбрехт Дюрер 374 ксилография мен мысқа жасалған 83 гравюра қалыптастырған. Дюрер библиялық сюжеттермен қатар тұрмыстық сюжеттерді де бейнелеген. Дюрердің ағаштан ойып жасаған гравюраларының ішіндегі ең танымалы “Адам және Ева” туындысы. Сонымен қатар Дюрердің таңдаулы гравюраларының бірі — “Төрт салт атты” деп аталады. Суретте салт аттыларды — Индет, Соғыс, Ашаршылық және Ажал кейпінде бейнелеген. Суретші суретті ағашка ойып жасады және оларды мыс пластинкаға қышқылмен түсірді, одан кейін оған бояу жағып, қағазға басты. Сөйтіп, осылай гравюра пайда болды.

Бұл сабақта:

- гуманистер дегеніміз кімдер?
- олардың еңбектері қалай көрініс алды?
- тақырыптарында олар қандай мәселелерді көтерді деген сұрақтарға жауап іздейміз.

Тірек сөздер

Альбрехт Дюрер
Рембрандт
Диего Родригес де Сильва Веласкес
Лувр мұражайы

Ойлан!

Дюрердің портрет салу шеберлігі жөнінде пікірің қандай?



Альбрехт Дюрер

Дюрер халыққа математик ретінде де танымал болған. Ол геометриялық фигураларды қалыптастыру теориясын зерттеген. XIX ғасырда Дюрердің теориясына ғылыми сараптама берілген. Математика саласында Дюрер сызба геометрияның негізін салды.

Дюрер “Меланхолия” атты гравюрасында сиқырлы квадраттын негізін қалады. Ол 1-ден 16-ға дейінгі сандарды қай жағынан есептесең де, 34 саны шығатындай етіп орналастырды. Дюрердің “сиқырлы” квадраты әлі күнге дейін жұмбақ болып табылады.

1515 жылы Дюрер ағашқа жасалған үш гравюрасында солтүстік және оңтүстік аспан әлемінің жартышарын, Жердің шығыс жартышарын көрсеткен. Аталмыш өнер туындысы ғылымның құнды туындысы болып табылады. Дюрердің географиялық картасында Еуропа, Азия, Африка бейнеленген.

Рембрандт Харменс ван Рейн (1606—1669) — голландия суретшісі, кескіндемешісі, Голландияның сурет өнерінің алтын ғасырының ірі өкілі. 13 жасында Рембрандтты сурет өнерін үйрететін мектепке береді. Ол Амстердам қаласында тарихи, мифологиялық, библия сюжеттерінің тақырыбында сурет салуға машықтанады.

Рембрандт — голландияның көркемсурет мектебінің өкілі болғандықтан, оның шығармашылығында осы мектептің үрдісі ашық көрініс алған. Өзінің дүниетанымы бойынша Рембрандт реалист. Кез келген тақырыпқа жазылған шығармашылығынан — реализмді сезінуге болады. Тіпті суретшінің мифологиялық тақырыптағы суреттерінің өзінен шынайылық көрінеді. Гректердің құдайлары мен әйел құдайларының бейнесін Рембрандт сол кезеңдегі голландықтар бейнесінде береді. Рембрандттың гректің әйел құдайын бейнелеген шығармасы “Даная” деп аталады. Діни тақырыптарға жазылған суреттеріндегі бейнелерге Рембрандт өз заманының киімдерін кигізген. Суретшінің діни тақырыптарға арнаған шығармалары “Кресттен түсіру”, “Эммауска бара жатқан Христос пен шәкірттері”, “Христос ауруларды емдеп жатыр” гравюрасы.

Рембрандттың қолынан шыққан портреттер адамның бет бейнесіндегі ерекшеліктерді дәл беріп қана қоймайды, адамның мимикалары арқылы оның жан дүниесін, адамгершілік қасиеттерін, ұлтын, қызметін қосымша бөлшектер арқылы дәл көрсетеді. Мысалы, осы тақырыпта жазылған Рембрандттың “Каллиграф”, “Анатомия сабағы”, “Тоқымашылар гильдиясы” атты суреттерін айтуға болады. Мәнерлілікке басымдық бермеу Рембрандт шығармаларының фламанд мектебіне қарағандағы бір ерекшелігі болып табылады.



Рембрандт

Суретшінің аса үлкен жетістігі жарық пен көлеңкені батыл пайдалануында еді. Ол жарықтың көмегі арқылы адамның жан дүние-

сін айқындайды. Рембрандттың ең танымал шығармаларының бірі — “Адасқан ұлдың қайта оралуы” өмірінің соңғы кездерінде салынған. Суретте адам бойындағы сезімдер, күйзеліс пен сүйіспеншілік көрініс алған. Рембрандттың шығармалары Париждегі Лувр мұражайында, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақталған. Рембрандттың туындылары өз уақытында дәстүрлі бағасын алған жоқ. Рембрандт жокшылықта өлді, оны халықтың ақшасына кедейлер зиратына жерледі. Қазіргі кезде Рембрандттың шығармалары тек Голландияның ғана емес, бүкіл адамзаттық қымбат қазынасына айналған.



Рембрандт. Адасқан ұлдың қайта оралуы

Ойлан!

Рембрандттың шығармалары қандай сезімге құрылған?

Диего Родригес де Сильва Веласкес (1599—1660) — XVII ғасырдың ұлы кескіндемешісі, суретші, дипломат. Әлемдік сурет өнерінің танымал туындыларын жазған. Испан королі IV Филипптің қолдауын көрген. Диего танымал суретшілерден тағылым алады. Диего өмір сүрген қала Севилья — гүлденген порты қала ғана емес, бүкіл Испанияға өз монастырьларымен, жібегімен, акын-жазушыларымен, суретшілерімен танымал еді. 17 жасында Диего Веласкес Севилья суретшілерінің корпорациясына мүше болады. Осы уақыттан бастап, Диегоның өзіндік шығармашылық жолы басталды. Веласкес Испания королінің сарай суретшісі болуды армандады. Мақсатына жету үшін суретші Мадридке келіп, сарайдағы маңызды тұлғалардың назарын өзіне аудару үшін “Ақын Луис де Гонгора-и-Арте портретін” жазады. Бұл ұмылысы сәтсіз аяқталып, Диего Севильяға қайтып келді.



Анықта:

Веласкес шығармаларының артықшылығы неде болды?



Диего Родригес де
Сильва Веласкес

Диего байкампаз адам ретінде шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінде өз суреттерін қарапайым адамдардың өміріне арнады. Ол қолөнершілерді, аспаздарды, шеберлерді қызметі аясында бейнеледі. Веласкес негізін салған жанр “бодегонес” деп аталады (испан тілінен аударғанда “трактир”, “арзан асхана” деген мағына береді). Осы жанрға жататын суретшінің “Кәрі аспаз әйел”, “Стол басындағы екі жас жігіт”, “Шаруаның таңғы асы” деген шығармаларын айтуға болады. Бұл суреттерде қарапайым адамдардың күнделікті өмірі, кедей тұрмысын көрсеткен.

1623 жылы Мадридке келген Веласкес IV Филипп сарайында таныстық орнатты. Осы жылы Диего Испания королінің сарайына суретші ретінде қабылданды. Испан королінің Веласкеске деген ықыласы ерекше еді. Веласкес IV Филипптің портретін жазды. Испанияның өркендеу кезеңі жүз жылдай уақытқа созылды. Бұл кезең Испанияның “алтын ғасыры” деп аталады. Испанияда өнер шығармаларына басты тапсырыс беретінде шіркеу, король және феодалдар еді. Сондықтан Диего Веласкестің шығармашылығында діни тақырыпқа салынған суреттер мен танымал адамдардың портреттері басым болды.

“Инфанта Маргарита” — Веласкестің танымал суретші кезінде салған туындысы. Бұл жерде автор адамның өзіне тән мінезі мен сыртқы бейнесінің ерекшелігін көрсете алған.

Ізден!

XVII ғасыр суретшілері сурет өнеріне қандай өзгеріс әкелді?

Таным

“Инфанта Маргарита” — Веласкестің әйгілі суретші атанған кезінде дүниеге келген портрет. Автор осы шығармасы арқылы адамның өзіне ғана тән ерекше мінезін қылқалам арқылы берген. Оның зиратындағы ескерткіште “шындық суретшісі” деген сөздер жазылған.

Біліміңді тексер:

1. Голландияда сурет өнерінің өрлеуінің қандай себептері болды?
2. Дюрердің “Төрт салт атты” гравюрасының мазмұнын айта аласың ба?
3. Рембрандтың “Аласқан ұлдың қайта оралуы” суретінен қандай көңіл күйлі байқауға болады?

§29. ШЫҒЫСТЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Ортағасырлық Шығыс елдері мәдениетінің ерекшеліктері. Орта ғасырларда Шығыс елдері бірнеше өркендеттік аймақтарға бөлінді. Атап айтқанда, бұл: мұсылман, үнді және Қиыр Шығыс өркенеті. Бұл өркенеттер белгілі бір діндердің негізінде қалыптасты. Мысалы, VII ғасырда Арабияда пайда болған ислам діні ортағасырлық мұсылман өркенетінің қалыптасуына негіз болған. Мұсылман өркенеті өз заманының ең озық өркенеті ретінде әлемнің барлық халықтарына аса зор ықпал етті. Ол Шығыстың барлық аймақтарына (Қиыр Шығыс, Орта Шығыс және Таяу Шығыс), сондай-ақ Батыс Еуропа мәдениетіне де әсерін тигізді. Мұсылман мәдениеті орта ғасырлардың аяғында Еуропада пайда болған ренессанстың қалыптасуына алғышарттар дайындады.

Ортағасырлық үнді өркенеті индуизм дінінің негізінде қалыптасқан болатын. Үнді өркенеті Оңтүстік Азияның Үндістаннан басқа да көптеген елдеріне (Непал, Бирма, Индонезия, Малазия және т.б.) тарады. Ал Қиыр Шығыс өркенеті ортағасырлық Қытай мәдениетінің негізінде қалыптасты. Оған сондай-ақ Үндістаннан Қытайға келіп орныққан буддизм діні ерекше ықпал етті. Бұл өркенеттің қалыптасуына Қиыр Шығыс елдері — Жапония мен Корея да өз үлесін қосты.

Ортағасырлық Шығыс елдерінің діндері ғылым-білімнің дамуына тыйым салған жоқ. Бұл исламға да, қиыршығыстық діндер — конфуцишілдік, буддизм, даосизмге де, үнді діндеріне де тән болды. Сондықтан да Шығыс елдерінде орта ғасырларда мәдениет пен ғылым ерекше дамып, көптеген ғылыми және техникалық, технологиялық жаныалықтар орын алды.

Бұл сабақта:

- ортағасырлық Шығыс халықтарының мәдениетіне діндердің ықпалын көреміз;
- Таңдық Ренессанс туралы түсінік аламыз;
- Буддизмнің Қытай жеріне келуі туралы білеміз;
- ортағасырлық түрік мәдениетінің ерекшеліктерін анықтаймыз.

Тірек сөздер

Крест
Таң дәуірі
"Алтын ғасыр" ұғымы

Ойлан!

Орта ғасырларда Шығыс елдерінде мәдениеттің қауырт дамуының алғышарттары қандай болды?



Мэн Хаожан

Орта ғасырлардағы Қытай мәдениеті. IV—V ғасырларда Қытайда *буддизм* діні кең тарай бастады. Бұл дін Қытайға Үндістаннан келген болатын. Бұл дін де, ежелгі дәуірде қалыптасқан жергілікті *конфуций* және *даосизм* діндері сияқты адамдарды ізгілікке, төзімділікке шақырды.

Орта ғасырларда Қытайда өнер, әдебиет және ғылым ерекше гүлденіп дамыды. Таң дәуірінде (VII—X ғғ.) Қытай жерінде үлкен мәдени өрлеу болды.

**Анықта:**

Таң дәуірі Қытай мәдениетіне қандай өзгерістер әкелді?

Таң дәуірі қытай поэзиясының “алтын ғасыры” болды. Осы дәуірде қытайдың ұлы ақындары Мэн Хаожан (689—740), Уан Вэй (699—759), Ли Бо (701—762), Ду Фу (712—770), Бо Цзюй-и (772—846) және т.б. өмір сүріп, атақты шығармаларын жазды. Олардың еңбектері әлемдік классиканың алтын қорына қосылды.

Қытайдың материалистік бағыттағы философиясы да жақсы дамыды. Оның ірі өкілі Фань Чжэнь есімді философ болды. Қытай жазушысы Хань Юй (768—824) будда дінін сынап еңбек жазды. Оның өлеңдері мен романдарының негізгі арқауы адам тағдыры, әлеуметтік теңсіздік мәселелері болды.

Қытайда география ғылымы дамып, қытай жиһанкездері Үндістанға, Орта Азияға сапар шекті. 645 жылы Үнді жеріне саяхат жасаған *Сюань Цзянь* үнді халықтарының тарихы туралы кітап жазды.

Орта ғасырларда Қытайда медицина, астрономия ғылымы, қол-өнер мен сауда дамыды.

Орта ғасырлардағы Жапония мәдениеті. Орта ғасырларда Жапония Қытай мәдениетінің ықпалында болды. Ең алдымен осы дәуірде Жапонияға Қытайдан буддизм діні тарайды. VI ғасырда будда дінімен бірге келген Қытай мәдениеті Жапония сәулет өнерінде өз таңбасын қалдырды.

**Анықта:**

Орта ғасырларда жапон ауыз әдебиеті мен мифологиясында қандай өзгерістер болды?



Тәж-Махал кесенесі

Үндістан мәдениеті. Ортағасырлық Үндістанда әртүрлі дін-нанымдар қатар өмір сүрді. Жергілікті халықтың көпшілігі ұстанатын ең негізгі дін индуизм болды. Ерте орта ғасырларда қалыптасқан индуизм дінінде ежелгі брахманизм дінінің негізгі қағидалары сақталды. Үнділіктердің сенімі бойынша адамның жаны бұл өмірге бірнеше рет қайтып келеді. Индуизм дінін ұстанушылар басты үш құдай — *Брахма, Вишну, Шива* құдайларына табынды.

Мұсылмандар билігі тұсында Үндістанның мәдениеті ерекше гүлденіп дамыды. Әсіресе Ұлы моғол билеушісі Жаһан шах тұсында тұрғызылған Тәж-Махал кесенесі әлем кереметтерінің бірі болып табылады.

Ізден!

Ортағасырлық Үндістанда ғылым қалай дамыды? “Тоғыз асыл” ұғымы нені білдіреді?

Түркияның ортағасырлық мәдениеті. Түркияда ислам діні мемлекеттік дін болды. Мұсылман дінбасылары сұлтанның билігін едәуір шектеп отырды. Ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де сопылық идеялар басым болды. XIII ғасырда жазылған алғашқы жазба әдебиет туындыларының қатарына Ахмед Факихтің “Тағдыр кітабын”, Шейад Хамзаның “Жүсіп пен Зылиха” хиссасын, Ашик патшаның “Қуғындалушының кітабын” жатқызуға болады.



Хань Юй

Сопылық әдебиеттің ең көрнекті өкілі Жалал ад-дин Руми болды. Ол Түркиядағы алғашқы сопылық ұйым — Мевлеви тариқатының негізін қалады. Румидің ең басты шығармасы “Маснави-и-манави” сопылық философияның аса үздік туындысы, сопылықтың өзіндік энциклопедиясы болып табылады.

XIV—XV ғасырларда поэзияда Низами Гәнжауидің шығармашылығы ерекше орын алады. Оның атақты “Бес дастаны” (“Құпия қазына”, “Хұсрау мен Шырын”, “Ләйлі мен Мәжнүн”, “Жеті ару”, “Ескендірнама”) түрік әдебиетінің дамуына оң ықпал етіп, Ахмед, Жүсіп, Минмар Синан сияқты ақындардың романтикалық сарындағы поэзиясы дүниеге келді.

Ортағасырлық Түркияда жаратылыстану ғылымдары едәуір дамыды. Математика, астрономия салаларында зерттеулер жүргізген Лютфи Такади бірқатар еңбектерін жариялады. Географ әрі адмирал Пирри Рейс 1513 жылы дүниежүзінің картасын, ал 1523 жылы теңіз атласын жасады.

XV—XVII ғасырларда Түркияда сәулет өнері жақсы дамыды. Қалаларда медресе, кесене, күмбезді монша, хауыздар көптеп салынды. XV—XVII ғасырларда сәндік және қолданбалы өнер кеңінен дамып, керамика, жібек иіру, кілем тоқу салалары өрістеді.

**Анықта:**

Ортағасырлық Түркияда ғылымның қай саласы ерекше дамыды?

Білімді тексер:

1. Орта ғасырларда Шығыста қандай өркендеттер дамыды?
2. Шығыс өркендеттерінің ортағасырлық Батыс өркендеттерінен қандай ерекшелігін көрсете аласың?
3. Қытайға буддизм діні қайдан және қашан келді?
4. Тандық ренессанс мәдениетінің дамуына қандай жағдайлар ықпал етті?
5. Ортағасырлық Жапонияда мәдениеттің қай салалары дамыды?
6. Индуизм дінінің басты құдайларын ата.

§30. РЕФОРМАЦИЯНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНЕ ТАРАЛУЫ

Ортағасырлық Еуропада үстемдік етуші дін католик діні мен католик шіркеуі болды. Бұл дін ғылымның, білімнің дамуына жол бермеді. Католик шіркеуінің басшысы — Рим Папасы еді.

XVI ғасырда католик шіркеуі тек пайда табуды ғана ойлады. Мысалы, олар “ақша төлеп, күнәні кешіруге болады” дегенді ойлап тапты. Шіркеу мен діндегі осындай құлдырау, көзі ашық, білімді адамдардың наразылығын тудырды. Университет студенттері мен оқытушылары қоғамның кемшіліктерін, католик шіркеуінің теріс қылықтарын өз шығармаларында мазақтап жазып отырды. Мұндай адамдарды *гуманистер* деп атады.

1517 жылы білімді дін қызметкері Мартин Лютер өзінің “95 тезис” атты шығармасында католик шіркеуін сынады. Осы оқиға католик шіркеуіне, католик дініне қарсы *реформация* деп аталатын қозғалыстың басталуына түрткі болды. Себебі XVI ғасыр католиктік шіркеудің дағдарысымен сипатталады. Шіркеуді ішкі жағынан қайта құруға жасалған көптеген ұмтылыстар өз жемісін берген жоқ. Мартин Лютердің жаңа діни идеяларының әсері католиктік шіркеуге қарсы әртүрлі оппозициялық қозғалыстарға үлкен қолдау берді. Міне, осындай жағдайда Германияда Папаның билігін ығыстыруды көздеген реформациялық қозғалыс басталды. Реформация рим шіркеуінің жікке бөлінуіне алып келді және жаңа наным-сенімді қалыптастырып, католиктік әлемнің барлық елдерінде әртүрлі деңгейде көрініс тапты.

Реформация — XVI ғасырда Батыс және Орталық Еуропада кең канат жайып, негізінен, феодализмге қарсы сипатты неленген және католик дініне қарсы күрес түрін қабылдаған қоғамдық қозғалыс. Бұл

Бұл сабақта:

- XVI ғасырда орын алған саяси құбылыс реформациямен танысамыз;
- реформация дегеніміз не, ол немен күресті деген мәселелерді анықтаймыз.

Тірек сөздер

Реформация
Мартин Лютер
Католик шіркеуі
Ж. Кальвин
Т. Мюнцер



Т.Мюнцер

козғалыс Германияда М.Лютердің бастамасымен көрініс алды. Реформация жақтаушылары діни дәстүрлердің қарапайым болуын талап етті. Реформацияда негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады: бюргерлік, буржуазиялық өкілдері — М.Лютер, Ж.Кальвин; корольдық князьдық және халықтық өкілі — Т.Мюнцер.

Ойлан!

Реформациялық қозғалыстың талабы қандай болды?

Реформацияның Германияда басталуының бір себебі бар. Германия ол уақытта бір орталыққа бірікпеген мемлекет болды. Сондықтан католик шіркеуінің қысымы да күшті білінді. Себебі Германия қорғансыз еді.

Реформациялық қозғалыстардан кейін жаңа дін саласы — протестантизм бөлініп шықты. Протестантизмнің негізгі ағымдары лютерандық пен кальвинизм болып табылады.



Джон Виклиф

Еуропада реформация XVI ғасырда кең танымал діни және әлеуметтік-саяси қозғалыс сипатын алып, католиктік шіркеуге реформа жасауды талап етті. Реформация идеологтері католиктік шіркеумен күрескен Джон Виклиф, Ян Гус тәжірибелерін пайдаланды.

Мартин Лютердің уағыздауымен Германияда басталған реформациялық қозғалыс Еуропа көлеміндегі ірі оқиға болды. Еуропалық реформациялық қозғалыс өз дамуында бірнеше сатыдан өтті, реформацияның бірнеше бағыттары қалыптасты. Олар әртүрлі топтардың әлеуметтік-саяси мүдделерінен көрініс берді. Германияда басталған реформация тез арада оның шеңберінен шығып, Еуропаның басқа елдеріне, ең алдымен, Швейцарияға, Нидерландыға тарады.



Ян Гус

XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап реформация азаттық және феодализмге қарсы күресте Венгрияда, Чехияда тарады. Реформацияның негізгі нәтижелері, жалпы алғанда, прогрессивті рөл атқарды. Ол католик шіркеуінің рухани үстемдігінің әлсіреуінен, Римге тәуелсіз діни қауымдастықтар мен шіркеудің пайда болуынан, кейбір жағдайларда ұлттық шіркеуге

айналудан көрініс тапты. Зайырлы биліктің нығаюы мен ұлттық мемлекеттердің дамуына жағдай жасалды. Реформация саясат және құқық мәселелеріне жана тұрғыдан келіп, уақыт өте келе буржуазиялық-демократиялық еркіндіктің мектебіне айналды. Шіркеу мен дін қалыптасып келе жатқан қоғам жағдайына икемделіп, оның шаруашылық, еңбек этикасына әсер етті. Ғылым мен мәдениет өзінің еркін дамуына мүмкіндік алып, рационалистік ілім тарады.



Жан Кальвин

Реформациялық ілімдердің ішінде өміршен болып, дәл сол кезеңнің талаптарына жауап бере алған бұл — кальвинизм. Кальвин ілімі бойынша байлық — ең ауыр сындардың бірі. Ал осы байлықтан түсетін табысты дұрыс пайдаланбау бұдан да өткен күнә. Кальвинизм бойынша ақша әрқашан әрекетте болуы керек — өнеркәсіпте, саудада, несие саласында және өсімқорлық арқылы бұл ақшадан пайда табу да ұят нәрсе болып есептелмеді. Кедейлік, кальвинистердің ойынша, мақтанатын қасиет емес еді. Еңбек етуші адам еңбекке барлық күшін беріп, аптасына алты күн, қажет болса, жеті күн еңбек етуге тиісті болды. Жаңа діннің негізін Жан Кальвин қалады. Кальвин қарапайымдылық пен ұстамдылыққа шақырды.

Ойлан!

Кальвин ілімі неге тез тарады деп ойлайсың?

Біліміңді тексер:

1. Реформация деген не?
2. Реформацияның негізгі бағыттарын атап көрсет.
3. Реформацияның Германияда басталуының негізгі себебі қандай болды?
4. Кальвинизмді қалай түсінесің?

§31. МАРТИН ЛЮТЕР НАРАЗЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Бұл сабақта:

- Германиядағы реформация жетекшісі Мартин Лютер католик шіркеуіне неге қарсы шыққанын, бұл наразылықтың қандай жағдайларға алып келгендігін білеміз.

Тірек сөздер

Германия
Мартин Лютер
95 тезис
Католик шіркеуі

Католик діні адамды күнәдан шіркеу ғана құтқара алады деп уағыздады. Шіркеу күнәні кешіру грамоталарын сатты, халықтан салық жинады. Католик шіркеуінің озбырлығына қарсы қозғалыс Германия тарихына реформация деген атпен енді. Ол қозғалысты дін саласының өкілі, университет профессоры Мартин Лютер (1483—1546) бастады.

Ол: “Күнәдан құтылудың басты жолы Киелі кітапты оқу, оған толық сену”, – деді. Лютер шіркеу озбырлығы мен папа индульгенциясына қарсы көзқарасын білдіретін үндеуін — “95 тезисін” таратты. Лютер папа зорлығына қарсы күресті бүкіл неміс ұлтының ісі деп жариялады. Лютердің пікірінше, шіркеу мен дін иелерінің міндеттері тек Киелі кітаптың мазмұнын түсіндіру, христиандарды сол арқылы “сенімге” жетелеу еді.

Сөйтіп, Лютер дінбасыларының барша жұртқа үстемдік етпекші болған әрекетіне қарсы шықты. Ол папа шіркеуінің озбырлығынан құтылмақшы болған бюргерлердің ниетін білдірді. Лютер мемлекеттік мекемелердің билігін күшейтуге шақырды. Лютер әділетсіздікке қарсы күш қолдануды жақтамады. Әділеттілікке тек үгіт-насихат, түсіндіру, көзін жеткізу сияқты заңды жолдармен жету керек екенін айтты. Шыдамдылық танытуға үгіттеді.

Мартин Лютердің бұл пікіріне дін уағыздаушы Томас Мюнцер (1490—1525) қарсы көзқарас ұстанды. Ол барлық езгіге, зорлық-зомбылыққа шыдағандарға құдайдың мейірім-шапағат жасайтыны туралы түсінікті жоққа шығарды. Мюнцердің пікірінше, адамдардың өзінен тыс, олардың өмірдегі тіршілігінен басқа ешқандай өмір жоқ. Мюнцер монастырьларды, дворяндар мен княздарды камалдарымен қоса талқандауға шақырды. Ол әлеуметтік-экономикалық теңсіздік болмайтын қоғамдық құрылысты уағыздады. Мюнцерді қолдаған кедей шаруалар мен қолөнершілер көтеріліске шықты. Көтерілісшілер анабаптистер, яғни “*басқаша шоқынушылар*” деп аталды. Олар байлар мен шіркеудің байлығын күшпен тартып алып, жерде жұмақ орнатпақ болды.

Анабаптистер қозғалысы көп қыншылықпен 1525 жылы басылды. Мюнцер өкімет қолына түсіп, өлім жазасына кесілді.

Ойлан!

Томас Мюнцер шаруаларға реформация талаптарын шешу үшін қандай жол ұсынды?

Шаруалар соғысы жеңілгеннен кейін Германияда княздық өкімет күшейді. 1530 жылы “Аугсбургтік дін ұстану” деген құжат қабылданды. Ол бойынша шіркеудің бастығы папа емес, жергілікті князь деп есептелді. Діни әдет-ғұрыптарға жұмсалатын шығынды арзандату көзделді. Бұл “арзан шіркеу” қоғамда жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазия талабы еді.

1555 жылы княздар мен императордың арасында бітім жасалды. Ол бітім бойынша князь өз халқының қай дінді ұстанатынын белгілейтін болды. Сөйтіп, реформациядан кейін Германияның бытыранқылығы онан әрі күшейді.

Ойлан!

Реформациянеге Германияда басталды?

Реформациялық қозғалыс нәтижесінде жаңа дін саласы протестантизм бөлініп шықты. Оның негізгі ағымдары лютерандық пен кальвинизм болып табылады. Лютердің ілімінің негізінде болашақтағы қоғам мен ішкі қайшылықтардың талаптарының доктринасы жатты. Лютердің ілімі тек герман жерлеріне емес, сонымен бірге Нидерланды, Англия, Скандинавия жерлеріне тарады. Әрбір ел және қоғамдық топ немесе король билігі көп жағдайда Лютердің ілімінің тек өз мүдделеріне қолайлы жақтарын алды. Ал ағылшындар XVI ғасырдың бірінші жартысында корольдық реформацияда Лютердің ойларының кейбір көріністерін, соның ішінде шіркеулік-монастырлық жерлерді тәркілеу, шіркеуді король билігіне толық бағындыру идеяларын алды.

Ойлан!

Мартин Лютер өзі дін иесі бола тұра неге католик шіркеуіне қарсы шықты?

Біліміңді тексер:

1. Мартин Лютер реформацияны қалай жүргізу керек деді?
2. “95 тезис” дегеніміз не?
3. Томас Мюнцер халықты қандай әрекетке шақырды?
4. Протестантизм туралы не білесің?

§32. ЕУРОПАДАҒЫ РЕФОРМАЦИЯМЕН КҮРЕС ЖӘНЕ РЕФОРМАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Бұл сабақта:

- контрреформация ұғымының пайда болуын білеміз;
- Франциядағы реформация оқиғаларымен танысамыз;
- реформацияның мәдени дамуға тигізген әсері туралы білеміз.

Тірек сөздер

Контрреформация
Реформация
Протестанттық

Контрреформация. Тридент соборының шешімдерімен және незунт орденінің (Иисус қоғамы) жеңістерімен рухтанған бұл діни қарсылық “контрреформация” деген атаққа ие болды. Собор шешімдерінде католиктік шіркеудің қағидалары нығайтылып, протестанттармен қатар, гуманистер де қатал сынға алынып, оқуға тыйым салынған кітаптардың тізімін шығарып тұру туралы шешім қабылданды. 1564 жылы папа IV Пийдің кезінде “Тыйым салынған кітаптардың индексі” толықтырылып қайта басылып шықты. Олардың ішінде Коперниктің атакты еңбектері, Дантениң “Күдіретті комедиясы”, Боккаччоның “Декамероны” және т. б. гуманистердің құнды еңбектері болды.

Франциядағы реформация. Незунт орденінің қызметін көзге елестету үшін тарихта белгілі “Варфоломей түнінің” оқиғаларын айтуға болады. Франциядағы протестантизмнің жеңістерінен қатты қауіптенген католиктік шіркеу протестанттар қозғалысын аяусыз басып-жаншуға незунттерді аттандырды. Айуандыққа толы бұл оқиғалардың нәтижесінде 1572 жылдың екінші тамызында бүкіл Франция елі қанға боялды; Рим бұл жеңісті папаның нұсқауымен тойға айналдырып, қанды қырғынға қатысқандарға медальдар тапсырды.

Ойлан!

Варфоломей түні болған оқиға арқылы Рим папасының әрекетіне баға бер.

Реформацияның мәдени дамуға ықпалы. XVI ғасырдың аяғына қарай католиктік шіркеу өзін еркін сезініп, өз ықпалын Италия, Франция, Германия сияқты Еуропа мемлекеттерінде күшейтуге барынша күш сала бастады. Еуропа мәдениетінің одан әрі қалыптасу үдерісіне христиан дінінің католиктер және протестанттар болып

екіге бөлінуі өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Бір ескерте кететін жайт, осындай қанды оқиғалар кезінде гуманистер екі жаққа да қосылмай бейтарап қалды. Бірақ гуманистер мен протестанттар арасындағы пікірталастар бір сәтке де толастамады. Оған гуманист Эразм Роттердамский мен Мартин Лютердің “Адам еркінің бостандығы” төңірегіндегі таластары дәлел бола алады. Бұл талас барысында Лютер Эразмды папаның саясатын қолдады деп айыптаса, Эразм өзара талқыға түскен мәселенің мүлде басқаша екендігін дәлелдеуге тырысты.



Анықта:

Қосымша дереккөздерден Франциядағы реформацияның басталуы мен оның нәтижелерін анықтап, өз пікіріңді білдір.

Бірақ орын алған қарама-қайшылықтарға қарамастан гуманистер де, протестанттар да өздерінің іс-әрекеттері арқылы, идеялық бағыттары арқылы сана-сезімнің жаңа түрінің қалыптасу үдерісін жылдамдата түсті, соның нәтижесінде болашақ XVII ғасырдағы мәдениетінің жаңа үлгісінің қалыптасуына жол ашып берді. Ол адамның ақыл-ойының жемісі, оның шығармашылығының ерекше саласы — ғылым мен өзінің кәсіби қызметінде шіркеу ықпалынан тәуелсіз, өзін еркін сезінетін ғалымдардың жаңа түрі болатын. Мұндай ойшыл-ғалымдардың қатарына ғасырлар бойы білім дариясынан сусындаған гуманистерді жатқызамыз.

Гуманистер де, протестанттар да нағыз білім көздерін ашуға әрекет жасады. Бұл міндетті жүзеге асыру барысында олардың арасында қайшылықтар болмады десе де болады, бар болғаны гуманистер көне классикалық әдебиет пен философияға, ал реформаторлар Библияға жүгінді. Бірақ бұл айырмашылыққа қарап, олардың арасында байланыс болмады, гуманистер Библияны оқымаған екен, ал протестанттар Платон мен Аристотельді білмеген екен деген асығыс қорытынды шығаруға тағы болмайды. Әрине, олардың дүниеге көзқарастары әртүрлі болды, сондықтан да болар олар әртүрлі мәселелер төңірегінде қызу таластарға дейін барды, бірақ олардың рационалдық білім жүйелерінің, мөлшері мен әдістерін қалыптастыру жолындағы мәдени қызметі қарқынды жүргізілді. Солай десек те, гуманистер мен реформаторлардың ғылым мен білім жолындағы ізденістерінде айтарлықтай айырмашылықтарды да байқауға болды.

Гуманистер классикалық көне заман мен христиандық мәдениет даналығын өз бойына сіңіре білген әрі бай, әрі әдемі латын тіліне бас иді. Олар танымның мәнін адамның бұл дүниеде алатын орнымен байланыстыра қарастырып, білімнің адам өмірін қайта өзгертудегі атқарар қызметінің ұшан-теңіз екендігіне баса назар аударды.

Ал реформаторлар болса, Христосқа деген өз сенімдерінің ақиқаттығын басты орынға қойды және оның ілімін насихаттай отырып, біліммен қатар адамгершілік қасиеттерді, сеніммен өмір сүруді алға тартты. Олар айтылған ойдың ақиқаттығы көне заманмен осы заманның ғалымдарының, одан қалды Рим шіркеуінің діни қайраткерлерінің беделімен немесе солардың айтқан қағидаларына сүйену арқылы дәлелдену керек деп санады. Олардың пікірінше, құдай сөзі әрбір адамға арналған, соған бағытталған, ал өз кезегінде құдай сөзін шын жүректен қабылдап ұғыну, оған сеніммен карау — әрбір адамның өзіне байланысты. Жеке адамның сенімі құдай жайындағы ақиқатты білуді қажет етеді, демек, Лютердің жолын қуушы әрбір адам бұл қағиданы ескере отырып, Библияның мән-мағынасын, мазмұнын жете түсініп, оны меңгере білу қажет.

Ізден!

Қосымша дереккөздерден қазіргі таңда Еуропада өмір сүретін адамдардың діни ұстанымдары туралы мәліметтермен таныс.

Протестанттардың ілімі бойынша, өмір мен сенімнің ережелері мынадай: шіркеуге де, дін иелеріне де, көне заманның даналарына да сенбе, тек өз басыңның сенімімен айкындалған ақыл-ойыңа сен, бірақ оның барлығы Библияның қағидаларына сәйкес келуі қажет, өйткені Библия — ақиқаттың айнасы, олай болса, оны танып білу үдерісі шексіз болып келеді. Мұнда реформаторлар беделінің Библия беделінен әр уақытта төмен болу керек екендігін естен шығармау баса айтылады. Демек, протестанттық ілімінің бұл қағидаларынан жаңа заманның ғалымдары мен философтары үлгі тұтарлықтай ғылым жолына бағыт берер ережелерді байқауға болады.

Лютер ілімі бойынша адамның құдаймен тілдесуі — адамның жекебасының сенімі негізінде ғана жүзеге асырылады, ал сенім мәселелерінде адаспас үшін, оның ақиқаттығына көз жеткізу үшін,

әрдайым Библияға жүгіну қажет. Лютердің жолына түскен әрбір адамның сенім және адамгершілік мәселелерінде тәуелсіз болуын жақтай отырып, ар-ұжданы болатындығын алға тартты. Лютер Библияны неміс тіліне аударып, оны неміс халқының игілігіне айналдырды.

Реформацияның қорытындылары. Сонымен реформация жеңісі қоғамдық өрлеу туғызып, ұлттық мәдениетті ғана емес, дүниежүзілік мәдениеттің қалыптасуына зор әсерін тигізді. Реформация көркемдік шығармашылық саласында қомақты жетістіктерге жетті, адамның сана-сезімін өзгертті және адамзат алдында жаңа рухани белестер ашты. Адам еркін ойлауға мүмкіндік алды, ғасырлар бойы үстемдік еткен шіркеу ықпалынан босанды, әрекетіне бағдар берер бағыт белгіленді. Ол бағдар адамгершілік қасиеттерге, адамның ақыл-ойына, ар-ұжданына байланысты болды.

Реформация буржуазиялық қоғам адамының қалыптасу үдерісін жылдамдатуға түрткі болды. Адамның тәуелсіз болуы, адамгершілік жолын өз еркімен таңдауы, өзінің іс-әрекеттеріне үлкен жауапкершілікпен карауы — сөзсіз адам құқығы идеяларының дүниеге келуіне қолайлы жағдай туғызды. Шындығында да, протестанттық идеялар қойнауында дүниені жаңа көзқараспен қабылдайтын жаңа, буржуазиялық қоғам адамның бейнесі жатты.

Қорыта келгенде, Батыс Еуропа елдерінде туындап келе жатқан капитализмнің, одан қалды индустриалдық буржуазиялық өркениеттің рухани және идеологиялық бастауы — протестантизм идеяларында жатыр. Протестантизм — жаңа қоғамдық құрылыстың қарқынды дамуына, оның прогресс жолындағы қадамына айқара жол ашты.

Біліміңді тексер:

1. Реформация еуропалықтардың сана-сезімі мен дүниетанымына қалай ықпал етті?
2. Еуропалық билеушілер мен католик шіркеуі реформациямен не үшін күресті деп ойлайсың?

ҒЫЛЫМИ ТӨҢКЕРІС

§33. ӘЛЕМНІҢ ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ БЕЙНЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

Бұл сабақта:

- жаратылыстану ғылымы саласында кімдер қандай жаңалық ашты деген сұрақтардың жауабын іздейміз.

Тірек сөздер

Джордано Бруно
Николай Коперник
Галилео Галилей



Джордано Бруно

Джордано Бруно. Аспан денесі туралы жаңалықтарды Джордано Бруно (1548—1600) қолдады. Ол әлемнің шексіздігін, Күн аспан денесіндегі көптеген жұлдыздардың бірі екендігін дәлелдеді. Коперник теориясының жақтаушысы, бүкіл әлемнің орталығы — Жер, ал Күн мен барлық ғаламшар Жердің төңірегінде айналады деген шіркеу оқуына қарсы шыққан. Бруно католик шіркеуіне, протестантизмге қарсы болған. Әлемді теология арқылы тану қателік, сана мен сенім үйлесімсіз деп есептеді. Дін дана адамдарға қажет емес, бірақ қараңғы топ үшін қажет деп есептеді.

Бруно өзінің дүниенің жаратылысы туралы білімін жетілдіру үшін Италия, Франция, Англия, Германияны шарлады. Ол жерден өзге ғаламшарларды, әлемнің шексіздігін дәлелдеді. Студенттер алдында дәріс оқыды. Бруно өзінің ғылыми пікірлері үшін сегіз жыл түрмеге отырғызылып, кейін отқа өртеп жіберілді. Бруноның кітаптары да Рим қаласында 1600 жылы отқа өртелді.

Николай Коперник. Николай Коперник (1473—1543) поляк ғалымы, Галилео Галилейдің ізбасары, “Аспан денелерінің айналысы туралы” еңбектің авторы. Коперник өз зерттеуінде Жер бір орнында тұратын қозғалыссыз орталық емес, аспан денесінің өзге мүшелерімен Күнді айналып жүреді деп дәлелдеді.

Ізден!

Неге Римдегі Джордано Бруно ескерткіші лаулап от жанған жерде тұр?



Я. Матейко. Николай Коперник

Краков университетінде білім алған Коперник білімін Италияда жалғастырды: Болон, Падуан, Феррар университеттерінде Коперник канондық құқықты, медицинаны, математиканы, астрономияны оқыды. Ол Флоренцияның неоплатоншыларының еңбектерімен танысып, ескі тілді үйреніп, гелиоцентристік жүйе туралы еңбектерді түпнұсқада оқуға мүмкіндік алды. Отанына қайтып келген Коперник қала мұнараларының біріне орналасып, оны обсерваторияға айналдырып, аспан денелерін зерттей бастады. Ғылыми бақылауының нәтижелерін Коперник “Аспан денелерінің айналысы туралы” еңбегінде жариялады. Бұл — Жердің бір орында тұрмайтындығын, Күнді өзге ғаламшарлармен бірге айналып жүретіндігін дәлелдеген математикалық негіздеме болды. Коперниктің ілімі астрономия мен әлемді танудың ғылыми негіздемесі еді. Коперник ілімі дінтанушылардың қатты қарсылығына ұшырады. Поляк ғалымының іліміне Библияға сүйене отырып қарсы шыққан Лютер болды.

Ойлан!

Коперниктің ғылыми жаңалығы несімен бағалы болды?

Коперниктің жаңалығы дат астрономы Тихо Браге еңбегінде дәлелденді. Коперниктің тұжырымын неміс астрономы Иоганн Кеплер (1571—1630) жетілдірді. Ол ғаламшарлар қозғалысының



Галилео Галилей

зандылықтарын ашты. “Жаңа астрономия”, “Әлемдік үйлесімділік” атты шығармаларында Кеплер Коперниктің ғаламшарлар қозғалысы туралы жаңалығын жетілдіріп, ғаламшарлардың эллипс сызығы арқылы қозғалатындығын дәлелдеді. Кеплер заңдары кейін Ньютон дәлелдейтін, әлемнің тартылыс күші заңдылығының бастамасы еді. Джордано Бруно Коперникті қолдап, әлемнің шексіздігі туралы, Күн жүйесіне тән жүйелер туралы өз пікірін жариялады.

Галилео Галилей (1564—1642) — гелиоцентризм ілімінің негізін қалаған. Өзі жасаған телескоптың көмегімен аспан денелерін 32 рет үлкейтіп, зерттеді. Телескоп арқылы Күннің дағын байқады, жерден алыс орналасқан жұлдыздарды ашты. “Кұс жолын”, Сатурнның “сақинасын”, Венераның фазаларын байқады. Бұл жаратылыстану ғылымында жасалған төңкеріс еді. Галилей өз жаңалығын “Жұлдызды хабаршы” атты журналда жариялады. Бұл алдыңғы қатарлы ойшылдардың қолдауын тапқанымен, инквизиция тарапынан қуғындауға ұшырады. 1616 жылы Коперник ілімі қуғындалды. Тыйым салуды айналып өту үшін Галилей “Птолемейлік және Коперниктік — әлемнің екі жүйесінің диалогі” атты итальян тіліндегі еңбегін жазды. Бұл еңбекке Италияда тыйым салынды. 1633 жылғы сот жиынында инквизиторлар Галилейді гелиоцентризмнен бас тартуға мәжбүрледі. Діншілдердің ізіне түсуіне қарамастан, Галилей өзінің ғылыми көзқарасының беріктігін көрсете білді. Кейінірек шыққан аңыз бойынша, Галилей Жердің айналатынына сенбейтінін мойындаған болып, тізе бүккен қалпынан тұра беріп: “Дегенмен, Жер айналады!” — деп дауыстаған екен.

Бұл аңыз адамның еркін ойын тұншықтыруға болмайтындығын бейнелейді. Сөйтіп, ғылым дінге қарсы бас көтерді және оның шырмауынан босап шықты.

Ізден!

Коперник пен Бруноның ілімін Галилей қалай дәлелдеді?

Біліміңді тексер:

1. XV—XVII ғасырларда әлем құрылымы жөніндегі жаңа көзқарастар қалай пайда болды?
2. Коперниктің ғылыми жаңалығы неде болды?
3. “Дегенмен, Жер айналады!” деген қанатты сөзді кім айтқан?

§34. ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІҢ ДАМУЫ

Географиялық ашылулар тұсындағы Колумб пен Васко да Гаманың саяхаттарынан кейін, басқа теңізшілер дүниежүзіне саяхатқа шығуды тоқтатқан жоқ. XVII ғасырдың басында Австралия құрлығы ашылды. Батыл саяхатшылар құрлықтың, теңіздер мен мұхиттардың көп бөлігін зерттеді. География ғылымы тамаша табысқа жетті.

Ашық теңізде кеменің қай жерде жүргенін дұрыс анықтау үшін ғаламшар мен жұлдыздардың қозғалысын жақсы білу керек болды. Дінбасылар Птоломейдің аспан шырағы эпшикл шеңберлерімен айналады, әрбір шеңбердің ортасы Жерді айналады, *Жер қозғалмайды* деген ілімін қуаттады. Бұл ілім Жер мен адамды Құдай жаратты, ол Күн мен ғаламшарларды Жерді айналып жылжуға мәжбүр етті деген дінни қиялға қайшы келмеді.

Ғылыми білімдер Шығыс елдерінде де дамыды. Орта ғасырлардағы Орта Азия елдерінің көрнекті ғұлама ғалымдары: Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, әл-Хорезми, Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбек.

Әбу Райхан Бируни. 973 жылы Қият қаласының іргесіндегі ауылда дүниеге келді. Ол 150-ге жуық кітап жазған, оның 45-і астрономия мен математикаға арналған. Бируни еңбектерін араб тілінде жазды. Оның “Үндістан”, “Масғұд каноны” сияқты еңбектері бірқатар шетел тілдеріне аударылған. Бұл кітапта үнділердің астрономиялық және математикалық білімдері талданған, сонымен қатар сол кездегі Үндістанның табиғаты, халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі суреттелген. Бируни география саласында қыруар еңбек жазып қалдырды. Ол географиялық карта жасады. Бирунидің географиясы геологиямен, минералогиямен тығыз байланыста баяндалды.

Бұл сабақта:

- Орта Азия елдеріндегі ғылымның, сәулет өнерінің дамуымен танысамыз.

Тірек сөздер

Орта Азия елдері
Әбу Насыр әл-Фараби
Әбу Райхан Бируни
әл-Хорезми
Әбу Әли ибн Сина
Ұлықбек



Әбу Райхан Бируни



Әл Хорезми



Әбу Әли ибн Сина

Әл-Хорезми (795—857) — алгебра ғылымының негізін салушы. Математика саласындағы ең ірі еңбегі “Китаб ал-жабр ва мукабаа” деп аталады. Заманында бұл еңбегі жоғары бағаланып, оны “алгоритм атасы” деп атаған. Хорезмидің “Астрономия кестесі”, “Күн сағаты туралы трактат” еңбектері жоғары бағаланған.

Әбу Әли ибн Сина (980—1037). Ол әл-Фарабидің шәкірті болған. Аристотельдің еңбектерін өзі оқып түсінуге ұмтылған. Ол — “Дәрігерлік ғылым каноны” атты 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедияның, “Білім кітабы” деп аталатын философиялық энциклопедияның, араб және парсы тілдерінде жазылған терең ойлы өлеңдердің авторы. 1000 жылы Бұхара қаласынан Үргенішке келіп, Бирунимен кездесіп, ғылыми кітаптарының көбін осы қалада жазады. Ибн Сина өсімдіктердің өсу үдерісін бақылап, олардың емдік қасиеттерін анықтаған. Балалар ауруларын зерттеп, оларды өзі шөптен жасаған дәрі-дәрмектермен емдеп отырған.

Ойлан!

Ибн Сина ілімі бүгінгі медицина ғылымының бастауы деп айта аласың ба?

Әбу Насыр әл-Фараби толық есімі — Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870—950 жж.) — әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті ортасынан шыққан, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде “Тархан” (түркіше — әскербасы) деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзенінің Сырға барып құятын өңіріндегі Фараб қаласында дүниеге келген. Әбу Насыр алғаш сауатын туған жері Отырарда ашады. Кейінірек білімін толықтыру мақсатымен сол кездегі мәдени орталық Бағдатқа барады. Білімге құмар, зерек шәкірт Фараби ғылымды өз бетінше іздене жүріп те игерген. Ол әсіресе грек ғылымы мен философиясына, Аристотельдің бай мұрасына зер қойған. Сондықтан да әл-Фараби “Екінші ұстаз” атағына ие болды.



Әбу Насыр әл-Фараби

**Анықта:**

Хрестоматиядан әл-Фарабидің “Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастары жайында” трактатымен танысып, ондағы Бірінші басшының қасиеттерін топта талдаңдар.

Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. “Ғылымдар тізбегі” деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен бес салаға бөледі: 1. Тіл білімі және оның тараулары. 2. Логика және оның тараулары. 3. Математика және оның тараулары. 4. Физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары. 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Ізден!

Қазақстан тарихы пәнінен оқыған біліміңмен байланыстыра отырып, әл-Фарабидің “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” атты трактаты бойынша эссе жаз.

Әл-Фарабидің математикалық идеяларын, мұраларын Әбу-л-Уафа, Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Омар Хайям сияқты Шығыс ғұламаларымен қатар Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған.

Әбу Насыр әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында”, “Азаматтық саясат”, “Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері” трактаттарында қаралады. Бұл трактаттардың тақырыптары әртүрлі болса да, негізінен, бір мақсатқа — адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. “Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастары жайындағы” трактатында әл-Фараби бірінші тұлғаға төмендегідей сипаттама береді: “... барлық жеке біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. Жалғыз сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде — Одан басқасында — ең болмағанда, бір кемшілік немесе бірнеше кемшілік бар. Ал Біріншіні алатын болсақ, ол мұндай кемшіліктің бәрінен ада, өйткені оның тіршілігі кәміл және болмысы да басқасының бәрінен озық...” Осыдан көшбасшылық феноменіне қызығушылық туындайды, қазіргі әлемдегі қоғамдық дамудың маңызды мәселелерін түсінуге жол ашылады.

Ойлан!

Әл-Фарабидің “Екінші ұстаз” аталу себебін сыныптастарыңмен талқыла.

Ғалымның “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” атты трактатында қалаларды қалай басқару керектігі туралы, олардың көркеюіне, ондағы тұрғындар тұрмысының жақсаруына көмектесу, оларды бақыт жолына бағыттап отыруға қатысты ерте заман ойшылдары айтқан көптеген негізгі қағидаларды қамтитын нақыл сөздер берілген.

Әл-Фараби, Ибн-Сина, Бируни секілді ойшылдардың сан-салалы еңбектері Орталық Азиядағы мұсылмандық өркеніеттің асыл маржандары болып табылатын Махмұт Қашқаридың “Түркі тілдерінің сөздігі”, Жүсіп Баласағұнның “Құтты білігі”, Ахмет Нүгінекидің “Ақиқат сыйы”, Ахмет Ясауидің “Диуани Хикметі” сияқты тарихи шығармаларының пайда болуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Орта ғасырлардың қоғамдық ой-дүниесіндегі көрнекті тұлғалардың бірі Жүсіп Баласағұни болды. Ол өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді. Оның “Құтты білік” атты дастаны — “боғрахан тілінде” (түркі тілі) жазылған өмірлік ақыл-ойдың ескерткіші. Дастанда, ақыл-парасат, білімділік адамға тән болуға тиіс құндылықтардың барлығынан да жоғары қойылады.

Орталық Азиядағы мұсылмандық өркеніеттің тағы бір көрнекті өкілі — 1029—1101 жылдары өмір сүрген жерлесіміз Махмұт Қашқари. М.Қашқаридың бізге жеткен басты шығармасы —



Исмаил Самани және Айша бибі кесенелері

“Диуани лұғат ат-түрк” түркі тілдерінің сөздігі болып табылады. Бұл тамаша энциклопедиялық туынды 1072—1078 жылдары Бағдатта жазылған.

Түркі даласының төл перзенті, ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауи — қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ерекше тұлға. Ол бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеді. XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған Қожа Ахмет Ясауидің “Диуани хикметі” (“Даналық кітабы”) — оғыз-қыпшақ тілінде жазылған әдеби төл туынды. Өз хикметтерінде Ясауи ақиқатты жырлап, ислам дінінің құндылықтарын дәріптеді.

Сәулет өнері. Орта Азияда IX—X ғасырларда салынған сәулет өнері ескерткіштерінің біздің заманымызға дейін сақталып қалғандары өте аз. Оның себебі IX ғасырдағы ескерткіштердің көбі жай балшықтан құйылған. Ал құйдірілген кірпіштен салынған саманилер дәуірінің ескерткіштері жақсы сақталған. Соның бірі — Бұхара қаласындағы Исмаил Самани кесенесі. Варахша және Афрасиаб қалаларындағы сәулет ескерткіштері де жақсы сақталған. X ғасырдағы Орта Азия сәулет өнері, негізінен, мешіттер мен мұнаралардан тұрады. Соның бірі Бұхара қаласындағы Қалаян мешітінің жанындағы мұнара 1127 жылы Қарахандар әулетінен шыққан Арслан ханның әмірімен салынған. Хорезм қаласында XI—XIII ғасырларда салынған бірқатар сәулет ескерткіштері сақталған. Олар: Боранкала, Наибкала, Қабаткала, сонымен қатар Үргеніш қаласындағы Фахруддин Рази кесенесі, Бұхара маңындағы Раб-и-Мелик керуен сарайы Текеш Хорезмшах жерленген кесене.

Бейнелеу өнері де өркендеді, XV—XVII ғасырларда Самарқан, Бұхара қалаларында кітап миниатюрасы дамыды. Осы кезеңдегі Орта Азия өнерінің тарихында Бұхарадағы кітап миниатюрасы және ағаш пен тасқа ою-өрнек салу мектебі көрнекті орын алды. XIV ғасырдың соңында — Әмір Темір дәуірінде Орта Азияда қала салу, суландыру жүйелерін құру, керуен сарайлар, медреселер, діни ғимараттар тұрғызу ерекше қолға алынды. Олардың санатында сол дәуір сәулетшілерінің тамаша туындысы — Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар. Ол құрылысты Темір бастап салғызып, Ұлықбек аяқтаған. Ортағасырлық Орта Азия мәдениеті дүниежүзілік өркендетке өз үлесін қосты.

Ойлан!

Шығыстық бейнелеу өнерінің ерекшелігі қандай?

Білімді тексер:

1. Орта ғасырлардағы Орта Азия елдерінің көрнекті ғұлама ғалымдарын ата.
2. Шығыстағы сәулет өнерінің ерекшелігі неде?

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Хижра сөзінің мағынасы:
 - а) елшілік;
 - ә) қоныс аудару;
 - б) орынбасар;
 - в) исламның жеңісі.
2. Меккеліктер мен медивеліктер арасындағы алғашқы шайқас қай жерде өтті?
 - а) Мекке түбінде;
 - ә) Медине түбінде;
 - б) Бадр түбінде;
 - в) Ухуд түбінде.
3. Төртінші “тақуа халифті” ата:
 - а) Әбу Бәкір;
 - ә) Осман;
 - б) Әли;
 - в) Омар.
4. Араб халифатында ең алғаш монархиялық билік қай әулеттің тұсында қалыптасты?
 - а) омейялар;
 - ә) аббасилер;
 - б) фатимилер;
 - в) зайдиттер.
5. Кресшілер мемлекеттерінің Таяу Шығыстағы саяси жағдайға ықпалы қандай болды?
 - а) кресшілер Таяу Шығыстағы саяси жағдайды толықтай өз қолдарында ұстады;
 - ә) кресшілер мұсылман мемлекеттеріне өз билігін жүргізді;
 - б) кресшілер мұсылмандарды бір-біріне айдап салып отырды;
 - в) кресшілердің кішігірім мемлекеттері Таяу Шығыста аса бір маңызды саяси фактор бола қойған жоқ.
6. 1203 жылы болған шайқаста Темучиннің әскері кімдерді ойсырата жеңді?
 - а) меркіттерді;
 - ә) татарларды;
 - б) керейіттерді;
 - в) таңғұттарды.
7. Шыңғыс хан мемлекетінде әскери билік пен азаматтық биліктің арақатынасы қандай болды?
 - а) азаматтық билік арнайы шенеуніктердің, ал әскери билік қолбасшылардың қолында болды;
 - ә) азаматтық билік әкімшілік аппараттың қолында, ал әскери билік әскери шенеуніктердің қолына болды;
 - б) азаматтық билік өкілдері әскери істерді де басқарды;
 - в) әскери басшылар азаматтық істермен де айналысты.
8. Моңғолдар Цзинь империясын толықтай қай жылы талқандады?
 - а) 1211 ж.;
 - ә) 1227 ж.;
 - б) 1233 ж.;
 - в) 1234 ж.

9. Моңғолдар тарихында 1227 жылы қандай оқиға орын алады?
- а) Шыңғыс хан Хорезм мемлекетін толықтай жаулап алады;
 - ә) Орта Азияның негізгі қалалары үшін шайқас жүреді;
 - б) Хорезм шахы қолға түсіріледі;
 - в) моңғол империясының ханы Шыңғыс хан дүниеден өтеді.
10. Моңғол әскерінде ұланды не деп атады?
- а) нойон;
 - ә) нөкер;
 - б) барұнғар;
 - в) кешіктен.
11. Моңғол әскерінің негізгі түрі:
- а) жаяу әскер;
 - ә) гоплиттер;
 - б) ауыр қаруланған жаяу әскер;
 - в) атты әскер.
12. Шыңғыс ханның діни саясаты қандай болды?
- а) қол астындағы халықтарға діни еркіндік берді;
 - ә) қол астындағы халықтардың діндерін еркін ұстануына тыйым салды;
 - б) моңғол империясының барлық халықтарына ортақ дін енгізді;
 - в) Шыңғыс хан дін мәселесімен мүлдем айналыспады.
13. Шыңғыс хан құрған империяның арқасында орын алған өзіндік бір жаһанданудың қандай кері салдары болды?
- а) Қытайдан Еуропаға оба дерті тарады;
 - ә) таңғұт халқы қырылып қалды;
 - б) Шыңғысқа Батыстан материалдылыққа негізделген кері құндылықтар тарады;
 - в) моңғол халқы өз дәстүрлерінен айырылып қалды.
14. Ортағасырлық Қытайдағы ең қуатты орталықтанған мемлекет:
- а) Суй империясы;
 - ә) Сун империясы;
 - б) Тан империясы;
 - в) Цзинь империясы.
15. Ортағасырлық Жапонияда қалыптасқан ең алғашқы сегунат:
- а) Минамото сегунаты;
 - ә) Тайра сегунаты;
 - б) Асикага сегунаты;
 - в) Токугава сегунаты.
16. Осман мемлекетінің негізін қалаған тайпа:
- а) оғыз;
 - ә) селжүк;
 - б) қайы;
 - в) қанлы.
17. Ғазауат соғысының мәні:
- а) дін жолындағы соғыс;
 - ә) еркіндік жолындағы соғыс;
 - б) жер үшін соғыс;
 - в) басқыншылық соғыс.

18. Ұлы Жібек жолының қалыптасуына қай қытай саяхатшысының батысқа саяхаты ықпал етті?
- Сыма Цянь;
 - Чжан Цянь;
 - Сюань Цзянь;
 - Ян Цзянь.
19. Түркілер дәуірінде Жібек жолы бойымен сауданы, негізінен, қай халық жүргізді?
- түркілер;
 - соғдылар;
 - византиялықтар;
 - қытайлықтар.
20. Ортағасырлық Шығыста қандай өркениеттік аймақтар болды?
- мұсылман өркениеті, үнді өркениеті және Қиыр Шығыс өркениеті;
 - араб өркениеті, қытай өркениеті, түркі өркениеті;
 - парсы өркениеті, жапон өркениеті, үнді өркениеті;
 - Орталық Азия өркениеті, Еуразия өркениеті, Таяу Шығыс өркениеті.
21. Ортағасырлық Қытайда өмір сүрген діндер:
- буддизм, конфуцийшілдік және даосизм;
 - конфуцийшілдік, даосизм, легизм;
 - конфуцийшілдік пен даосизм;
 - буддизм мен даосизм.
22. Орта ғасырларда Халықтардың Ұлы қоныс аударуына түрткі болған Азиядан шыққан көшпелілер:
- вандалдар;
 - остготтар;
 - франктер;
 - ғұндар.
23. Франк мемлекетінің негізін қалаған кім?
- Карл Мартелл;
 - Гуго Капетта;
 - Хлодвиг;
 - Ұлы Карл.
24. Константинополь қаласындағы Византия архитектурасының тамаша туындысы — храм:
- Қағба;
 - Әулие София;
 - Василий Блаженный;
 - Пантеон.
25. Юстинианның билік құрған жылдары:
- 524—566 жж.
 - 527—565 жж.
 - 527—564 жж.
 - 523—565 жж.
26. Варягтардың князі Рюриктің Новгородқа князь болуға шақырылған жылы:
- 862 ж.;
 - 882 ж.;
 - 907 ж.;
 - 988 ж.

27. Русь христиан дінін қабылдап алды:
- Александрия Папасынан;
 - Перусалим Патриархынан;
 - Константинополь Патриархынан;
 - Рим Папасынан.
28. Әскери қызмет атқарғаны үшін берілетін жер иелігі:
- обет;
 - феод;
 - оброк;
 - титул.
29. Шаруаның қожайынына азық-түлікпен немесе ақшамен жүйелі түрде төлеп отыратын міндеткерлігі:
- салық;
 - оброк;
 - жарна;
 - айып.
30. Барлық дін иелері кірген топ:
- рыцарьлар;
 - көпестер;
 - шаруалар;
 - дін иелері.
31. Сословия дегеніміз —
- бірнеше тайпалар бірлестігі;
 - құқығы мен міндеткерлігі бірдей адамдардың үлкен тобы;
 - императорлар мен корольдардың одағы;
 - қолөнершілер одағы.
32. Қалада бір жыл, бір күн өмір сүрген адам —
- бас бостандығын алды;
 - қожайынды таңдау құқығын алды;
 - қолөнердің бір түрін иеленді;
 - хартия тағайындаған ережелерге бағынды.
33. Тауар шаруашылығы:
- әскерде қызмет еткені үшін берілетін шаруашылық;
 - қолөнершінің шеберханасы;
 - өнім сатуға нарыққа шығарылып, ақша арқылы айырбасталатын шаруашылық;
 - өзі тұтыну үшін өндірілетін шаруашылық.
34. Бірінші крест жорығы басталған жыл:
- 1095 ж.;
 - 1096 ж.;
 - 1097 ж.;
 - 1098 ж.
35. Бірінші крест жорығын ұйымдастырған Рим Папасы:
- II Урбан;
 - III Иннокентий;
 - IX Людовик;
 - VII Григорий.

- 36. 1358 жылы болған оқиға:**
 а) Франция мен Англияның арасында бітімнің жасалуы;
 ә) Пуатье түбіндегі ұрыс;
 б) Жакерия көтерілісі;
 в) Англиядағы шаруалар көтерілісі.
- 37. 1381 жылы болған оқиға:**
 а) Фландрия жағалауындағы Слейс түбіндегі ұрыс;
 ә) Крейси түбіндегі ұрыс;
 б) Уот Тайлер көтерілісі;
 в) Франциядағы шаруалар көтерілісі.
- 38. Жүзжылдық соғыстың Франция үшін себептері:**
 а) Англиядан Аквитанияны тартып алу;
 ә) Солтүстік Америка жерлерін жаулап алу;
 б) Англияның бір бөлігін жаулап алу;
 в) Англияға қарызын қайтарудан бас тарту.
- 39. XV ғасырда Англияға қарсы азаттық күресін басқарған король:**
 а) Жанна д'Арк;
 ә) VII Карл;
 б) Гильом Каль;
 в) III Эдуард.
- 40. Францияның бірігуі аяқталған кез:**
 а) XV ғасырдың аяғы;
 ә) XIV ғасырдың басы;
 б) XVII ғасырдың аяғы;
 в) XVI ғасырдың аяғы.
- 41. XIV ғасырдағы Англия парламентіндегі екі палата:**
 а) сенат, қауымдар палатасы;
 ә) дума, мәжіліс;
 б) лордтар, өкілдер палатасы;
 в) лордтар, қауымдар палатасы.
- 42. Францияда Жакерия көтерілісі болған жыл:**
 а) 1358 ж.;
 ә) 1302 ж.;
 б) 1376 ж.;
 в) 1339 ж.
- 43. Жүзжылдық соғысқа қатысқан мемлекеттер:**
 а) Англия мен Франция;
 ә) Франция мен Польша;
 б) Германия мен Ресей;
 в) Англия мен Германия.
- 44. Францияда мемлекеттік тіл ретінде француз тілін енгізген король:**
 а) XI Людовик;
 ә) I Франциск;
 б) Ришелье;
 в) XVI Людовик.
- 45. Орта ғасырлардағы көпшілікті құрайтын әлеуметтік топ:**
 а) қалалықтар;
 ә) шаруалар;
 б) қолөнершілер;
 в) малшылар.

46. Еуропадағы абсолютизм қай ғасырда өзінің толық гүлдену деңгейіне жетті?
- XV ғ.;
 - XVI ғ.;
 - XVII ғ.;
 - XVIII ғ.
47. Абсолютизмнің негізгі белгілері:
- феодалдық бытыранкылықты күшейту;
 - билікті сайланбалы ұйымдарға беру;
 - шет аймақтарды қосып алу;
 - феодалдық аксүйектердің тәуелсіздігін сақтау.
48. XV ғасырда Батыс Жер шарын ашқан кім?
- X. Колумб;
 - Дж. Кук;
 - А. Веспуччи;
 - Марко Поло.
49. XVI ғасырда жерді алғаш айналып шыққан кім?
- X. Колумб;
 - Ф. Магеллан;
 - Р. Скотт;
 - Васко да Гама.
50. Испанияның гуманист жазушысы Мигель де Сервантестің әйгілі романы:
- Дон Кихот;
 - Дон Жуан;
 - Утопия аралы;
 - Гамлет.
51. “Мона Лиза” (Джоконда) картинасының авторы кім?
- Леонардо да Винчи;
 - Рембрандт;
 - Дюрер;
 - Рафаэль.
52. “Гуманизм” сөзінің мағынасы:
- құдайшыл;
 - адамгершілік;
 - табиғи;
 - жануар тектес.
53. Гуманистік дүниетаным алғаш рет қалыптасқан ел:
- Нидерланды;
 - Германия;
 - Италия;
 - Франция.
54. Католик дініне қарсы ілімді уағыздаушылар:
- индугенция;
 - инквизиция;
 - еретик;
 - аутодафе.
55. Шіркеудің күнәні кешіру туралы арнаулы грамоталары:
- индугенция;
 - анафема;
 - бұйна;
 - инквизиция.

56. Германиядағы реформация көсемі:
- а) Мартин Лютер;
 - ә) Жан Кальвин;
 - б) Ян Жижка;
 - в) Ян Гус.
57. Христиан дінінің басты кітабы:
- а) Құран;
 - ә) Інжіл;
 - б) Таурат;
 - в) Көне өсиет.
58. 1600 жылы шіркеу соты Джордано Бруноны:
- а) дарға асты;
 - ә) ақтады;
 - б) кешірім жасады;
 - в) өртеді.
59. Орта ғасырлардағы астрономия мен химия білімінің толығып жинақталуына ықпалын тигізген ғылым салалары:
- а) география мен тарих;
 - ә) діни білім мен өнертану;
 - б) ботаника мен биология;
 - в) астрология мен алхимия.
60. Батыс Еуропада XII—XIII ғасырларда университеттерде оқу қай тілде жүргізілді?
- а) француз;
 - ә) неміс;
 - б) ағылшын;
 - в) латын.

Орта ғасырлар тарихы бойынша пайдаланылған әдебиеттер

1. Гумилев Л.Н. Монғолдың құпия шежіресі. А., 1998.
2. Қ.Т. Жұмағұлов, Р.С. Мырзабекова Орта ғасырлар тарихы. А., Қазақ университеті, 2015, — 254 б.
3. Жұмағұлов Қ.Т. Каталаун даласындағы ғұндар мен Батыс әлемінің шайқасы туралы (латын хроникалары бойынша) — “Тарихи дерек. Археология және деректану мәселелерінің атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары”. — А., Қазақ университеті, 2007, 25-37 бб.
4. Зардыхан Қинаятұлы. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. А., 2010
5. Қартабаева Е.Т. Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы. — 330 б. — А., Қазақ университеті, 2015.
6. Қартабаева Е.Т. Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы. 254 б. — А., Қазақ университеті, 2016.
7. История Востока. Т. 2.3. М., 2005.
8. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы. А., “Қазақ университеті” 2007.
9. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы және капитализм генезисі мәселелері. А., “Қазақ университеті” 2003.
10. Орта ғасырлар тарихы. под ред. С.П. Карпова, Т.1, М., 2001.
11. Тортаев С.Ә. Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы. — 400 б. — А., Нұр-Пресс, 2009.
12. Тортаев С.Ә. Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы. Оқулық. А., 2009
13. Шабани Риза. Иран тарихы. А., 2002.

Учебное издание

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна
Мырзабекова Рыскелды Саламатовна
Картабаева Ерке Тамабековна**

ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

(на казахском языке)

Учебник для 7 классов общеобразовательных школ

Оқулықты безендіруге суретші *А. Дузелхановтың*
еңбектері пайдаланылды

Редакторы *Г. Садықова*
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*
Корректоры *Ж. Мұратова*
Компьютерде беттеген *Н. Сейдахметова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ №5606

Басуға 23.10.18 қол қойылды. Пішімі 70·100^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “SchoolBook Kza”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы
14,19+0,32 қосарбет. Шартты бояулы беттанбасы 58,64. Есептік баспа
табағы 10,43+0,54 қосарбет. Таралымы 4000 дана. Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй**

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

